



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (101)

Астана
2023

БАС РЕДАКТОР

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексенәліұлы

– PhD, ҚР Ұлттық музейінің директоры (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Ұлттық музейі директорының орынбасары (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейінің бас ғылыми қызметкері (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Археология және этнология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университеті, Ө.Х. Марғұлан атындағы Біріккен ғылыми археологиялық орталық директоры (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты, «Ұлттық биотехнология орталығының» Адам генетикасы зертханасының меңгерушісі (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан

– PhD, Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

САБИТОВ
Жақсылық

– PhD, «Жошы Ұлысын зерттеу» зерттеу институтының директоры (Қазақстан)

ДЮПЮИ
Паула

– PhD, Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор, Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гүлнар Аманқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор, Жүсіп Баласағын ат. Қырғыз Ұлттық Университеті, «Айгине» мәдени-зерттеу орталығының директоры (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, Лондон университеті колледжі, Археология институтының археология кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Ұлыбритания)

EDITOR-IN-CHIEF

Aibek Sydykov – PhD, Director of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Akmaral Ibrayeva – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the Kazakhstan National Academy of Natural Sciences, Deputy Director of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Zhaken Taimagambetov – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Chief Researcher of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Zainolla Samashev – Doctor of Historical Sciences, Chief Researcher of the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology of CS MSHE RK (Kazakhstan)

Zhanat Aimukhambet – Doctor of Philology, Professor of the Department of Kazakh Literature of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Ulan Umitkaliev – Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Archaeology and Ethnology of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Victor Merts – Candidate of Historical Sciences, Director of the A.Kh. Margulan Joint Archaeological Research Center (Kazakhstan)

Maxat Zhabagin – Candidate of Historical Sciences, Head of the Laboratory of Human Genetics of the National Center of Biotechnology (Kazakhstan)

Ulan Bigozhin – PhD, Associate Professor of Nazarbayev University (Kazakhstan)

Zhaxylyk Sabitov – PhD, Director of the Institute for the Study of Ulus of Jochi (Kazakhstan)

Paula Dupuy – PhD, Associate Professor of Nazarbayev University (Kazakhstan)

Kara Abdulvahap – Doctor, Professor, Professor at Mimar Sinan University of Fine Arts (Turkey)

Uli Schamiloglu – PhD, Professor of the University of Wisconsin (USA)

Gulnara Aitpaeva – Doctor of Philology, Professor, Director of the Aigine Cultural Research Center of the Zh. Balasagyn Kyrgyz National University (Kyrgyzstan)

Radivojevic Miljana – PhD, Associate Professor of the Department of Archaeology of the Institute of Archaeology of the University College London (UK)

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналиевич

– PhD, директор Национального музея РК
(Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Национального музея РК (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник Национального музея РК (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МНВО РК (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор кафедры казахской литературы Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, заведующий кафедры Археологии и этнологии Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, директор Объединенного археологического научно-исследовательского центра им. А.Х. Маргулана (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор, Заведующий Лаборатории генетики человека Национального центра биотехнологии (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан

– PhD, Ассоциированный профессор Назарбаев университета (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD, Директор научного института "Изучения Улуса Джучи" (Казахстан)

ДЮПЮИ
Паула

– PhD, Ассоциированный профессор Назарбаев университета (Казахстан)

КАРА
Абдулвахап

– Доктор, профессор Университета изящных искусств имени Мимар Синана (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор Висконсинского университета (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор, директор культурно-исследовательского центра «Айгине» Кыргызского Национального университета им. Ж. Баласагына (Киргизстан)

Радивожевич Миљяна

– PhD, ассоциированный профессор Кафедры археологии, Института археологии Университетского колледжа Лондона (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Тарих / History / История

- Гиззатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал губерниясындағы ашаршылық: себептері, жүру барысы және зардаптары
Gizzatov S.M. Famine in the Ural province of 1921-1922: causes, stages and consequences
Гиззатов С.М. Голод в Уральской губернии 1921-1922 гг.: причины, стадии и последствия 6

Археология / Archaeology / Археология

- Байғалиев Ж.Р. Батыс Қазақстанның ортағасырлық қалаларындағы кан арналары және суфалар
Baigaliyev Zh. R. Kan canals and sufas in medieval cities of Western Kazakhstan
Байғалиев Ж.Р. Каналы кан и суфы в средневековых городах Западного Казахстана 24

Этнология / Ethnology / Этнология

- Бейсегүлова А.К. Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы ұлттық құндылықтар мен мәдени мұралар: қолданылуы мен қастерлеу деңгейі
Beysegulova A.K. National values and cultural heritage between the Kazakhs of Uzbekistan and Turkey: the level of use and storage
Бейсегүлова А.К. Национальные ценности и культурное наследие между казахами Узбекистана и Турции: уровень использования и хранения 33
- Рахимов Е.К., Искаков Қ.А. Музейлік этнографияның өзекті мәселелері
Rakhimov Y., Iskakov K. Current problems of the museum ethnography
Рахимов Е.К., Искаков К.А. Актуальные проблемы музейной этнографии 54

- Байбосынова Ү.М. Сыр бойы қазақтарының дәстүрлі эпикалық шығармаларындағы ислам тақырыбы
Baibosynova U.M. Islam in the traditional epic works of the Kazakhs of Syrdarya
Байбосынова У.М. Ислам в традиционных эпических произведениях казахов Сырдарьи 67

- Сайлау А., Жалғасбайқызы Л. Сыр бойындағы ислам құндылықтары
Sailau A., Zhalgasbaikyzy L. Ценности ислама региона Сырдарьи
Sailau A.K., Zhalgasbaikyzy L. Islamic values of the Syr region 87

Музейтану / Museology / Музееведение

- Ақжасарова А.К., Жұмағұлова Қ.Б. ҚР Ұлттық музейінің қорларындағы Ж. Тәшеневтің жеке заттарының топтамасы
Akzhasarova A.K., Zhumagulova K.B. Collection of personal belongings of Zh. Tashenev from the funds of the National Museum of the RK
Ақжасарова А.К., Жұмағұлова Қ.Б. Коллекция личных вещей Ташенева Ж. из фондов Национального музея РК 103

Өнертану / Art history / Искусствоведение

- Батырева К.П., Батырева С.Г. Образ учителя Зая-пандиты в изобразительном искусстве Калмыкии
Batyreva K.P., Batyreva S.G. Қалмақ бейнелеу өнеріндегі Зая-пандита ұстаздың бейнесі
Batyreva K.P., Batyreva S.G. The image of the teacher Zaya-pundita in the visual arts of Kalmykia 110
- Ақсақалова Ж.А. Қазақ хандығы тарихының кескіндеме өнеріндегі көрінісі
Aksakalova Zh.A. Reflection in the visual arts of the history of the Kazakh Khanate
Аксакалова Ж.А. Отражение в изобразительном искусстве истории казахского ханства 123

Тұлғалар / Personalia / Персоналии

- Мұхтар Қожа. Өзбекәлі Жәнібековтің үш хаты
Mukhtar Kozha. Uzbekali Dzhanibekov 's letters
Мұхтар Қожа. Письма Узбекали Джанибекова 137

Біздің музейдің тарихы / История нашего музея / History of our museum

- Нурахметова Г.Б. Предыстория появления музеев в Павлодарском Прииртышье
Nurakhmetova G.B. Павлодардағы Ертіс өңірінде музейлердің пайда болу тарихы
Nurakhmetova G.B. History of the emergence of museums in the Irtysh region in Pavlodar 145

Тарих / History / История

<https://doi.org/10.47500/2023.v14.i2.01>

FTAMP 03.20

Гиззатов С.М.¹

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Астана қ., Қазақстан

¹e-mail: sayalbek@mail.ru

1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: СЕБЕПТЕРІ, ЖҰРУ БАРЫСЫ ЖӘНЕ ЗАРДАПТАРЫ

Аңдатпа: Мақалада 1921-1922 жылдары Орал губерниясындағы ашаршылық мәселесі қарастырылған. Өлкеде орын алған саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар сипатталып, аштықтың себептері анықталған. Зерттеу жұмысында ашаршылықтың зардаптары губерния уездеріндегі демографиялық өзгерістерді бейнелейтін статистикалық мәліметтер арқылы толық көрсетілген. Сонымен қатар ашаршылықпен күрестің жүру барысы, оның нәтижелері зерттелген. Мақалада ашаршылықпен күресу мақсатында ашылған асханалардың жұмысын көрсетуге көңіл бөлінген. Әсіресе ашаршылық салдарын жою бойынша құрылған губерниялық, уездік комиссиялардың қызметі жан-жақты зерделенген. Орал губерниясындағы ашаршылықпен күрестегі халықаралық ұйымдардың, көршілес республикалардың көмегіне қатысты тың мәліметтер келтірілген.

Тақырыпты зерттеу барысында архив қорларындағы 1921-1922 жылдардағы Орал губерниясы бойынша атқару комитеттерінің ашаршылыққа қатысты есептері, ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттердің (Губпоследкомгол) баяндамалары, отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары, құжаттар мен материалдар жинақтары, мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар және тағы басқа құнды деректер пайдаланылған.

Жүргізілген зерттеу жұмысы тек Орал губерниясындағы ашаршылықтың себептерін, салдарын, оны шешудің әкімшілік тәсілдерінің нәтижелілігін ғана көрсетіп қоймай сол кезеңдегі Қазақстанның басқа өңірлеріндегі де аштық мәселесін зерделеу бойынша әдіснамалық көмек көрсетеді.

Кілт сөздер: ашаршылық, Орал губерниясы, Аштыққандарға көмек беру бойынша губерниялық комиссия (Губкомпомгол), Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитет (Губкомпоследгол), Америкалық көмек ұйымы (ARA), Нансен комитеті, демографиялық өзгерістер.

Кіріспе

Отандық тарих ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі – ашаршылық мәселесі. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы ашаршылық тарихы жан-жақты зерттелмеді. Өйткені Кеңес Одағы бірнеше рет орын алған нәубетті коммунизмді құру жолында кездескен қиындықтардың бірі санап, оның шынайы себептері мен зардаптарына үңілуді жөн көрмеді.

Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі XX ғасырдың I жартысында орын алған ашаршылықтарды объективті тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік берді. Алайда күні бүгінге дейін негізгі басымдықтың 1931-1933 жылдардағы ашаршылықты зерделеуге берілгендігі анық байқалады. Ал, 1921-1922 жылдары Ұлы даланы шарпыған нәубеттің себептері, жүру барысы және оның зардаптары назардан тыс қалып қойды. Тарихи деректер осы кезеңде орын алған ашаршылықтың қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, демографиялық дамуына үлкен соққы болғандығын көрсетіп отыр. Мысалы, Мәскеудегі Ашыққандарға көмек беру бойынша Орталық комитет 1922 жылы Қазақстанда барлығы 4 757 552 адамның 2 653 300-інің ашаршылыққа ұшырағандығы туралы мәлімет берді. Сонымен қатар 1921 жылғы 1 қараша – 1922 жылғы 1 шілде аралығында тек Орынбор, Орал, Ақмола, Ақтөбе губернияларындағы ауруханаларда аштықтан 37 657 адамның қайтыс болғандығын атап өтті (Итоги борьбы с голодом, 1922: 205). Бұл текауруханаларда ғана көз жұмған тұрғындар еді. Ал, Ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы М. Әуезов осы уақытта 1 700 000 адамның аштықтан өлгендігі туралы айтты.

1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы

ашаршылыққа қатысты деректердің сан алуандығы, күні бүгінге дейін олардың бір ізге түсірілмеуі тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Сондықтан мыңдаған адамдардың өмірін жалмаған осынау нәубетті жүйелі, әрі кешенді түрде зерттеу үшін әрбір өңірдегі ашаршылықты зерделеу өте маңызды.

Материалдар мен әдістер

1921-1922 жылдары Орал губерниясында орын алған ашаршылықты зерттеуде архив материалдарына басымдық берілді. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА), Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивіндегі (БҚО МА) ізденіс жұмыстары нәтижесінде ашаршылықтың себептерін, жүру барысын, зардаптарын анықтауға мүмкіндік беретін құнды құжаттар табылды.

Ашаршылық тақырыбын жан-жақты ашып көрсетуде 1922 жылы жарық көрген «Итоги борьбы с голодом в 1921-1922 гг. Сборник статей и отчетов», «Бюллетень 3-го Всекиргизского съезда советов» сияқты материалдар жинағы маңызды рөлге ие болды. Бұл еңбектерде Орал губерниясындағы бандалық топтардың қарақшылық шабуылдары, ауыл шаруашылығындағы дағдарыстар, халықаралық ұйымдардың ашаршылықпен күрестегі көмектері туралы мәліметтер жүйеленген.

Еліміздің егемендікке қол жеткізуі бұрын құпия болып келген тарихи құжаттарды жариялауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда 2 томнан тұратын «Қазақстандағы ашаршылық. 1921-1923. Құжаттар мен материалдар жинағында» Орал губерниясындағы ашаршылыққа қатысты құжаттар

молынан шоғырланған.

Тақырыпты зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығымен құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары пайдаланылды. Әсіресе «Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық (архив құжаттарының жинағы)» атты XXVIII томда Батыс Қазақстан облысындағы азық-түлік салығы («продразверстка»), ашаршылық, бандамен күрес бойынша архив құжаттары берілген.

Орал губерниясындағы ашаршылықты ашып көрсетуде объективтілік пен тарихилық қағидалары басшылыққа алынды. Сонымен қатар нәубеттің себептерін, жүру барысын және зардаптарын зерделеуде тарихи-жүйелілік, тарихи-типологиялық, хронологиялық, статистикалық әдістер пайдаланылды.

Талқылау

Қазақстандағы ашаршылыққа қатысты алғашқы еңбектер Кеңес үкіметі құрылып жатқан кезеңде жарық көре бастады. Мысалы, Н.И. Мардаровскийдің 1922 жылы жарыққа шыққан «Голод в Киргизии и борьбанедородами» атты еңбегінде қазақ даласындағы ашаршылықтың басты себебі ретінде қуаңшылық көрсетілген. Автор «Ашаршылық пен кедейлік тек мәдениеті төмен елдерге ғана тән» дей келе өндіріс пен ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөлу қажеттігін алға тартады (Мардаровский, 1922: 6).

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты қалам тербеген С.А. Нейштадт (Нейштадт, 1957), Г.Ф. Дахшлейгер (Дахшлейгер,

1965) сияқты ғалымдар өз еңбектерінде ашаршылыққа қатысты құнды деректер келтірген.

Еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізуі отандық тарих ғылымының бағыт-бағдарын, қағидаларын түбегейлі өзгертті. Бұрын зерттеуге тыйым салынған тақырыптар ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеле бастады. Егер М.К. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, К.С. Алдажұманов (Козыбаев және т.б., 1992), К.А. Берденова, С.И. Иманбердиева (1994), Т. Омарбековтердің (Омарбеков, 1997) еңбектерінде ашаршылықтың әлеуметтік-экономикалық зардаптарына басымдық берілсе, М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиевтің (Асылбеков, Галиев, 1991) монографиясында нәубеттің әлеуметтік-демографиялық салдары кеңінен зерделенген.

2000 жылдан бастап қазақ даласын жайлаған нәубетке байланысты тың еңбектер жарыққа шыға бастады. Мәселен, Б.А. Мусаев (Мусаев, 2006) XX ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысындағы Қазақстандағы ашаршылыққа тарихи, әлеуметтік-саяси талдау жасаса, М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2009) өз еңбегінде 1920-1940 жылдары елімізде жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсерін көрсетті. Ал, тарихшы С. Смағұлова (Смағұлова, 2019) «Ашаршылық қасіреті» атты еңбегінде аштықтың себептерін, зардаптарын көрсетумен қатар Кеңес үкіметінің реформаларына, халықаралық ұйымдардың көмегіне қатысты тың деректер келтірді.

Қазақстандағы ашаршылыққа байланысты шетелдік ғалымдар да қалам тербеген болатын. XX ғасырдың 80-жылдары американдық М.Б. Олкот (Олкот, 1981), англо-американдық Р. Конквест (Conquest, 1986) сияқты

тарихшылар өз зерттеулерін жариялап, қазақ даласындағы ашаршылықтың себептерін И. Сталин бастаған кеңестік биліктің көшпенділердің өмір салтын жете түсінбеуімен байланыстырды. ХХІ ғасырдың басында шетелдік ғалымдар тарапынан Қазақстандағы нәубетке байланысты қызығушылық пайда болып, жаңа еңбектер жарыққа шыға бастады. Франциялық Изабель Огайон (Ohayon, 2006), италиялық Никколо Пианчуола (Pianciola, 2009), германиялық Роберт Киндлер (Kindler, 2014), американдық Мэтью Пейн (Пэйн, URL: <http://history.emory.edu/home/people/faculty/payne-matthew.html>), Сара Камерон (Cameron, 2018) құнды архив құжаттарын пайдалану арқылы Қазақстандағы ашаршылықты Кеңестік биліктің террористік актісі деп бағалады.

1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көтерілгенімен, бұл тақырып өзінің өзектілігін жоймай отыр. Әсіресе елімізде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның құрылуы, көптеген құпия архив құжаттарының жариялануы ашаршылық тақырыбын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Орал губерниясындағы 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың себептері жылдар бойы өңірде орын алған саяси оқиғалармен, қордаланған әлеуметтік-экономикалық мәселелермен тығыз байланысты болды. 1917 жылғы қос революция Орал губерниясындағы саяси жағдайдың күрт өзгеруіне әкеліп соқты. Бір жағынан тәуелсіздік алуға ұмтылған қазақ халқы 1917 жылы Орынбор қаласында І және ІІ Жалпықазақ съездерін ұйымдастырып жатырса, екінші

жағынан 1918 жылдың 15-16 қаңтарында өткен Жұмысшы депутаттардың Орал облыстық съезі өлкеде Кеңес үкіметін орнату туралы шешім қабылдады. Алайда, іс жүзінде билік казак Әскери үкіметінің қолында шоғырланған болатын. Араға уақыт салып, 1918 жылы 18-24 наурыз күндері Орал қаласында Жұмысшы, солдат, шаруа және қазақ депутаттары Кеңестерінің облыстық съезі ұйымдастырылып, контрреволюциялық казак Әскери үкіметі мен Алаш Орда үкіметін тарату және жергілікті билікті өз қолдарына алу жөнінде шешім шығарды. Губерниядағы мұндай өзгерістерге Орал казак әскері оңайлықпен көне қоймады. Нәтижесінде казак Әскери үкіметі 1918 жылғы 28 наурыз күні төңкеріс жасап, билікті басып алды (Гиззатов, 2019: 74-75).

Орал губерниясындағы саяси билікке талас барысында тараптар алма-кезек шабуыл жасаумен болды. 1919 жылы 11 шілдеде В.И. Чапаев бастаған жасақтың Орал қаласында қоршауда қалған әскермен қосылуы қызылдардың губерния орталығын азат етуіне мүмкіндік берді. Осы жылдың 4-26 қазаны аралығында ақтар Орал қаласын қайтадан басып алуға ұмтылғанымен М.В. Фрунзе басқарған қарулы күштерден жеңіліс тапты. Ал 1920 жылдың қаңтар айында қызылдар Орал губерниясын толық бақылауға алды.

XX ғасырдың І ширегінде Орал губерниясының экономикасы біраз қиындықтарға тап болды. Бастапқыда мал шаруашылығы жоғары деңгейде дамыды. Мысалы, 1916 жылы губернияда 426 487 бас жылқы, 1 088 002 бас ірі қара, 3 450 000 бас қой-ешкі, 184 449 бас түйе болған. Осы кезеңнен бастап Ресейлік патша үкіметі әскерге деп мәжбүрлі түрде малдарды тартып әкете бастады. 1918 жылы өлкеде Азаматтық соғыстың басталуына байланысты мал

саны біртіндеп азайды. 1919 жылы губернияның елеулі бөлігі Кеңестер билігіне көшіп, қызылдар мен ақтар алма-кезек тұрғындардың малдарын айдап әкетіп отырды. Кеңес әскері 1919 жылдың аяғында Гурьевті шабуылдауы

салдарынан Орал казактары малдарын оңтүстік бөлікке қарай айдады. Мыңдаған бас мал суықтан тоңуы мен жем-шөптің болмауы салдарынан қырылып қалды. Ал аман қалғандарының бір бөлігі қазақтардың қолына көшті (ҚР ОМА Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 190-193 пп.).

Кесте №1. Орал губерниясындағы мал саны (1916, 1920 жылдар).

Ұлт атауы	Қой	Ірі мүйізді қара	Жылқы	Түйе	Ешкі	Шошқа	Барлығы
1. Қазақтар							
1916 жылы	1 538 595	419 980	185 297	122 630	246 336	0	2 501 441
1920 жыл 1 қараша	615 500	385 150	113 608	62 600	45 500	670	1 223 028
2. Казактар							
1916 жылы	1 097 763	501 830	146 978	37 939	98 866	8 639	1 891 745
1920 жыл 1 қараша	36 800	87 530	17 250	3 050	4 980	9 800	160 310
3. Қоныстанушылар							
1916 жылы	24 123	51 944	27 044	914	2 464	13 797	130 281
1920 жыл 1 қараша	35 300	52 250	18 107	2 050	1 100	15 700	124 507
Барлығы							
1916 жылы	2 670 848	966 754	359 319	161 483	343 266	22 166	4 523 472
1920 жыл 1 қараша	687 600	524 930	148 965	68 600	51 580	26 170	1 507 845

Жоғарыда келтірілген деректерден 1920 жылдың 1 қарашасында Орал губерниясындағы мал санының 1916 жылмен салыстырғанда 4 523 472 бастан 1 507 845 басқа, яғни 3 есеге азайғандығын байқаймыз. Қазақ халқының төрт түлігі 2 есеге, казактардікі 12 есеге азайса, қоныстанушылардың малы өзгеріссіз қалған.

Өлкеде мал шаруашылығынан кейінгі маңызды орынды егін шаруашылығы иеленді. Құнарлы алқапта қара бидай, бидай, тары, сұлы, арпа сияқты дәнді-дақылдар

өсірілді. Тарихи деректерден 1915 жылы Орал губерниясындағы барлық егістік көлемінің 559 073 десятинаы құрағандығын көреміз. Оның ішінде казактар 299 137 десятина, қазақтар 129 142 десятина, қоныстанушылар 149 828 десятина алқапқа егін еккен. 1918 жылдан бастап губерниядағы егістік көлемі азая бастады. Ал, 1919 жылы Азаматтық соғыс қызып тұрған кезеңде егістік алқабының қысқарғандығы сонша, оның көлемі 150 000 десятинадан аспаған (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 193-195 пп.).

Кесте №2. Орал губерниясындағы егістік көлемі (1914, 1920, 1921 жылдар).

№	Уезд атауы	1914 жыл	1920 жыл	1921 жыл жоспары
1	Орал	409 402,3	37 621, 61	52 099, 2
2	Елек		111 408, 59	89 600
3	Жымпиты		16 460, 3	24 518
4	Калмыков	94 876, 4	1 373, 26	5 000
5	Гурьев		-	2 000
6	Совхоз және колхоздар	-	-	19 750, 5
	Барлығы	505 293	166 858, 76	192 967, 7

Архив деректерінен 1914 жылмен салыстырғанда 1920 жылы Орал және Елек уездерінде егістік алқабының 3 есеге, Жымпиты және Калмыков уездерінде 5 есеге азайғандығын байқаймыз. Сонымен қатар 1920 жылы көктем мен жазда жауын-шашын болмағандықтан құрғақшылық орын алды. Бұл өз кезегінде егін өнімінің төмен болуына әкеліп соқты. Қарастырылып отырған кезеңде Орал губерниясында орташа есеппен алғанда 1 десятинадан небәрі 10-15 пұт астық алынды.

1920 жылдың күзінде өлкеде астық қоры сарқыла бастады. Тіпті егін жақсы шыққан 1917, 1918 жылдардан қалған өнім де таусылып біткен болатын. Осы уақытта қалыптасқан қиын жағдайды ескермеген Азық-түлік бойынша Халық комитеті (Наркомпрод) Орал губерниясына 2 000 000 пұт астық салғыртын салды. Осыған байланысты азық-түлік агенттері шаруалардың қолындағы соңғы астықтарын тартып алды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 199-п.).

Қазақстанның батыс өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдай күн санап қиындай берді. Нәтижесінде 1921 жылғы 2 қаңтарда құрамында Гурьев, Калмыков аудандары, Орал, Жымпиты, Елек уездері бар Орал губерниясы мен Қалмақ, Торғын, Нарын, I-II Теңіз округтері кіретін Бөкей губерниясы

ашаршылыққа ұрынған губерниялар тізіміне енгізілді (ҚР ОМА, Р-320 қоры, 1 тізбе, 29 іс, 9 п.). Орал губерниялық атқару комитеті 1921 жылы 19 ақпан күні «Красный Урал» газеті арқылы жариялаған «Шаруаларға, казактар мен қырғыздарға!» деген үндеуінде: «Шаруалар мен жұмысшылар үш жылға созылған азаматтық, революциялық соғыстың зардабын тартуда. Егіннің шықпауына байланысты Оралда нан жоқ. Балалар, мүгедектер, кедейлер, қызыләскер отбасылары ашаршылыққа тап болды. Барлық болыстар мен ауылдардағы азық-түлігі бар шаруалар артық астығын шығарып, аш отырған ауылдарға тамақ беруі қажет. Барлық көмбені ашуымыз керек», – деп ашық жазды (Рабочим, казакам и киргизам, 1921: 2).

Уақыт өте келе Орал губерниясындағы ахуал асқына берді. 1921 жылы көктемде губерния тұрғындарының жартысы ашықса, қалған $\frac{3}{4}$ бөлігі егін егуге қажет тұқымсыз қалды. Губерниялық азық-түлік комитеті (Губпродком) егістікке деп 420 000 пұт дәнді-дақыл тұқымын халыққа таратқанымен алдын ала құрылған жоспар орындалмады. Өйткені 1921 жылдың көктемі мен жазында өткен жылғы көрсеткіштен асып түскен құрғақшылық орын алды. Жауын-шашынның болмауына

байланысты 1921 жылы маусым айының басында егістік күнге күйіп кетті. Қалған бөлігін шамадан тыс көбейіп кеткен тышқан, шегірткелер жеп қойды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 200-п.).

Орал губерниясындағы ашаршылықтың күшеюіне Кеңес үкіметіне қарсылық білдірген бандалық топтардың бас көтерулері әсер етті. 1921 жылы сәуірде Гурьев уезінде жергілікті милиция мен әскердің қатысуымен бүлік жасалып, бірнеше станицалардағы коммунистер тұтқындалды. Кеңес билігі тез арада бүлікті басып-жаншығанымен Сафонов бастаған 500 адамнан тұратын жасақ елді-мекендерге шабуыл жасай бастады. Мұндай бандалық топтар көбейіп, ауылдарға, теміржол станцияларына, пароходтарға, керуендерге жасалған шабуылдардың саны артты. Көтерілісшілер 1921 жылы 1 маусымда Орал уезіне қарасты Бударин ауылын, бірнеше күннен соң Шипово, Лбішін және Жымпиты елді-мекендерін басып алды. Тек осы жылдың тамыз айының соңына қарай көтерілісшілер басып алған ауылдар қайтадан азат етілді.

Мәселені халықтан күштеп салық жинау арқылы шешуді ойластырған орталық және жергілікті атқарушы билік ашаршылықпен күресуге дайын болмай шықты. Тек, 1921 жылы 8 шілдеде ғана Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің (БОАК) декреті бойынша ашыққан адамдарға жәрдем беру бойынша арнайы комиссия құрылды. Араға он күн салып, яғни 18 шілдеде Қазақстанда да дәл осындай комиссия жасақталды. Елдегі пошталық және телеграфтық байланыстың нашар болуына, ұйымдастыру-түсіндіру жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуіне байланысты өңірлердегі Ашыққандарға көмек беру бойынша арнайы комиссиялар (Губкомпомгол)

да әртүрлі уақытта құрылды. Архив деректерінен мұндай комиссиялардың Ақтөбе губерниясында 1921 жылғы 20 шілдеде, Бөкей губерниясында 4 тамызда, Орал губерниясында 8 тамызда, Орынбор және Семей губернияларында 10 тамызда, Қостанай губерниясында 30 тамызда, Ақмола губерниясында 15 қыркүйекте, Адай уезінде 23 қазанда жасақталғандығын көреміз (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 33-іс, 42-п.).

Аймақтарда Ашыққандарға көмек беру бойынша комиссиялар құрылғанымен, алғашында жергілікті өкілдер нақты шешімдер қабылдауға дәрменсіз болды. Бұл туралы 1921 жылғы тамыз айында Орал губерниялық Ашыққандарға көмек беру комиссиясы төрағасының орынбасары Ширицев өз баяндамасында: «Орталықтан тапсырма түскен бойда шұғыл арада Ашыққандарға көмек беру комиссиясы құрылды. Нақты нұсқаулықтың болмауына байланысты алғашқы күндері жергілікті жерлерде уездік және болыстық Ашыққандарға көмек беру комиссияларын құру жөнінде өкім шығарумен ғана шектелдік», – деп жазды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 157-158-пп.). Одан кейін ашыққан адамдардың санын анықтау мақсатында халық санағын жүргізу, «Ашыққандарға көмек апталығын» ұйымдастыру үшін арнайы үштік ұйымдарын құру секілді қадамдар жасалды (БҚО МА. 312-қ., 1-т., 62-іс, 82-п.).

Жергілікті билік ашаршылықпен күресу мақсатында қаржылай және азық-түлік күйінде қор жасақтау жұмыстарын ұйымдастырды. 1921 жылғы тамыз-қыркүйек айларында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 19 901 679 сом қаражат және әртүрлі әскери бөлімдер мен мекемелерден 201 510 пұт азық-түлік жиналды (БҚО МА. 19-қ., 1-т., 3-іс, 23-п.).

Уақыт өткен сайын ашаршылық та күшейе берді. Ашыққандарға көмек беру комиссиясының 1921 жылғы қазан айында берген мәліметі бойынша Орал

губерниясындағы 524 824 тұрғынның 227 000-ы, яғни халықтың 43,2%-ы ашаршылыққа ұшыраған (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 35-іс, 186-п.).

Кесте №3. Орал губерниясындағы ашыққандар туралы мәлімет (1921 жыл, қазан)

№	Уезд атауы	Барлық тұрғындар	Ашығу пайызы	Ашыққандар	Оның ішінде	
					Ересектер	Балалар
1	Орал	124 037	30%	38 000	20 000	18 000
2	Елек	128 623	70%	90 000	46 500	43 500
3	Калмыков	59 216	70%	42 000	24 000	18 000
4	Жымпиты	92 948	35,5%	33 000	19 000	14 000
5	Гурьев	120 000	20%	24 000	14 000	10 000
	Барлығы	524 824	43,2%	227 000	123 500	103 500

Жоғарыдағы деректен Орал губерниясындағы Елек және Калмыков уездері халқының 70%-ының ашыққандығы анық көрінеді.

Алапат ашаршылық губерниядағы жетім балалар санының көбеюіне әкеліп соқты. Тіпті ашыққан ата-аналар балаларын аман сақтау мақсатында оларды базарлар маңына, көшелерге тастайтын болды. Өйткені олар губерниялық Халыққа білім беру бөлімінің (Губотнароб) қараусыз қалған балаларды құтқарып қалатындығына сенді. Ал, өз кезегінде губерниялық Халыққа білім беру бөлімі далада қалған бүлдіршіндерді балалар үйіне әкеліп, бір бөлігін көршілес губернияларға жөнелте бастады. Мысалы, 1921 жылы 29-30 қыркүйек күндері 1100 бала Смоленск губерниясына жіберілген. Осы уақытта Халыққа білім беру бөлімі Орал губерниясы бойынша барлығы 6 450 баланы аштықтан құтқару мақсатында жұмыстар жүргізіп жатқан еді. Атап айтқанда, Орал қаласында 2 500 баланы, Гурьев уезінде 600, Елек уезінде 750, Калмыков уезінде 450, Жымпиты уезінде 350, Орал уезінде 1 800 баланы есепке алған (БҚО МА. 19-қ., 1-т., 9-іс, 26-п.).

Губерниялық атқару комитеті тарапынан балаларды ашаршылықтан құтқаруға ерекше көңіл бөлінгенімен азық-түлік қоры жеткілікті деңгейде болмады. 1921 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бір балаға айлық норма ретінде $\frac{1}{2}$ фунт нан, $\frac{1}{4}$ фунт балық, $\frac{1}{4}$ фунт сөк және $\frac{1}{2}$ фунт қант белгіленген. Сонымен қатар арасында үсіген картоп пен орамжапырақ берілген. Азық-түліктің осындай жұпыны түрі ашыққан балалардың санының күн санап артуына әкеліп соқты. Мысалы, Елек және Жымпиты уездеріндегі ауруханаларға тәулігіне ашыққан 20-30 баладан түсіп отырған. Елек уезінде 1921 жылғы жаздың өзінде 150 бала аштықтан қаза тапқан (БҚО МА. 19-қ., 1-т., 9-іс, 26-27 пп.).

Ең қиын жағдай 1921-1922 жылдары қыста орнады. Губерния аумағында Кеңес үкіметіне қарсылық танытушы топтардың шабуылы толастамады. В. Серов бастаған бандалық отряд 1921 жылы 21 қарашада Калмыковқа, 17-20 желтоқсанда Гурьевке жорық ұйымдастырды. Қарулы қақтығыс кезінде қызылдар жеңіске жетіп, көтерілісшілерді қазақ даласына

шегінуге мәжбүр етті. 1922 жылы қаңтар-сәуір аралығында В. Серов жасақтарына қарсы Елек, Красноярск, Деркөл, Шипов елді мекендері бойында кескілескен шайқастар өтіп, баңдалық топ мүшелерінің жеңілісімен аяқталды. Өлкедегі қарулы қақтығыстар қарапайым тұрғындарды әбден титықтапты. Қазақ КСР Ашыққандарға көмек беру комиссиясы Мәскеуге осы кезеңде Орал губерниясы бойынша баңдалық топтардың 100-шақты үйді өртеп, 1 000 астам шаңырақты тонап, 2 500 бас малды, 100 000 данадай тасымалдаушы құрал-жабдықтарды (арба, шана және т.б.) тартып әкеткендігі жөнінде мәлімет берген (Итоги борьбы с голодом, 1922: 209). Ал, 1922 жылы 8 қазандағы жағдай бойынша баңдитизм салдарынан 3 360 шаруашылық ойрандалған (Бюллетень, 1922: 13).

Қарастырылып отырған кезеңде Орал губерниясында адам етін жеу фактілері тіркелді. Мысалы, 1921 жылы желтоқсан айында Калмыков уезі Бударин ауылында бір отбасы қызы мен немересін өлтіріп, олардың етін жеген. Ал Елек аудандық Ашыққандарға

көмек беру комиссиясы 1922 жылғы 14 қаңтардағы есебінде: «Кешқұрым көшеге шығу өте қауіпті. Өйткені осы уақытта адамдарды аулау әрекеттері басталады. Әсіресе жағдайы келісті, дене бітімі ірілеу адамдарға шабуыл жасалады... Ашыққандар оларды өлтіріп, кейін жеп қояды...», – деп көрсеткен (Қазақстандағы ашаршылық. 2 т., 2021:161). Құзырлы органдардың мәліметінше, тек 1922 жылғы 1 сәуірден бастап адам жеу үрдісі азая бастаған (Отчет Уральского губернского экономического совещания, 1922: 205).

Орал губерниясындағы ашаршылыққа ұшыраған адамдардың саны күн санап арта берді. 1921 жылы қазанда өлкеде ресми түрде 227 000 адам ашыққандар ретінде тіркелсе, 1922 жылы 10 мамырда олардың саны 378 766 адамға жетті. Олардың ішінде 204 377-сі ересектер болса, 174 389-ын балалар құрады. Қарастырылып отырған кезеңде Орал губерниясында барлығы 524 779 адам болғандығын ескерсек, онда жергілікті халықтың 71,3%-ының ашаршылыққа тап болғандығын көреміз (БҚО МА. 19-қ., 1-т., 33-іс, 11, 33-п.).

Кесте №4. Орал губерниясындағы ашыққандар туралы мәлімет (1922 жыл, 10 мамыр).

№	Уезд атауы	Барлық тұрғындар	Ашығу пайызы	Ашыққандар	Оның ішінде	
					Ересектер	Балалар
1	Орал	91 853	89%	81 749	43 330	38 419
2	Елек	127 204	89%	113 212	58 497	54 715
3	Калмыков	55 947	79%	44 198	25 256	18 942
4	Жымпиты	91 770	81%	72 498	41 744	30 754
5	Гурьев	118 440	40%	47 376	27 636	19 740
6	Орал қаласы	39 565	50 %	19 733	7 914	11 819
	Барлығы	524 779	71,3%	378 766	204 377	174 389

Жоғарыдағы кестеден губерния құрамындағы Орал (89%), Елек (89%), Жымпиты (81%) уездерінің ашаршылықтан қатты зардап шеккендігі байқалады.

1922 жылдың маусым айына қарай Орал губерниясындағы ашыққандардың саны 481 963 адамды құрап, 92%-дық межеге жетті (БҚО МА. 19-қ., 1-т., 27-іс, 26-30-п.). Ал республика деңгейіндегі есептерде өлке тұрғындарының 99%-ының ашыққандығы туралы деректер берілген.

Уақыт өте келе ашаршылықпен күресу мақсатында азық-түлік бөлініп, қоғамдық тамақтандыру шаралары ұйымдастырыла бастады. Мысалы, 1921 жылы тамызда Орал қаласының өзінде 6 000 адамды тамақтандыруға қауқарлы 5 асхана жұмыс жасап тұрды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 157-158-пп.). Алғашында ашыққан адамдарды тамақтандыру үрдісі баяу жүргенімен кейін қосымша қаражат бөлініп, ашаршылықпен күрес науқаны күшейе түсті. Мысалы, 1922 жылы наурыз айында Орал қаласында 52 жабық, 8 ашық асхана жұмыс жасап, онда 12 мың ашқұрсақ бала тамақтанған. Сондай-ақ, бір ғана Орал уезіндегі 92 асханада 12 441 бала тамақ ішу мүмкіндігіне ие болды. Жергілікті билік бір балаға күндік норма ретінде $\frac{3}{4}$ фунт нан бөлді (Борьба с голодом, 1922:2).

Орал губерниясындағы аштықтың күшеюіне түрлі эпидемияның таралуы да әсер етті. Адамдардың жарытып тамақ ішпеуіне және жеуге жарамсыз заттарды талғажау қылуына байланысты жаппай эпидемия басталды. Орал және Калмыков уездерінде ішсүзегі, Жымпиты уезінде тырысқақ аурулары белең алды. Мысалы, 1922 жылы 22 сәуір күні Усов ауылдық фельдшерлік пунктінің меңгерушісі Анакин Орал губерниялық денсаулық сақтау бөліміне жазған

хатында: «Маған сеніп тапсырылған дәрігерлік пунктке қарасты тұрғындар ашаршылықтың кесірінен пайда болған ішсүзегімен ауыруда. Бұл кесел адамдардың арам өлген мал егін жеуімен және олардың сүйектерін қайнату арқылы жасаған тамақтарды талғажау қылуымен тікелей байланысты. Ауылда адам өлімі күн сайын артып келеді. Екі ай ішінде жүз адамдай өлім құшты. Қалғандары азық-түліктің жоқтығына байланысты әбден титықтады. Егер тез арада азықпен қамтылмаса қалғандары да өмірден өтеді», – деп жазды (БҚО МА. 40-қ., 1-т., 14-іс, 122 п.). Бұл тек бір ауылда қалыптасқан жағдай еді. Қалған елді мекендерде де ашаршылық ауыр зардаптар әкелді.

Орал губерниясындағы ашаршылықпен күресте бірқатар халықаралық ұйымдар көмек көрсетті. Мұндай халықаралық қауымдастықтардың көмегінің арқасында аштыққа душар болған адамдарға берілетін азық-түліктің көлемі де артты. Тек 1922 жылғы тамыздың өзінде шетелдік қайырымдылық мекемелері Орал губерниясындағы 314 307 адамға әртүрлі көмек көрсеткен.

Халықаралық ұйымдардың ішінде Америкалық көмек ұйымы (АРА) асқан белсенділігімен көзге түсті. Аталмыш ұйым мен Орал губерниялық атқару комитеті арасында келісім жасалып, тараптар 1921 жылғы 22 қарашада нақты іске кірісті. Әйгілі мекеме балаларды аштықтан құтқару мақсатында 214 асхана ашты. Мысалы, Орал уезінде 12 433 адамға арналған 94 асхана, Елек уезінде 4 720 адамға 55 асхана, Жымпиты уезінде 481 адамға есептелген 15 асхана жұмыс жасады (Саяси., Т.28, 2022: 6). Сондай-ақ, 1922 жылдың сәуір-мамыр айларында ересектерге арналған 180 000 дана азық бөлді.

Орал губерниясындағы ашаршылықпен күресте халықаралық «Нансен миссиясы» немесе «Нансен комитеті» ұйымы да көмек көрсетті. Белгілі норвег ғалымы, мемлекет және қоғам қайраткері Фритьоф Нансен (1861-1930) Кеңес Одағындағы нәубетке бей-жай қарамай әлем елдерін, халықаралық ұйымдарды көмек беруге шақырды. Нәтижесінде 1921 жылы 27 тамызда Мәскеу қаласында Женева конференциясының атынан дәрігер Ф. Нансен мен РСФКР атынан Сыртқы істер бойынша Халық комиссары Г. Чичерин ашыққан тұрғындарға көмек беру бойынша келісімге қол қойды (Қазақстандағы ашаршылық. 1 т., 2021: 77-78). «Нансен комитеті» қайырымдылық мекемесі Орал губерниясына 1922 жылғы наурыз айында 4 565 жәшік азық-түлік пен 14 пұт 13 фунт дәрі-дәрмек, мамырда 21 пұт 38 фунт дәрі-дәрмек, 1922 жылғы қараша – 1923 жылғы қаңтар аралығында 1 500 дана қосымша тамақ түріндегі азық-түлік, 1923 жылғы ақпан-тамыз аралығында 500 дана балаларға арналған азық-түлік берді (ҚР ОМА, Р-1215 қ., 1-т., 21-іс, 58-п.). Осылайша Нансен комитеті өлкедегі ашаршылықпен күресте белсенділік танытты.

Қазақстанның батыс аймағындағы ашыққан адамдарға қол ұшын созған халықаралық ұйымдардың бірі Қызыл Крест болды. РСФКР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы В.И. Ленин 1918 жылы 7 тамызда халықаралық Қызыл Кресттің Ресейлік қоғамы туралы декретке қол қойған еді. Кейін бұл мекеме елдегі саяси өзгерістерге байланысты Кеңестік Қызыл Крест ұйымы деп аталды. Кеңестік билік бұл ұйымды да ашаршылықпен күреске тартуға тырысты. Мәселен, 1922 жылы осы Қызыл Крест қоғамы арқылы Орынбор, Ақмола, Қостанай және

Бөкей губернияларындағы 13 703 адам тамақтандырылып отырды (Бюллетень, 1922:5).

Орал губерниясында орын алған ашаршылықпен күреске өзге кеңестік республикалар да жұмылдырылды. 1921 жылы 31 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің Ашыққандарға көмек беру бойынша Орталық комиссиясы (ЦК Помгол ВЦИК) арнайы ашаршылыққа душар болған аймақтарға жәрдемдесу мақсатында өзара көмек беру жоспарын бекітті. Бұл жоспарға сәйкес Орал губерниясына көмектесетін аймақ ретінде Украина мен Қырым бекітілді. Кейін Большевиктер партиясы губерниялық комитетінің бірнеше қызметкерлері астық тасымалын жеделдету бойынша келіссөздер жүргізу мақсатында Украинаға іссапарға жіберілді (БҚО МА. 19-қ., 1-т., 9-іс, 3 п.).

1921 жылғы 8 желтоқсандағы жағдай бойынша Орал губерниясына Киевтегі «Пищазиков» одағынан 301 пұт 9 фунт бидай ұны, 617 пұт қара бидай ұны, 13 фунт ұн қоспалары, 1 002 пұт 10 фунт кептірілген нан, 4 пұт 16 фунт карамель кәмпиттері, Украиналық Ашыққандарға көмек беру бойынша комиссиясынан 3 954 пұт бидай, 1927 пұт қара бидай, 3 609 пұт арпа, 3 994 пұт сұлы, 20 511 пұт 26 фунт азық-түлік, 93 банка консерві, 487 дана заттар, 31 088 723 сом ақша келді (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 2-іс, 60-п.). Сонымен қатар Украина мен Қырымның Әскери комиссиясы жіберген 2 дәрігерлік-тамақтандыру отряды өз есептерінен 4 000 адамды, Харьков дәрігерлік-тамақтандыру отряды 2 000 адамды тұрақты түрде тамақтандыруды ұйымдастырды (ҚР ОМА, Р-1215 қ., 1-т., 21-іс, 56-п.).

Украинаның өзінде ашаршылықтың басталуына байланысты 1922 жылы 16 наурызда Рязанск губерниясы

Орал және Орынбор губернияларына көмек беруші аймақ ретінде бекітілді. Аталмыш губерния тарапынан 1922 жылдың 10 тамызына дейін 29 745 пұт астық (Орал губерниясына 4 870 пұт, Орынбор губерниясына 24 875 пұт), 1 382 аршын мануфактура, 2 279 775 сом ақшалай көмек ұйымдастырылды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 33-іс, 74-п.).

Көрсетілген көмектерге қарамастан Орал губерниясының тұрғындары қиын жағдайда қала берді. 1922 жылы 8 қазанда Орынборда өткен Кеңестердің 3 Жалпықазақ съезінің 5-ші мәжілісінде Орал губерниясы Атқару комитетінің төрағасы Киселев: «Орал губерниясында ашыққандар саны 400 000 адамдай болды. Орталықтан жоспарлы түрде көмек ала алмағандықтан біз өте-мөте қиын жағдайда қалып, бір-бірімізді жеп қоюға дайын болдық», – деп ашық түрде айтты. Одан әрі өңір басшысы 39 000 адамның аштықтан өлгендігін, ашыққандардың 350 адамды тірілей, 437 адамды өлі күйінде жеп қойғандығын, бұлардың барлығын ресми құжаттармен растай алатындығын ерекше атап өтті.

Қарастырылып отырған кезеңде Орал губерниясында барлығы 438 000 бас мал қалды. Құрғақшылық пен зиянкестердің салдарынан егін шаруашылығы да терең дағдарысты басынан өткеріп жатты. Губерниялық билік 1922 жылғы астыққа деген қажеттілік нормасын 5 172 678 пұт деп белгілегенімен іс жүзінде 1 044 000 пұт өнім ғана алды. Осы жылдың қазан айындағы мәлімет бойынша Орал губерниясында ешқандай малы және егістік алқабы жоқ 60 000 адам ашаршылыққа тап болған (Бюллетень, 1922: 12-13).

1922 жылы 1 қарашадан бастап Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттер (Губпоследкомгол) өз жұмыстарын

бастады. Олардың міндеттеріне халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, төрт түлік малға жем-шөп дайындау сияқты жұмыстарды ұйымдастыру кірді (БҚО МА, 312-қ., 1-т., 78-іс, 18 п.). Губернияға қарасты уездерде ашаршылық салдарын жою бойынша уездік комитеттер (Упоследкомгол) құрылса, болыс, ауылдарда өзара көмек жөніндегі комитеттер жасақталды. Бір қызығы, уездердегі ашаршылықпен күрес жұмыстарын үйлестіру Уездік үштік деп аталатын құрылымға тапсырылды. Мысалы, 1922 жылы қараша айында Орал губерниясына қарасты Калмыков уездік үштігінің құрамына Бисенов, Тінәлиев, Пальгов есімді жергілікті билік өкілдері кірген (БҚО МА, 1704-қ., 1-т., 1-іс. 1-п.).

1921-1922 жылдардағы ашаршылық Орал губерниясындағы халық санының едәуір азаюына әкеліп соқты. Егер губерниядағы тұрғындар саны 1917 жылы 655 097 адамды, 1920 жылы 513 840 адамды құраса, 1923 жылы өңірде 360 058 адам ғана қалды (К итогам переписи, 1923:78). Деректерден Орал губерниясындағы халықтың 1923 жылы 1917 жылмен салыстырғанда 295 039 адамға, яғни 45%-ға қысқарғандығын көреміз. Ал 1920-1923 жылдар аралығында губерния тұрғындары 153 782 адамға кеміген. Бұл үлкен көрсеткіш болып табылады.

Өлкедегі ашаршылық ауыл шаруашылығын дағдарысқа ұшыратқан болатын. Адамдардың аштықтан қаза табуы, бас сауғалап өзге аймақтарға көшуі салдарынан егін егілмей қалды. Дегенмен 1922 жылдың ортасына қарай босқындардың бір бөлігі туған жерлеріне қайтып орала бастады. Орталық билік оларды қарсылап, елді мекендерге орналастыруды жергілікті кеңестерге жүктеді. Ал, 1922 жылдың 1 тамызынан бастап босқындар салықтың барлық түрінен босатылды.

Ашаршылықпен күресу мақсатында қарапайым шаруаларға да түрлі жеңілдіктер жасала бастады. Азынаулақ тұқым қоры бар тұрғындар азық-түлік салығының 50%-ын ғана төлейтін болды. Сонымен қатар 1921-1922 жылдары берілген кредиттерді төлеу мерзімі ұзартылып, бірыңғай салықты төлеу бойынша жеңілдіктер жасалды. Осылайша, 1922 жылы қараша айында жергілікті билік тарапынан Орал губерниялық жер бөлімі (ГубЗО) мен Азық-түлік комитетіне (Губпродком) егін шаруашылығы науқанын жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында қар тоқтату, егістік тұқымдарын дайындау жөнінде тапсырма берілді (БҚО МА, 623-қ., 1-т., 12-іс, 2-п.).

Ашаршылық салдарын жою бойынша Орал губерниялық комитеті ауыл шаруашылығын көтеруден басқа да кешенді шараларды қолға алды. Олардың қатарында қаржылай көмек жинау, тұрғындарды жұмыспен қамту, қираған шаруашылықты қалпына келтіру мәселелері бар еді. Әсіресе аштыққа ұшыраған адамдарды тамақтандыру ісі өзекті болып қала берді.

Қорыта айтқанда, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық Орал губерниясының тұрғындары үшін орны толмас зардаптар әкелді. Бұл гуманитарлық апатқа елдегі азаматтық соғыс, табиғи қуаңшылық, кеңестік биліктің әміршіл-әкімшіл саясаты себеп болған еді. Қолындағы бар мал-мүлкінен айырылған тұрғындардың

түрлі жәндіктерді, өсімдіктерді, тіпті жеуге жарамсыз заттарды қорек қылуы, ең сорақысы өз қандастарын жеуі салдарынан эпидемиялық аурулар пайда болды. Ал, бұл аурулар өз кезегінде ашаршылықтың одан әрі күшеюіне әкеліп соқты.

Орал губерниясындағы ашаршылықтың өршуіне өлкедегі бандитизм де әсер етті. Кеңестік билікке қарсы шыққан наразы топтар жолшыбай кезіккен ауылдарды шауып, тонап кетіп отырды. Қолындағы бар азық-түлігінен, мал-мүлкінен айырылған қара халық ішперге ас, киерге киім таппай зар жылады.

Орал губерниясындағы ашаршылықпен күресте Аштыққандарға көмек беру бойынша комиссияның, одан кейін құрылған Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттің рөлі зор болды. Осы орайда, өлкедегі нәубетке қарсы тұруда Америкалық көмек ұйымы (АРА), Нансен комитеті, Қызыл Крест сияқты халықаралық қайырымдылық мекемелері, сондай-ақ Украина, Ресейдің Рязанск облысының қол ұшын созғандығын атап өткен жөн.

Ең ауыры 1921-1922 жылдардағы ашаршылық Орал губерниясындағы демографиялық ахуалға әсер етіп, тұрғындар санының едәуір азаюына әкелді. Ал бұл өз кезегінде өлкедегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды қиындатып, тіпті рухани тұрғыдан алғанда адамдардың дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдарын қайта қарауға мәжбүрледі.

Дереккөздер

БҚО МА – Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві.
ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.
ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің архиві.

Sources

AP RK – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan.
CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.
WKRSA – West Kazakhstan Regional State Archive.

Әдебиеттер

1. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б., 1991. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг.). Алма-Ата: Ғылым. 192 с.
2. Берденова К.А., Иманбердиева С.И., 1994. Аграрная политика тоталитарного государства как фактор кризисного состояния сельского хозяйства Казахстана. Алматы: Ғылым. 144 с.
3. Борьба с голодом. // Красный Урал. 1922. 15 марта (№49). С. 2.
4. Бюллетень 3-го Всекиргизского съезда советов. 1922. №5. 33 с.
5. Гиззатов С.М., 2019. Жаңабұлақ тарихы. Орал: «Полиграфсервис». 400 б.
6. Дахшлейгер Г.Ф., 1965. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). Алма-Ата: Наука. 345 с.
7. Итоги борьбы с голодом в 1921-1922 гг. Сборник статей и отчетов. 1922. Москва, Кремль. Изд. ЦК Помгол. 499 с.
8. К итогам сельскохозяйственной переписи 1923 г. в КССР. 1925. Оренбург. 181 с.
9. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С., 1992. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. 35 с.
10. Койгелдиев М.К., 2009. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940 гг. Алматы: Искандер. 448 с.
11. Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. 2021. Сост.: С.К. Шилдебай (отв.), З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ». Т. 1. 652 с.
12. Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. 2021. Сост.: С.К. Шилдебай (отв.), З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ», Т. 2. 752 с.
13. Мардаровский Н.И., 1922. Голод в Киргизии и борьба недородами. Оренбург: Кирглавполитпросвет. 28 с.
14. Мусаев Б.А., 2006. Голод в 1921-1922 гг. в Казахстане и ликвидация его последствий. Актөбе: Актөб. гос. педагог. ин-т. 173 с.
15. Нейштадт С.А., 1957. Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР 1917-1937 годах (от докапиталистических отношений к социализму, минуя капитализм). Алма-Ата: Казгосиздат. 378 с.
16. Олкот М.Б. Процесс коллективизации в Казахстане. // Русское ревю. 1981. № 40. С 122-142.
17. Отчет Уральского губернского экономического совещания за период с 1 октября 1921 года по 1 октября 1922 года, 1923. Уральск. 308 с.

18. Омарбеков Т., 1997. 20-30-шы жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат. 284 б.
19. Пэйн М. Советские степи: модернизация и геноцид в Казахстане 1916-1941 гг. // [Электронды ресурс]. URL: <http://history.emory.edu/home/people/faculty/payne-matthew.html> (қаралған күні: 20.06.2023)
20. Рабочим, казакам и киргизам // Красный Урал. 1921. 19 февраля. С. 2.
21. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) / Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 28. Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық (архив құжаттарының жинағы). Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. Астана, 2022. 352 б.
22. Смағұлова С., 2019. Ашаршылық қасіреті. 1-кітап. Алматы: Елтаным. 272 б.
23. Cameron S., 2018. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Ithaca and London: Cornell University Press. 277 p.
24. Conquest R., 1986. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror Famine. Edmonton: The University of Alberta Press in Association with the Canadian Institute of Ukrainian Studies. 412 p.
25. Kindler R., 2014. Stalins Nomaden. Herrschaft und Hunger in Kasachstan. Hamburg. 381 p.
26. Ohayon I., 2006. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. Collectivisation et changement social (1928-1945). Paris: Maisonneuve & Larose-Institut Français d'Études sur l'Asie Centrale. 426 p.
27. Pianciola N., 2009. Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi e costruzione statale in Asia centrale, 1905-1936. Viella. 548 p.

References

1. Asylbekov M.H., Galiev A.B., 1991. Social'no-demograficheskie processy v Kazakhstane (1917-1980 gg.) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917-1980)]. Alma-Ata: Gylym. 192 p. [in Russian].
2. Berdenova K.A., Imanberdieva S.I., 1994. Agrarnaya politika totalitarnogo gosudarstva kak faktor krizisnogo sostoyaniya sel'skogo hozyajstva Kazakhstana [Agrarian policy of the totalitarian state as a factor of the crisis state of agriculture in Kazakhstan]. Almaty: Gylym. 144 p. [in Russian].
3. Bor'ba s golodom [Fighting hunger] // Krasnuy Ural. 1922. 15 march (№49) [in Russian].
4. Bjulleten' 3-go Vsekirgizskogo siezda sovetov [Bulletin of the 3rd All-Kyrgyz Congress of Soviets]. 1922. №5. 33 p. [in Russian].
5. Gizzatov S.M., 2019. Zhanabulak tarihy [History of Zhanabulak]. Oral: «Poligrafservis». 400 p. [In Kazakh].
6. Dakhshleyger G.F., 1965. Sotsial'no-ekonomycheskiye preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana (1921-1929 gg.) [Socio-economic transformations in the aul and the village of Kazakhstan (1921-1929)]. Alma-Ata: Nauka. 345 p. [in Russian].
7. Itogi bor'by s golodom v 1921-1922 gg. Sbornik statej i otchetov [Results of the fight against hunger in 1921-1922 Collection of articles and reports]. 1922. Moskva, Kreml'. Izd. CK Pomgol. 499 p.
8. K itogam sel'skohozjajstvennoj perepisi 1923 g. v KSSR [To the results of the agricultural census of 1923 in KSSR]. 1925. Orenburg. 181 p. [in Russian].
9. Kozybayev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S., 1992. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Alma-Ata: Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov. 35 p. [in Russian].
10. Koygeldiyev M.K. 2009. Stalinizm i represii v Kazakhstane 1920-1940 gg. [Stalinism and repression in Kazakhstan 1920-1940]. Almaty: Iskander. 448 p. [in Russian].

11. Qazaqstandagy asharyshlyq. Golod v Kazahstane. 1921-1923. Sbornik dokumentov i materialov [Famine in Kazakhstan. 1921-1923. Collection of documents and materials]. 2021. Sost.: S.K. SHildebaj (otv.), Z.M. Tolenova, G.M. Karataeva, R.E. Orazov, B.N. Orynbasar. Almaty: «Almaty-Bolashaq». Vol.1. 652 p. [In Kazakh].
12. Qazaqstandagy asharyshlyq. Golod v Kazahstane. 1921-1923. Sbornik dokumentov i materialov [Famine in Kazakhstan. 1921-1923. Collection of documents and materials]. 2021. Sost.: S.K. SHildebaj (otv.), Z.M. Tolenova, G.M. Karataeva, R.E. Orazov, B.N. Orynbasar. Almaty: «Almaty-Bolashaq». Vol. 2. 752 p. [In Kazakh].
13. Mardorovskij N.I., 1922. Golod v Kirgizii i bor'ba s nedorodami [Famine in Kyrgyzya and the struggle with non-breeds]. Orenburg: KirGlavpolitprosvet. 28 p. [in Russian].
14. Musaev B.A., 2006. Golod v 1921-1922 gg. v Kazahstane i likvidaciya ego posledstviy [Famine in 1921-1922 in Kazakhstan and elimination of its consequences]. Aktobe: Aktyub. gos. pedagog. in-t. 173 p. [in Russian].
15. Nejshtadt S.A., 1957. Socialisticheskoe preobrazovanie ekonomiki Kazahskoj SSR 1917-1937 godah (ot dokapitalisticheskikh otnoshenij k socializmu, minuya kapitalizm) [Socialist transformation of the economy of the Kazakh SSR in 1917-1937 (from pre-capitalist relations to socialism, bypassing capitalism)]. Alma-Ata: Kazgosizdat. 378 p. [in Russian].
16. Olcott M.B. Protsess kollektivizatsii v Kazahstane [The process of collectivization in Kazakhstan] // Russkoye revyu. 1981. №40. P. 122-142. [in Russian].
17. Otchet Uralskogo gubernskogo ekonomicheskogo soveshaniya za period s 1 oktyabrya 1921 goda po 1 oktyabrya 1922 goda [Report of the Ural Provincial Economic Meeting for the period from October 1, 1921 to October 1, 1922]. 1923. Uralsk. 308 p. [in Russian].
18. Omarbekov T., 1997. 20-30 zhyldardagy Kazakhstan qasireti [The tragedy of Kazakhstan in 20-30 years]. Almaty: Sanat. 284 p. [In Kazakh].
19. Payne M. Sovetskie stepi: modernizaciya i genocid v Kazahstane 1916-1941 gg [Soviet Steppes: Modernization and Genocide in Kazakhstan 1916-1941]. // [e-source]. URL: <http://history.emory.edu/home/people/faculty/payne-matthew.html> (Accessed: 20.06.2023). [in Russian].
20. Rabochym, kazakam i kirgizam [Workers, Kazaks and Kyrgyz] // Krasnuy Ural. 1921. February 19. P. 2. [in Russian].
21. Sayasi qugyn-surgin kurbandaryn tolyq aqtau zhonindegi Memlekettik komissiyany materialdary (XX gasyrdyn 20-50 zhyldary) / Materialy Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitatsii zhertv politicheskikh repressij (20-50 gody XX veka). T. 28. Oral, Bokej guberniyalaryndagy asharyshlyq (arhiv kuzhattarynyn zhinagy) [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). Vol. 28. Famine in the Ural and Bukeev provinces (collection of archival documents)]. Under the general editorship of E.T Karin. Astana, 2022. 352 p. [In Kazakh].
22. Smagulova S., 2019. Asharyshlyq qasireti [The tragedy of hunger]. 1-kitap. Almaty: Eltanym. 272 p. [In Kazakh].
23. Cameron S., 2018. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Ithaca and London: Cornell University Press. 277 p.
24. Conquest R., 1986. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror Famine. Edmonton: The University of Alberta Press in Association with the Canadian Institute of Ukrainian Studies. 412 p.
25. Kindler R., 2014. Stalins Nomaden. Herrschaft und Hunger in Kasachstan. Hamburg. 381 p.
26. Ohayon I., 2006. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. Collectivisation et changement social (1928-1945). Paris: Maisonneuve & Larose-Institut Français d'Études sur l'Asie Centrale. 426 p.
27. Pianciola N., 2009. Stalinismo di frontiera: colonizzazione agricola, sterminio dei nomadi e costruzione statale in Asia centrale, 1905-1936. Viella. 548 p.

Гиззатов С.М.¹

¹Национальный музей Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан
e-mail: sayalbek@mail.ru

ГОЛОД В УРАЛЬСКОЙ ГУБЕРНИИ 1921-1922 ГГ.: ПРИЧИНЫ, СТАДИИ И ПОСЛЕДСТВИЯ

Аннотация: В статье рассматривается проблема голода в Уральской губернии в 1921-1922 годах. Описаны политические, экономические, социальные проблемы края, определены причины голода. В исследовательской работе последствия голода подробно проиллюстрированы статистическими данными, отражающими демографические изменения в уездах губернии. Показан ход борьбы с голодом, его последствиями. Основное внимание уделено работе пунктов питания, открытых в целях борьбы с голодом. Всесторонне изучена деятельность губернских, уездных комиссий по ликвидации последствий голода. Приведены новые данные о помощи международных организаций, соседних республик в борьбе с голодом в Уральской губернии.

В ходе исследования были использованы отчеты исполнительных комитетов по Уральской губернии за 1921-1922 годы из архивных фондов, доклады губернских комитетов по ликвидации последствий голода (Губпоследкомгол), монографии отечественных и зарубежных ученых, статьи, сборники документов и материалов, опубликованные в периодических изданиях и другие историографические данные.

Проведенная исследовательская работа по данной тематике окажет методологическую помощь по изучению причин, последствий голода, а также результативности административных способов решения проблемы голода не только в Уральской губернии, но и в других регионах Казахстана того времени.

Ключевые слова: голод, Уральская губерния, Губернская комиссия по оказанию помощи голодающим (Губкомпомгол), Губернский комитет по ликвидации последствий голода (Губкомпоследгол), Американская администрация помощи (ARA), Комитет Нансена, демографические изменения.

IRSTI 03.20

Gizzatov S.M.¹

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan
¹e-mail: sayalbek@mail.ru

FAMINE IN THE URAL PROVINCE OF 1921-1922: CAUSES, STAGES AND CONSEQUENCES

Abstract: The article deals with the problem of famine in the Ural province in 1921-1922. The political, economic, social problems of the region are described, the causes of hunger are determined. In the research paper, the consequences of famine are illustrated in detail by statistical data reflecting demographic changes in provinces, counties and villages. The course of the fight against hunger and its consequences is shown. The main attention is paid to the work of food outlets opened in order to combat hunger. The activities of provincial and county commissions for the elimination of the consequences of famine have been comprehensively studied. New data on the assistance of international organizations and neighboring republics in the fight against hunger in the Ural province are presented.

In the course of the study, reports of the executive committees for the Ural province for 1921-1922 from archival funds, reports of the provincial committees for the elimination of the consequences of famine (Gubposledkomgol), monographs of domestic and foreign scientists, articles, collections of documents and materials published in periodicals and other historiographical data were used.

The research work carried out on this topic will provide methodological assistance in studying the causes, consequences of hunger, as well as the effectiveness of administrative ways to solve the problem of hunger not only in the Ural province, but also in other regions of Kazakhstan at that time.

Keywords: famine, Ural province, the Provincial Commission for Famine Relief (Gubkompomgol), the Provincial Committee for the Elimination of the Consequences of Famine (Gubkomposledgol), the American Relief Administration (ARA), the Nansen Committee, demographic changes.

Автор туралы мәлімет:

Гиззатов Саялбек Махамбетұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, ғылыми хатшы,
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі,
Тәуелсіздік даңғ. 54, Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0002-9784-1812

Сведения об авторе:

Гиззатов Саялбек Махамбетович, кандидат исторических наук, ученый секретарь,
Национальный музей Республики Казахстан,
Пр. Тауелсиздик 54. Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0002-9784-1812

Information about the author:

Gizatov Sayalbek Makhambetovich, Candidate of Historical Sciences, Scientific Secretary,
National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Tauelsizdyk Ave. 54, Astana, Republic of Kazakhstan
ORCID: 0000-0002-9784-1812

Археология / Archaeology / Археология

<https://doi.org/10.47500/2023.v14.i2.02>

FTAMP 03.20; 03.41; 03.61

Байғалиев Ж.Р.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

Атырау қ., Қазақстан

e-mail: baigalievzh@mail.ru

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ КАН АРНАЛАРЫ ЖӘНЕ СУФАЛАР

Аңдатпа. Еліміздің тарихы ерте кезеңдерден бастап Дешті Қыпшақ даласын мекендеген халықтардың тарихымен тығыз байланыста дамып келеді. Халқымыз осы уақыт аралығында сан түрлі саяси оқиғалардың куәсі болды. Бүгінде қазақ халқы өзінің терең тарихын, рухани құндылықтары мен мәдени-мұраларын қалпына келтірумен айналысуда. Соның бірі – қазақ тарихының маңызды бөлшегі ретінде алтынордалық ортағасырлық қалалар тарихын айта аламыз. Ұлы Жібек жолының қарқынды дамуы, қала аумағы арқылы сан ғасырлар бойы жолдар, саяхатшылар, миссионерлер, ғалымдар, көптеген саудагерлердің жүруі Орта Азия аумағында қалалық мәдениеттің дамуына түрткі болды. Оған дәлел – қалаларды жылыту жүйелері болған кан арналары және суфалардың салынғандығы, су, кәріз құбырлары және т.б. Мақалада Батыс Қазақстан аумағында орналасқан ортағасырлық қалалар туралы мәлімет келтірілген.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Батыс Қазақстан, тарих, археология, Сарайшық, суфа, кан арнасы, ғылыми зерттеулер.

Кіріспе. Бүгінде тарихшы ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмыстарын Алтын Орда тарихына және сол кезеңдегі Қазақстандағы тарихи ескерткіштер мен қалалардың дамуы мен қалыптасуына байланысты жүргізіп келеді. Еліміздің батыс аймағында бірнеше ортағасырлық қалалар орналасқан. Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде ежелгі замандардан бері халықтар мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысқан.

Ертеден бізге жеткен қалалық өмір, ондағы халықтардың әлеуметтік жағдайы, дамыған ірі-ірі қалалардың тарихи-мәдени аймақтар бөлінісі арқылы көзге түседі. Бұндай аймаққа Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірін, Орталық және Батыс Қазақстандағы ортағасырлық қалаларды жатқызамыз. Қала мәдениетінің дамуына негіз болған фактор ретінде ерте және ортағасырдағы сауда жолдарының дамуын айта

аламыз. Сауданың дамуы қолөнер, зат айырбастау және мәдениеттің дамуына ықпал етті. Қалалар – қолөнер мен сауданың орталығы болды. Елді мекендер шет елдермен, қала маңындағы дала көшпенділерімен алыс-беріс, саудамен айналысты. Ал бұл өз кезегінде қолөнершілік, егіншілік пен мал шаруашылығы, тоқымашылық және тиын жасау шеберханаларының өркендеуіне себеп болды. Сонымен қатар, Қазақстандық археологтар ұзақ жылдар бойы Іле және Жоңғар Алатауы, Іле бойы алқабы, Орталық Қазақстан аймағы, Алтай таулары мен Балқаш бойы, Үстірт жазықтығы, Сырдария және Жайық өзені бойларында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар бұл аймақтарда көне қалалардан Отырар, Тараз, Сығанақ, Сарайшық, Түркістан (Иасы), Қойлық, Сауран, Сайрам қазбаларын зерттеп, тарихи деректерді жариялады (Байпақов, 2007: 5).

Батыс Қазақстанда ортағасырлық қалалар Жайық өзені бойында орналасқан болып, Алтын Орда кезінде Ұлы Жібек жолының қарқынды дамуы нәтижесінде қалаларда мәдениет, ғылым, білім дамуын жалғастырды. Олардан Сарайшық, Жалпақтал және Жайық, Ақтөбе-Лаэти қалаларын айта аламыз. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ортағасырда қалалық мәдениеттің дамығанын байқаймыз (Сагидуллаев, 2022: 159).

Сарайшық – орта ғасырларда шығыс пен батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан, қолөнері мен саудасы дамыған және қала құрылыс саласының өркендеуі, халықтың тұрмысы, мәдениеттер алмасуы орын алған, жазба деректерде Ұлысу деп аталатын ағысы күшті

өзеннің оң жағалауында орналасқан өркениетті қалалардың бірі. Тарихи қала орнында жүргізілген қазба жұмыстары барысында қыш-құмыра фрагменттері, мыс және күміс тиындар, сүйектен жасалған бұйымдар, одан өзге сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тұрғын үй-жайлар, суфалар және кан арналары анықталды. Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында археологиялық зерттеулер XX ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап қолға алынды. 1937 жылы Н.К. Арзютов кешенді қазба жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар С.П. Толстов бастаған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына барлау жасады. 1950 жылы археолог Ә.Х. Марғұлан, ғылыми қызметкер Г.И. Пацевич және фотограф А.А. Попов бастаған топ Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында жүргізген зерттеулері нәтижесінде қала тарихы, Алтын Орда мемлекеті құрамындағы орны және қаланың мәдени қабатына байланысты маңызды мәліметтер келтіреді. Ә. Марғұлан зерттеулерінен кейін Сарайшықты кешенді зерттеу мәселесі кейінге қалдырылып келді. Бұл аралықта XX ғасырдың 70-80 жылдарындағы Л. Галкин зерттеулерін де атап өткен жөн. 1989 жылдан қала орнында археологиялық зерттеулер қайта жаңғыра түсті. Бұл зерттеулерді археолог З. Самашев жетекшілігінде Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізді (Байғалиев, 2022: 21).

Н.К. Арзютов археологиялық қазба жұмыстарын бастамас бұрын қала тарихын әртүрлі деректер негізінде зерттеуді қолға алады. Оның жұмысының негізгі мақсаттарының бірі ортағасырлық

тұрғын үйлер орнын анықтау болды. 1937 жылғы археологиялық қазба жұмыстары барысында «кан» арналары және «суфалар» табылған. Зерттеу нәтижелері «Отчет и дневник о раскопах на месте развалин Золотоордынского города Сарайчик» есебінде келтіріледі. Кешендегі қазба жұмыстары кезінде №13 траншеядан көптеген жәдігерлер табылған. Анықталған бөлмелердің бірінде жылыту пеші және «кан» арнасы толық сақталған¹. Н.К. Арзютов зерттеулерінен кейін Ә. Марғұлан және Л.Л. Галкин де ортағасырлық қала аймағынан кан және суфаларды кездестіреді.

Л.Л. Галкин 1981 жылы Сарайшыққа жасаған барлау жұмыстары барысында Жайық өзені жағасындағы қаланың мәдени қабатын су шайып, көптеген ғимараттар су астында қалғанын келтіреді. Одан өзге барлау кезінде XIII–XIV ғасырға тән мәдени қабат ашылып қалған. Ол шикі кірпіштен салынған ғимараттың қалдықтары болып шықты. Сонымен қатар жағалауда басқа да ғимарат іздері қалған, мысалы жылыту жүйесі болған «кан» арнасы².

Кейінгі жылдары Сарайшықтағы қазба жұмыстары жалғасып отырды. Бұл зерттеулер археолог З. Самашевтың есімімен тығыз байланысты.

1990 жылғы археологиялық зерттеулер нәтижесінде ортағасырлық қаланың мәдени қабатының тереңдігі

¹ Арзютов Н. Отчет и дневник о раскопах на месте развалин Золотоордынского города Сарайчик. АН КазССР институт истории, археологии и этнографии им. Ч. Валиханова. г. Алматы. 1937. – 15 л. // 7 л.

² Галкин Л.Л. Отчет о работе Средне-волжской экспедиции Института археологии АН СССР проведенной в 1975 году в Гурьевской области Казахской ССР. 19 с. / 14 с. Фонд Атырауского областного историко-краеведческого музея. КП 2606

шамамен 3-3,5 м-ге дейін жетіп, оны XII–XVI ғасырларға жатқызады. Одан өзге қаланың мәдени қабатын екі кезеңге бөліп көрсетеді. Олар: төменгі қабат – XII – XIII ғғ. және жоғарғы қабат – XIV – XV ғғ. Ал одан да кейінгі кезең ретінде XVI–XVII ғғ. жатқызады. Сонымен қатар, анықталған тұрғын үйде тандыр мен «кан» жылыту жүйесінің қалдықтары тазартылды. Жылыту «кан» арналары суфалардың біреуінің (немесе екеуінің) астында орналасқан. Ғимарат суфасының жанында қарапайым пеш немесе тандыр болуы мүмкін. Тандырдың қалдықтары №3 нысанда кездесіп, оның негізгі диаметрі 42 см, сақталған биіктігі 28 см, қабырғаларда қалыптың ішкі жағында тарақ тәрізді өрнектер салынған³.

1996 жылғы археологиялық қазба жұмыстары барысында көптеген құнды жәдігерлер анықталды. Н.К. Арзютов және Л.Л. Галкинның жұмыстарымен салыстырғанда 1996 жылғы қазба жұмысы нәтижесінде бірнеше кан арнасы мен суфалар, оған қоса тандыр пештер мен ошақтар анықталған. Қазба жұмыстары туралы «Отчет о работах Западно-Казахстанская экспедиции в Атырауской и Манкыстауской областях в 1996 году» есепте суфалар мен кан арналарына толықтай сипаттама берілген. Кан арнасы және суфа №2 қазба нысанында табылған. Қазба жұмыстары кезінде ені 240 см келетін суфа кездескен. Суфаның оңтүстік бөлігі жақсы сақталған болып, 21x20x6 см өлшемді шикі кірпіштерден пайдаланылған. Ал кан арналары суфаның батыс бөлігі арқылы жүргізілген. Одан өзге бұл аймақтан 4 жылыту мұржалары табылған. Олардың ені 10-15 см-ге тең. Қазба аймағының солтүстік-батысынан ошақ орны анықталып, ол оңтүстіктен

³ ҚР БҒМ ӘМА АИА. 1990 ж., 2 т., 2306 іс., 5 п. // 1-3 п.

келген кан арнасына байланысқан. №2 қазба орнынан осыған ұқсас тағы бірнеше суфа мен кан арналары кездесіп отырған⁴.

1997 жылғы археологиялық қазба жұмыстары 9 секторда жүргізілді. 1996 жылғы қазба жұмыстарымен салыстырмалы түрде аумағы біршама үлкен болды. №12, №21 нысанда жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бөлмелерден 2 суфа орны анықталған. №12 нысан өлшемі 5,40 x 3,65 м, ал қабырға биіктігі 1,5 – 1,7 м. Бөлменің солтүстік-шығыс қабырғасы бойынан тандыр іздері және кан арнасы табылды. Оған қарама-қарсы қабырға бойында екінші суфа анықталған. Ал №21 өлшемі 4,15 x 4,85 м, қабырғасының биіктігі 1,1 – 1,2 м, қалыңдығы 0,75 – 0,87 м. Оның оңтүстік-батыс бұрышында есік ашылған, одан төменде ағаш табалдырықтың іздері сақталған. Тандыр, оның айналасында кан, екі суфа және басқа да интерьерлер орналасқан. Нысанда анықталған суфа өзіндік ерекшелікке ие. Яғни, «...Одна суфа сложена комбинированно: низ – из трех рядов обожженного, а верх – одного ряда сырцового кирпичей, затем полностью обмазана глиной» деп келтірілген⁵.

Одан өзге 2003 жылғы археологиялық зерттеулерде өзенге жақын аймақтардың мәдени қабаты Алтын Орда кезеңіне дейін қазылды. Нәтижесінде 2 түрдегі тұрғын үйлер орны анықталды. Олардың

біріншісі, қазбаның оңтүстік бөлігінде орналасқан 2-4 бөлмелі үйлерден құралған. Қабырғасына саз балшықтан жасалған кірпіштерден пайдаланған. Бөлменің өлшемі 4x5 м болып, суфа және тандыр пештер орналасқан. Суфаның биіктігі 40 см, ал ені 9-150 см болды. Бөлме іші сыланып ақталған. Ал екінші типтегі үйлер қазба аймағының орталық бөлігінде орналасқан. Олар көп бөлмелі үйлер болды. Бұл құрылымдардың қабырғалары көбінесе сазды кірпіштерден басқа, 75x50x20 см өлшемді пахса блоктарын қамтыды. Сонымен қатар, үй-жайларда 2 түрдегі ошақтар байқалды. Бірі тіктөртбұрышты болса, екінші онша үлкен болмаған тандыр пеш көлемінде. Ғалымдардың жоғарыда келтірілген сипаттамалары негізінде тұрғын-жайлар XIV ғасырдың басына келеді. Одан өзге осы жылғы археологиялық қазба жұмыстарында табылған нумизматикалық жәдігерлер негізінде Сарайшықтың саяси-экономикалық жағдайы өзгергенін байқаймыз. Бұл жылғы қазба жұмыстары барысында анықталған суфалардың бір ерекшелігі еден және суфа үстінде қамыс іздерінің сақталғандығы⁶.

Жалпы алғанда 1999 және 2003 жылғы қазба жұмыстары кезінде анықталған суфалар ерекшелікке ие. 1999 жылғы суфада өрнектер байқалған болса, 2003 жылғы суфада қамыс төсеніштері орны байқалған. Ол тұрғындардың әлеуметтік жағдайына байланысты жасалған болса керек.

И. Тасмағамбетов, З. Самашевтың «Сарайшық» атты еңбегінде қала қалыптасу тарихын бірнеше кезеңге

⁴ҚР БҒМ ӘМА АИА. 1996 ж., 2 т., 2463 іс., 438 п. // 77 п.

⁵Самашев З. «Восточный Прикаспий в древности и средневековье. Проблемы трансформации и взаимодействия кочевых и оседлых культур» / Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МН – АН РК на городище Сарайчик в 1997 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі. Алматы, 1998. - 312 с. // 2 с.

⁶«Отчет по договору с РГКП «Хан Ордалы Сарайшық» по теме «Археологические раскопки аварийно-спасательного характера на городище Сарайчик» в 2003 году. Сарайшық музей-қорығы. - Алматы, 2004. - Т.1. – 189 с. // 9 с.

бөліп қарастырады. Қаланың екінші кезеңге тән болған құрылыс нысандарынан П және Г әрпі типті суфалар кездесіп отырған. Сонымен қатар, еңбекте суфа жайлы: «Стены и суфы штукатурились, белились, украшались кошмой и коврами. В ряде домов полы выкладывались красным жженым кирпичом с белоснежной алебастровой расшивкой. Рядом с топкой обычно фиксировалась ташнау, представлявшая собой большой сосуд без дна, полностью врытый в землю, над которым в полу делалась выкладка из обожженных кирпичей с отверстиями...» делінген. Ал үшінші кезеңінде қалада тұрғын үйлер тығыз орналасқан болып, көп бөлмелі кешендер 20x12 м көлемде болса, тұрғын үй бөлмелері 4x5 м болды. Осы кезеңге тән болған үйлер мен суфалардың ерекшелігі төмендегідей: «Некоторые суфы имели топки, характерные для домостроительства бассейна р. Сырдарьи без топочной пол с закладочным отверстием сверху. В жилых помещениях пол был сложен из обожженного кирпича. В архитектуре и внутренних интерьерах сплетаются традиции Нижнего Поволжья, Хорезма и Сырдарьи» (Тасмагамбетов, Самашев, 2001, 62-72).

Батыс Қазақстанда Сарайшықтан басқа ескерткіштер мен ортағасырлық қалалар және шағын қалашықтар кездеседі. Солардың бірі XIV ғасырға тиесілі қалашық Атырау қаласынан 6 шақырымда солтүстік-шығыс бетінде орналасқан Ақтөбе-Лаэти қалашығы болды. Археолог Л.Л. Галкин өзінің негізгі зерттеулерін осы көне қала орында алып барды. Осындай зерттеулерінің бірінде қаланың тұрғын үй кешеніне назар аударды. Яғни, «...что жилые помещения с очагами и отопливаемыми канами, суфами располагались в

восточной части усадьбы, примыкавшей к главной улице поселка». Анықталған ғимараттың батыс бөлігі арнайы тұрмыстық мақсаттарда қолданылған. Зерттеулер нәтижесінде осы аймақтан шыны бұйымдар, сүйектен жасалған заттар, керамикалық ыдыстар, мыс және алтын тиындар анықталған. Алтын Орда дәуіріндегі алтыннан соғылған тиындар хорезмдік тиындар екені белгілі болды⁷. Л.Л. Галкинның 1979 жылғы зерттеулері нәтижесінде 38 ғимарат анықталды. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда үлкен нәтиже болған. Ғимараттардың дерлік көпшілігінде суфалар және кан арналары анықталған. Бірақ кей жағдайларда ұзын кан арналары да кездескен (Сагидуллаев, 2022, 170). Бұл анықталған ғимарат бөлмелерінің өзіндік құрылысы не болмаса көлеміне байланысты болған. Себебі, осыған ұқсас кан арналары Сарайшық, Жалпақтал қалалары орындарында анықталмаған. Бұл да болса Ақтөбе-Лаэти қаласының өз дәуірінде қарқынды дамығандығын көрсетеді.

Жалпақтал қалашығы Батыс Қазақстан облысының Казталов және Жаңақала аудандарының шекарасында, Қарасұқ ауылдық округінде орналасқан. Аумағы 68 гектар. Қалашықтың орталық бөлігінде биіктігі 2 м-ге дейін және диаметрі 50 м-ге дейін бірнеше ірі төбелер, қалған бөлігінде бірнеше ондаған кіші төбешіктер байқалады. Қала орнында 2010 жылы қазба жұмыстары жүргізіліп, 10x10 м аумақта барлау қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл жылғы қазба жұмыстарының ерекшелігі мәдени қабаттаң тарихи жәдігерлердің көп

⁷Талкин Л.Л. Отчет о работах Волго-Уралской экспедиции института археологии АН СССР в 1981 г. Гурьевской области Казахской ССР. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі. 1975. - 22 с. // 17 с.

кездесуі. 2010 жылғы қазба жұмыстары барысында 4000-ға жуық күйдірілген керамикалық ыдыстар анықталды. Келесі жылы №1 қазба аймағында 2010 жылғы жұмыстар одан әрі жалғасты. Қазба жұмыстары барысында төртбұрышты нысан кездесті. Онда кішігірім екі құрылыс орны сақталған. Көлемі – 6,9 – 7,1 x 9,4 м. Оның жанынан суфа ашылды. П – пішіндес келген суфаның батысында тандыр пеш орны байқалған. Суфалар 2012 жылғы қазба жұмыстары барысында да кездескен. Дегенмен олардың барлығы стандартты көріністе болды. Суфа қыштан жасалған бұйымдардың қалдықтарымен толтырылған. Олардың арасынан сүйектен жасалған өлшемі 7,4 x 3,5 см көлемдегі жәдігерлер анықталған (Марискин, 2014: 163-164).

Жалпақтал қаласынан табылған суфалар Сарайшық қаласынан табылған жәдігерлерге қарағанда ерекшеленеді. Жалпы алғанда суфалардың көлемі және сыртқы көріністері ұқсас келгенін байқаймыз. Осыған байланысты М.Н. Сдықов өзінің «Средневековые города бассейна реки Урал» атты еңбегінде Жалпақтал қаласы суфаларының Сарайшық және Жайық қалаларындағы суфалардан ерекшелігі «ташнаудың» кездеспегендігі болды (Средневековые, 2014: 112).

Батыс Қазақстандағы қалалардың бірі – Жайық. Қала орны 2001 жылы профессор М.Н. Сдықов басшылығында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталған. Ал, 2005 жылы «Жайық» деп аталған. Қала орны жалпы 10 гектар

аумақты алып жатыр. Сонымен қатар, екі бөлікке бөлінген. Біріншісі – қала орналасқан аймақ 8 гектар шамасында болса, екіншісі 2 гектар көлемдегі жерлеу орындары. Жайық қаласында жүргізілген қазба жұмыстары барысында тұрғын үй-жайлар, қыш күйдіру орындары, жерленімдер анықталып, олардан сан түрлі құнды жәдігерлер табылған. Одан өзге II – секторынан суфа және кан іздері байқалған. Қазба жұмыстары барысында қыш кірпіштермен қалағандығы белгілі болды. Жанында тандыр пеш орны сақталған. Суфаның көлемі 90 x 30 см, биіктігі 20 см. Жалпы алғанда қала құрылысы оның алтынордалық мекендердің бірі екендігін білдіреді. Сонымен қатар, т.ғ.к. М. Қалменов ескерткіштің археологиялық қабаты бір кезеңнен тұратындығын, сондықтан бұл жерде халық қысқа уақытқа ғана қоныстанған деген пікірде (Қалменов, 2014: 171-191).

Қорыта келгенде, Каспийдің солтүстігі және Жайық өзені жағасында орналасқан ортағасырлық қалалардың құрылысы бір-біріне ұқсас келеді. Жалпы жылыту жүйесі суфа және кан арналарында да тым қатты ерекшеліктер байқалмайды. Бұл қалалардың архитектуралық құрылыс өнері Хорезм және Орталық Азия қалаларына тән. Суфа және кан арналарының қазба жұмыстары кезінде жиі-жиі табылуы аймақта қала құрылысының жоғары дамығандығын көрсетеді. Бұндай қалалар Алтын Орда мемлекетінің қаншалықты өркендегеніне дәлел екені ақиқат.

Әдебиеттер

1. Байпақов К.М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. - 248 бет.
2. Байғалиев Ж.Р. Ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиялық зерттелу тарихынан /магистрлік диссертация жұмысы. – Атырау, 2022. – 70 б.
3. Калменов М.Д. Городище Жайык. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Ежегодник. Вып. 1. / под.ред. Сдыкова М.Н. – Уральск, 2014 – 248 с.,32 с. цв. илл.
4. Марискин Д.В. Городище Жалпактал. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Ежегодник. Вып. 1. / под.ред. Сдыкова М.Н. – Уральск, 2014 – 248 с.,32 с. цв. илл.
5. Сагидуллаев Д.З. Золотоордынские поселения Северо-Восточного Прикаспия: география, топография, домостроительство. Поволжская археология, 2022. - №2 (40). – 159-174 ст.
6. Средневековые города бассейна реки Урал / Ред. М.Н. Сдыков. Уральск: Полиграфсервис, 2014. - 187 с.
7. Тасмағамбетов И. Самашев З. Сарайчик. - Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.

References

1. Baipaov K.M. Ejelgi jáne orta ǵasyrlardaǵy Otyrar. – Almaty: «Qazyǵurt» baspasy, 2007. - 248 bet.
2. Baǵaliev J.R. Ortaǵasyrlyq Saraishyq qalasynyń arheologialyq zerttelý tarihynan /magistrlik disertasia jumysy. – Atyraý, 2022. – 70 b.
3. Kalmenov M.D. Gorodishe Jayyk. Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana. Ejegodnik. Vyp. 1. / pod.red. Sdykova M.N. – Ýralsk, 2014 – 248 s.,32 s. sv. illústr.
4. Mariskin D.V. Gorodishe Jalpaktal. Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana. Ejegodnik. Vyp. 1. / pod.red. Sdykova M.N. – Ýralsk, 2014 – 248 s.,32 s. sv. illústr.
5. Sagidyllaev D.Z. Zolotoordynskie poselenia Severo-Vostochnogo Prikaspiya: geografia, topografia, domostroitelstvo. Povoljskaiia arheologia, 2022. - №2 (40). – 159-174 st.
6. Srednevekoveye goroda baseina reki Ýral / Red. M.N. Sdykov. Ýralsk: Poligrafservis, 2014. - 187 s.
7. Tasmagambetov I. Samashev Z. Saraichik. - Almaty: OF «Berel», 2001. – 320 s.

Байғалиев Ж.Р.

РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык»
г. Атырау, Казахстан
e-mail: baigaliievzh@mail.ru

КАНАЛЫ КАН И СУФЫ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ГОРОДАХ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация. История нашей страны с ранних времен развивается в тесном контакте с историей народов евразийского континента. За это время наш народ стал свидетелем различных политических событий. Сегодня казахский народ занимается восстановлением своей глубокой истории, духовных ценностей и культурного наследия. Одним из них можно назвать историю золотоордынских средневековых городов как важной части казахской истории. Бурное развитие Великого Шелкового пути, многовековые маршруты по территории города, передвижение путешественников, миссионеров, ученых, многочисленных торговцев стимулировали развитие городской культуры на территории Средней Азии. Доказательством тому служат системы каан и суфы, которые являлись системами отопления городов, водопроводные, канализационные трубы и т.д. В статье приводятся сведения о средневековых городах, расположенных на территории Западного Казахстана.

Ключевые слова. Золотая Орда, Западный Казахстан, история, археология, Сарайшык, суфа, кан, научные исследования.

Baigaliyev Zh. R.

RSBSE "State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyq"
Atyrau, Kazakhstan
e-mail: baigaliievzh@mail.ru

KAN CANALS AND SUFAS IN MEDIEVAL CITIES OF WESTERN KAZAKHSTAN

Abstract. The history of our country has been developing since the earliest times in close contact with the history of the peoples of the Eurasian continent. During this time, our people have witnessed various political events. Today, the Kazakh people are engaged in restoring their deep history, spiritual values and cultural heritage. One of them, as an important part of the Kazakh history, is the history of the medieval cities of the Golden Horde. The rapid development of the Great Silk Road, the movement of roads, travelers, missionaries, scientists and many traders through the territory of the city for many centuries stimulated the development of urban culture in Central Asia. This is evidenced by the furnace channel, which were heating systems for cities, also the construction of sufus, water and sewer pipes and etc. The article provides information about medieval cities located on the territory of western Kazakhstan.

Keywords. Golden Horde, Western Kazakhstan, history, archeology, Saraishyq, sufa, kan, scientific research.

Мақала, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған «BR10164208 Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында жазылды.

Автор туралы мәлімет:

Байғалиев Жүніс Рүстемович, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері, магистр

Сведения об авторе:

Байғалиев Жунис Рустемович, Научный сотрудник РГКП «Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық», магистр

Information about the author:

Baigaliev Zhunis Rustemovich, Researcher of the RSBSE "State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyq", Master

Бейсегулова А.К.¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: aika_n75@mail.ru

ӨЗБЕКСТАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН МӘДЕНИ МҰРАЛАР: ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ҚАСТЕРЛЕУ ДЕҢГЕЙІ

Аңдатпа. Мақалада Өзбекстан және Түркия қазақтарының ұлттық құндылықтары мен мәдени мұраларының сақталуы, қолданылуы мен қастерлеу деңгейі берілген. Екі мемлекетте орналасқан қазақтардың этномәдени бірегейлігі өзара салыстырылып, талданады. Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы этномәдени бірегейлік деңгейін мәдени мұралар, ұлттық құндылықтың қолданылуы мен сақтау формалары арқылы талдау. Зерттеу мақаланың мақсатына сәйкес Өзбекстан мен Түркия қазақтары арасындағы этномәдени бірегейліктің деңгейі анықталды, оның қазіргі қолданыстағы және сақталып отырған атрибуттары көрсетілді. Ғылыми-теориялық тұрғыдан диаспора қазақтарының мәдени мұраны сақтау мен қастерлеу мәселесі Г.М. Шелердің, В.Де Гольжак, Г. Лебон сияқты зерттеушілердің тұжырымдарына негізделді. Мақалада Өзбекстан мен Түркия қазақтарының этномәдени бірегейлігі ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларды сақтау формасы арқылы талданды. Бұл ғылыми теориялық тұрғыда арнайы әдебиеттермен зерделенді. Автордың бірнеше жыл бойы Өзбекстан және Түркия қазақтары арасында жүргізген кешенді далалық экспедиция жұмыстарының материалдары пайдаланылған.

Кілт сөздер: диаспора, Өзбекстан, Түркия, этномәдениет, бірегейлік, шежіре, салт-дәстүр, тарихи жады.

Кіріспе

Шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін анықтауда отбасылық естеліктер мен отбасы тарихының маңызы зор. Отбасылық

естеліктер сол әулеттің басынан кешірген тарихына байланысты қалыптасып, уақыт өте келе ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын құбылыс. Бұл естеліктер әр отбасының жеке тарихы

ретінде ерекшеленеді. Мұны тұтастай алғанда толық бір этностың этникалық бірегейлігін сипаттайтын күрделі жүйе десе де болады. Бұл ретте отбасылық тарих көп этностар үшін алғашында тендерлі, отбасылық бірегейлікті көрсеткенімен, қазақ халқының туыстық жүйесі тұрғысынан толығымен этностың этникалық бірегейлігін анықтайды. Отбасылық құндылықтарды этномәдени бірегейліктің бір формасы ретінде түсінетін болсақ, онда Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы бірегейлік деңгейді анықтауда да осы ұлттық құндылық пен мәдени мұраның сақталуы, қолданылуы және қастерлеу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Оны диаспора қазақтарындағы отбасылық дәстүрлер, шежірелер, тарихи орындар, тарихи жадының жаңғыруы арқылы талдаймыз. Сонымен қатар, салт-дәстүрлер мен тұрмыстағы қолданылып келе жатқан заттардағы мәдени маркерлердің көрініс табуынан айғақтауға болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу мақалада Өзбекстан және Түркия қазақтарының ұлттық құндылықтары мен мәдени мұраларды сақтау, оны құрметтеу деңгейі арқылы этномәдени бірегейлігі анықталған. Диаспора қазақтары арасындағы этномәдени бірегейлікті анықтау мақсатында Өзбекстан, Түркия мемлекеттерінде жүргізілген кешенді этнографиялық экспедиция материалдары пайдаланылды. Соның ішінде Түркиядағы Салихлы, Нииде, Зейтүнбұрын, Алтайкөй және т.б. елді мекендерде орналасқан қазақтар арасындағы сұхбаттар, сауалнамалар қолданылды. Сол сияқты, Өзбекстан қазақтарының жоғары және төменгі

Шыршық, Қыбырай, Заравшан қазақтары арасында және елімізге оралған қандастар арасында алынған зерттеу материалдары ұсынылып отыр. Мақалада, тарихи салыстырмалы, этнографиялық бақылау, сауалнамалар мен сұхбат материалдарын салыстыру, талдау, контент сараптамалық зерттеу әдістері қолданылды.

Талдау

Ұлттық құндылықтар мен отбасылық естеліктердің заман өте ауысып, әкеден балаға, ағадан ініге берілуі жөнінде көптеген авторлардың еңбектерінде көрініс тапты. Оның қатарында, әлеуметтік естеліктерді XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Н.А. Бердяев, Вл. Соловьев, П.А. Флоренский, Г.М. Шелер, А. Швейцар және т.б. авторлардың еңбектерінде байқала бастады. Мысалы, Н.А. Бердяев өзінің философиялық шығармаларында адамның шығармашылық белсенділігінің әлеуметтік естеліктегі орнының маңыздылығын атап өтті (Бердяев, 1991: 212). Ал П.А. Флоренский адам жадысын Құдайды танумен (қоршаған ортаны танумен) байланыстырады, М. Шелер болса адамның тарихи жадысын ерекше қасиет ретінде қарастырып, бұл адамның өзін тануға мүмкіндік беретін құрал ретінде түсіндіреді. Ресейлік зерттеушілер Б.Г. Могиляницкий, П.В. Лукина, И.В. Ведющина, И.Г. Коновалова, Б.Н. Устьянцева және Ю.В. Филипповтардың зерттеулерінде тарихи естеліктер этностың қалыптасуында маңызды компонент ретінде аталады (Филиппов, 2002: 122). Мұнда тарихи жадысын, этникалық тиістілігін жоғалтқан этнос мәңгірт ретінде көрсетіледі. В. Де Гольжак әлеуметтік жадыны тарихи

жадымен байланыстырып, жады бұл – тарихилықтың құралы деп анықтайды (Гольджак, 2003: 156). Мұндай естеліктер тек қана тарихи емес, сондай-ақ мәдени естеліктерді біріктіріп, адамның және қоғамның бірегейлігін қалыптастырады деген тұжырымға келеді. Бұл қоғам өмірінде болған оқиғалардың әр адамның қабылдау қабілетіне қарай өз жадысында орын алуы деп айтсақта болады. Нәтижесінде уақыт өте келе әлеуметтік жадыны отбасылық естеліктер құрайтынын байқаймыз.

Жалпы, отбасылық естеліктердегі маңызды оқиғалар тұтастай әлеуметтік естеліктермен байланысты болатыны анық. Осы ретте әлеуметтік психологияның классигі Г. Лебон, Г. Спенсерден кейін әлеуметтік жады жөнінде былай дейді. Ол индивидті өмір бойына ата-бабасының, ата-анасының және қоршаған ортасының ықпалында болады деп анықтайды (Лебон, 2006: 5-115). Осы кезеңде осы қоршаған ортаның ықпалы оның тарихи санасын қалыптастырады. Г. Лебон бұдан әрі нәсілдік бөліністер жөнінде айта келе, нәсілдің әлеуметтік жадысының макро деңгейін ұзақ уақыт ұрпақ арасындағы жадымен байланыстырады. Оның пікірінше нәсілдер тек қана өмір сүріп отырған адамдардан ғана емес, сондай-ақ олардың дүниеден өткен ата-бабаларынан тұрады дейді. Ол өз тұжырымдарында халықтың тағдыры тек қана тірілердің қызметінен емес, өлілердің де әсерінен тұрады. Өлілер тірілерге физикалық тұрғыда септігін тигізбесе де, саналық тұрғыда олардың өмірлік тәжірибесі пайдаланылады. Халық – бұл өткен күннен құралған организм ретінде қалыптасады (Лебон, 2006: 48). Г. Лебонның бұл тұжырымдарын қазіргі этностардың өзін өзі сақтау мәселесінде қарастыратын болсақ, әр

адамның физикалық мүмкіндігінен өткен ата-бабаларының өмірлік тәжірибесі көрінетінін анықтауға болады.

Нәтижелер

Этнологияда әлеуметтік жады этностың өткен өмірін кешенді түрде қарастырады. Оның ішінде дәстүрлі мәдениет пен өзге этностармен қарым-қатынасын және әртүрлі оқиғаларды қамтиды. Бұл арада ұжымдық және отбасылық жадыны ажыратып алу керек болады. Отбасылық тарихи естеліктер өз отбасын, руын және тайпасының өткенін көре білу (Иванец, 2003: 14-17). Бұл өз отбасының қалыптасуы тарихын танып білу үшін бірнеше фактор әсер етеді.

Бірінші фактор – тарихи дискурс болуы шарт. Мысалы, мемлекет көлемінде болған ірі оқиғалардың өз отбасымен байланыстылығы. Бұл тұрғыда Өзбекстан және Түркия қазақтарының тарихи тағдырына елімізде болып өткен, ашаршылық, территориялық бөліністер, қуғын-сүргін, эпидемиялық аурулар, жұттар және т.б. оқиғалар әсер еткенін байқауға болады. Бұл факторды отбасы ішіндегі осы ірі оқиғаларға байланысты әртүрлі әңгімелер, оқиғаларды құрайды. Шетелдегі қазақтар үшін мұндай естеліктер тек бір отбасының ғана емес, тұтас бір рудың тарихын сипаттайды. Осы тұрғыда Өзбекстан қазақтарының рулық құрамы, қалыптасуы мен орналасуын ғалым Б.К. Қалшабаеваның еңбегінде былай деп түсіндіріледі: «Өзбекстандағы қазақтардың негізгі бөлігін ұлы жүз қазақтары құрайды. Олардың басым бөлігі өздерінің ата мекенінде өмір сүріп, 1924-1926 жж. Орта Азия республикаларын ұлттық-территориалдық жағынан межеллеуге байланысты бөгде елдің құрамында қалып, бүгінде «ирредент» деп аталған қауымнан тұрады. Бұларға Ташкент,

Сырдария, Жызақоблыстары қазақтарын жатқызуға болады. Аталған аймақтарда тек ирреденттер ғана емес, миграциямен, яғни саяси қуғыншылықпен не басқа да себептермен кейін көшіп келген диаспора тобы да кездеседі» (Қалшабаева, 2004), ал Қарақалпақстан қазақтары арасында ашаршылық жылдарында босып, Арал теңізін жағалап балық аулап, қазіргі отырған аймаққа келгендерін атап өтсе, келесі бір естеліктер Қарақалпақстан (Бесқала) аймағын Батыс Қазақстан қазақтары сол кезде географиялық ерекшелігіне қарай «Ой» деп атаған. Ал Үстірттің маңы қазақтар үшін «Қыр» деп аталды. Бұл территорияларда көшіп-қонып жүрген қазақтар қыстағы аяздың қатты болуына байланысты кейбір жылдары қыстауға Ойға түсіп кететіндерін айтып отырады (I). Сол сияқты кейбір естеліктерде Қырда шешек деген ауру шығып, соның себебінен Ойда қалып қойғандарын жеткізеді. Мұнымен қоса кейбір жылдары жұттың екі жыл қатарынан келгенін анықтайтын естеліктер бар. Ол Қарақалпақстан қазақтары арасында «Мешін-Тауық» жылы ретінде сақталған. Мешін, тауық жылдарының көшпелі қазақтың тұрмысына қолайсыз келгені жөнінде тарихта көптеген фактілер бар. Халқымыздың ән өнерінде де осындай қиын-қыстау замандар, табиғи апаттардың сипатталғанын байқауға болады (II). Соның бірі Батыс Қазақстан әншілік мектебінің ірі өкілі Қызыл Тұрдалыұлының (1860–1921 жж. Ақтөбе облысында өмір сүрген, 1921 жылы ашаршылықтан қайтыс болған) «Мешін, тауық» әні сақталған. Өнде:

Қазаққа қиын болды мешін, тауық,
Жігітке атқа мінген болды қауіп.
Алаштан ән оздырған Қызыл ағаң,
Үйінен іше алмады көже тауып.

Елдерім-ай! Ерлерім-ай!

Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл

бойлай жайлап,

Самсатып сала сайын бие байлап.

Кешегі баста дәурен тұрған шақта,

Бәйгеге ат қосушы едік Майлыбайлап.

Елдерім-ай! Ерлерім-ай!

Жайлаған сахараны елдерім-ай,

Алашқа аты мәлім ерлерім-ай.

Заманым жан алқымнан алған шақта,

Шағайын кімге қайғы-шерлерімді.

Ерлерім-ай! Елдерім-ай! – деп

жалғасады (III).

Өнде көрсетілген ашаршылық жылдарындағы Батыс Қазақстан қазақтарының жай-күйі айтылады. Ал бұл Қарақалпақстан қазақтарының отбасылық тарихи естеліктерімен сәйкестенеді. Осылайша әр отбасының тарихы тұтас рудың немесе этникалық топтың тарихын сипаттайтын болса, оның бірегейлігіне де қызмет етуі тиіс. Бұл жөнінде көптеген зерттеушілер отбасылық бірегейліктің ұрпақ арасындағы естеліктерді тасымалдауда басты орынға ие болатынын атап өтеді.

Көптеген зерттеушілер үшін индивид биологиялық және психологиялық тұтастық болса, ал А.А. Шутценберг психоәлеуметтік қатынастардың индивидтің психологиясына отбасылық жүйе арқылы қалыптасуымен толықтырады (Шутценберг, 2001). Осылайша отбасылық мифтің қалыптасуының өзі ұрпақ арасындағы байланысты, ондағы тарихи жадының сақталуын қамтамасыз етеді. Отбасылық миф жөнінде алғашқылардың бірі болып З. Фрейдтің еңбектерінде кездестіруге болады. Ол өзінің «Тотем и табу» атты еңбегінде әр адам өз ішінде айтылмаған сыры болады деп жазды (Янчук, 2005: 15). Бұл «адамның архаикалық мұрасы

өзінен алда өткендер туралы естеліктер қалдырады. Бұл алдағы өткендердің тәжірибесінен қалыптасады» - деп жазды (Янчук, 2005: 15).

Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық және этномәдени бірегейлігін сақтау үрдістерін зерттеу барысында екі мемлекеттегі қандастарымызға ортақ құндылықтарды қарастыруды қажет етеді. Мұнда ана тілін сақтау, тарих, мәдениет үлгілері, салт-дәстүр т.б. жатады. Бұл тұрғыда шетелдегі қазақтардың этномәдени бірегейлігін анықтауда олардың ұрпақ арасындағы сабақтастығын, үлкендер мен жастардың көзқарасын, аға буын өкілдерінің қызметін сараптаған дұрыс болады. Өйткені, Өзбекстан қазақтары қазіргі қоныстанған жерін ата-бабамыздың жері деп көрсетеді (IV). Сондай-ақ, Түркия қазақтарының да Анадолыға қоныс аударғанына үш ұрпақ ауысты. Бұл дегеніміз ортақ тарихтың, тарихи жадының қалыптасатын кезеңі немесе алғашқы келушілердің ұмыт болып, жаңа тарихи оқиғалардың орын алатын кезеңі ретінде қарастырса болады. Мысалы, ғылымда мұндай құбылыс тарихи жадының ұрпақтан ұрпаққа берілуі ретінде анықталады. Жастар мен үлкендердің ортақ мәдениетті қалай қабылдауындағы мәселелері тікелей тарихи жадының сақталуына байланысты болады. Бұл жағдайды Түркиядағы қазақ диаспорасы қазіргі кезде жас ұрпаққа өткен тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді сіңіруге тырысатындарын жеткізді (V). Дәстүрлі мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы шетелдегі қазақтар үшін этникалық бірегейлігін сақтаудың маңызды факторы болып табылады.

Шетелдегі қазақтардың ұрпақ арасындағы тарихи жадының сақталуын өзара берілуінде ең басты фактор

қазақтың шежіре дәстүрі болып табылады. Шежіре ғасырлар бойы қалыптасқан, атадан балаға беріліп келе жатқан рухани төлқұжат десе болады. Шежірені сақтау арқылы қазақ халқы туыстық байланыстың құндылығын, қан тазалығын, отбасы институтындағы күрделі мәселелерді шешіп отырды. Қазіргі кезде Түркия қазақтары арасында да шежіре айту, оны сақтап, насихаттап отыру үрдістері көрініс табуда. И. Сванбергтің Түркия территориясында жүргізген алғашқы зерттеулерінің өзінде қазақтардың қоныстануындағы рулық ерекшелікті және өзара шежірелік дәстүрді сақтап отырғанын жазды (Svanberg, 1989). Түркия қазақтарының басым бөлігі Орта жүздің Найман, Керей тайпасының Молқы, Шеруші, Жәңтікей, Жәдік, Ителі, Шұбар-айғыр және т.б. руларымен қатар Ұлы жүз және Кіші жүз руларының аталары бар екені дәлел. Бұл ретте қазақтың қай руы болмасын қазіргі уақытта өз руын, жеті атасын толық білетіні көрініп отыр. Мұны шетелдік қазақтардың үйлерінде арнайы басылған шежіре кітаптарының сақталып, уақыты келгенде қайта толықтырылып отырғанынан байқаймыз. Осындай ұрпақ арасындағы тарихи жадының байланысын шежіре арқылы айшықтау халықтың этномәдениетіндегі тұрақтылықты көрсетуі тиіс. Түркия қазақтары арасында шежіренің маңыздылығы Халифа Алтайдың «Естеліктерім» еңбегінде төмендегідей өлең жолдарымен көрсетілген:

Қазақ елі үш ру боп танылады:
Ұлы, Орта, Кіші жүз боп табылады.
Жалайыр, Албан, Суан, Қаңлы,
Үйсін –
Ұлы жүз құрамына алынады.

Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ,
Керей, Уақ;
Құралған Орта жүзге бәрі бірақ.
Соларға «Алты арыс» деп
ат қойылыпты,
Айтылған ел аузында бұрынырақ.

Үш тайпа ел жатады Кіші жүзге,
Ертеден білінгені бүгін бізге.
Бай ұлы, Әлім ұлы, Жетіру деп,
Анықтап көрсетейін оны сізге.

Аталған екі тап боп Керей елі:
Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – отандық музейлік этнографияның (этномузеологияның) қазіргі жағдайын сипаттау және келешек дамуының өзекті мәселелерін ашып көрсету. Қазақстан музейлерінің этнографиялық коллекцияларында жинақталған материалдар қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті жөніндегі аса маңызды дереккөзі екені белгілі. Соның музейтанудағы рөлі мен маңызын ғылыми тұрғыдан анықтау күн мәселесіне айналып тұр. Бұл мақсатқа жету, еліміздегі этнографиялық музейтану ісін терең зерттеу міндеттерін шешу, республикалық және облыстық деңгейдегі музейлердің этнографиялық жинақтарының бірыңғай деректер базасын құру қажеттілігі айтылады. Сонымен бірге, этнографиялық музейтану алдында тұрған көкейкесті мәселелер жан-жақты талданып, олардың шешу жолдары айқындалды. Мақала музей қызметкерлеріне, этномузеологиямен айналысатын этнологтар мен мәдениеттанушыларға, пәнаралық зерттеулерге қызығушылық танытатын барша оқырмандарға пайдалы болады деп сенеміз.

Кілт сөздер: музейтану, этнография, музейлік коллекциялар, қазақстандық музейлер.

Кіріспе

Этнография ғылымының дамуындағы музейлердің рөлі белгілі. Осымен, XVIII–XIX ғасырларда Еуропа мен Солтүстік Америкада алғашқы музейлердің ашылуы, оларда дүние жүзі халықтарының дәстүрлі мәдениеті туралы жинақталған материалдарды зерттеу қажеттілігі этнографияның ғылыми пән ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Ең көне этнографиялық музейлер өз тарихын қарапайым музейлер мен

коллекциялардан (кунсткамералар, сирек кездесетін заттар кабинеттері, галереялар) бастайды. Мұндай музейлердің коллекцияларының құрылуы мен дамуының алғашқы кезеңдерінде алыс елдерден әкелінген таңғажайыптар коллекциялары ретінде қалыптасты. Бірқатар университеттерде этнографиялық кабинеттермен музейлер құрылды, ғылыми қоғамдардың, статистикалық комитеттердің, жергілікті өлке музейлерінде этнографиялық бөлімдер жұмыс істеді.

Қазақстанда этнографиялық білімнің қалыптасуы Қазақ даласын түрлі әскери-барлау және ғылыми экспедициялармен зерттеу үдерісінде де, мәдени, білім беру орталықтарында (РГК бөлімдері мен бөлімшелері, Қазақстанды зерттеу қоғамы, Орынбордағы, Алматыдағы және басқа қалалардағы алғашқы музейлер) далалық материалдың жинақталуы жағдайында да орын алды. Дегенмен, музейлік этнографияның тарихы зерттелмеген күйінде қалып отыр.

Тағы бір өзекті мәселе – музей ісінің дамуының ішкі факторларын зерттеу, музейлер мен ғылым арасындағы байланысты анықтау және талдау. Демек, тарихи-этнологиялық зерттеулердің маңызды міндеттерінің бірі туристік саланы дамыту үшін прагматикалық, сондай-ақ жалпы мәдени, білім беру, ғылыми маңызы бар Қазақстан музейлерінің этнографиялық әлеуетін айқындау болып табылады.

Еліміздің аса маңызды мемлекеттік бағдарламасы болып есептелетін Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасында «еліміздің музей ісін дамыту мақсатында жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстарға қарамастан, бүгінгі таңда музей қорларына қол жеткізу мәселесі проблема болып қалуда» делінген. Бұл зерттеушілердің республика музейлерінің қор жинақтарына, оның ішінде этнографиялық коллекцияларға қол жетімділігіне де қатысты. Сол тұжырымдамада: «Қазіргі заманның талаптары Қазақстан музейлерінің қызметін қайта қарауды, музей нысандарын кешенді және тиімді дамытуды және әлемдік музей практикасында болып жатқан ынтымақтастық үдерістерді ескере

отырып, оларда халыққа мәдени қызмет көрсету деңгейін жетілдіруді талап ететіні» атап көрсетілген (Концепция, 2023: URL).

Осының аясында еліміздің музейлері этнографиялық зерттеулердің заттай көздерін жинауда, тіркеуде, сақтауда, жүйелеуде, зерделеуде, экспонаттауда, жариялауда, көпшілікке танымал етуде негізгі рөл атқарады. Ұлттық, мемлекеттік музейлерінің, этнографиялық коллекцияларының және облыстық, қалалық, аудандық музей бөлімдерінің қазақтардың және еліміздің басқа этностарының дәстүрлі этнографиясын зерделеу үшін маңызы жоғары.

Отандық ғалымдар ел музейлерінің коллекцияларында мәдениет пен өмірді зерттеудің теориялық және практикалық мәселелерін әзірлегенді. Музей коллекциялары ғылымда қалыптасқан және олар бөлісетін теориялар мен тұжырымдамалардың әсерінен ғалымдар жүргізген далалық жұмыстың көрінісі мен нәтижесі ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің маңызды көзі болып табылады (Әлімбаев, 1998; Файзуллина, 2009).

Музейлік этнография (балама атаулары «этнографиялық музейтану», «этномузеология») – бұл материалдық нысандарда берілген мәдениеттердің бейнелі кодтарын ашуға, сондай-ақ заттардың дұрыс таңдалған кешендері арқылы музей экспозициясында осы кодтарды көрсету өнеріне бағытталған музейтану мен этнология түйісуінде жатқан ғылыми сала. Музей контекстіндегі заттар туралы ғылыми білімнің заттармен байланысын анықтау мәселесі әлі де өзекті болып тұр (Москвитина, 2022).

Басқаша айтқанда, этнографиялық музейтанудың маңызды міндеті – музейлік этнографиялық мұраны

ғылыми тұрғыдан түсіну. Біздің мақаламыз осы мәселеге арналады.

Әдістемесі

Зерттеудің негізгі тәсілдері объективтіліктің, жүйеліліктің, тарихилықтың жалпы ғылыми принциптеріне негізделген.

Қазіргі қазақстандық қоғамда ұлттық жадының мәнін бейнелейтін негізгі ұғым өткеннің материалдық және материалдық емес нысандары болып есептелетін тарихи-мәдени мұра болып табылады. Біздің еліміздің музейлерінде бұл мұра этнографиялық заттар мен коллекциялар түрінде заттай объектілерімен ұсынылған.

Тарихи-мәдени мұраны ұрпаққа сақтап, жеткізудің дәстүрлі формалары: ескерткіштерді қорғау, музейлендіру, дереккөздердің оқулық басылымдары, тарих шежіресіне енгізу, аңызға айналдыру, қалпына келтіру. Тарихтың әр кезеңінде адам символдық білім бере отырып, ескерткіштер, жәдігерлер кешенін бекітеді.

Біз көтеріп отырған мәселе аясында еліміздің музейлерінде сақталатын этнографиялық материалдарды анықтау, зерттеу және жариялау, сондай-ақ олардың қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті бойынша деректік маңыздылығын айқындау ең басты проблема болып тұр. Зерттеудің бұл мәнмәтіні республиканың этнографиялық қорлары мен музейлерінің коллекцияларында қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы туралы жаңа білімді іздеумен, іріктеумен және енгізумен байланысты.

Музейлік этнография саласындағы зерттеушілер этнографиялық коллекцияларды жинақтаудағы келесі проблемаларды анықтаған: біріншіден, қорларды жинақтау үшін экспонаттарды

іріктеу бойынша әдістемелік құралдар жоқ; екіншіден, ескерткішті жасау кезінде пайдаланылған материалды сақтау мәселесі; үшіншіден, бюрократиялық кедергілер көбінесе қорға заттың түсу жолын тежейді; соңынан, маңыздысы музейдің коллекциясын толықтыруға бөлінген жеткіліксіз қаржыландыру (Баранова, 2019: 250).

Осыдан музейтану мен этнологияның түйісуінде пайда болған өзекті мәселелер көрініс табады. Бұл проблемалардың шешімін табу пәнаралық тәсілдердің көмегімен ғана болуы мүмкін. Яғни, этнографиялық коллекцияларды зерттеу әдістері музей ісінің жалпы принциптеріне, музей экспонаттарын сипаттау мен зерттеудің этнологиялық әдістеріне негізделген.

Біздің айтып тұрғанымыз, ғылыми ізденістің маңызды қағидаттарының бірі – пәнаралықты сақтау, яғни музейтану, этнология, тарих, деректану, өнертану әдістерінің тоғысында кешенді зерттеу жүргізу. Музей нысандарының бастапқы құндылығын анықтауды деректану сараптамасы мен талдаудың нақты әдістерін пайдалана отырып жүргізген абзал.

Біз ғылыми зерттеудің ең тиімді әдістерін тұжырымдау, таңдау жұмыс барысында болатынын түсінеміз, сондықтан ғылыми зерттеудің сипатталған принциптері мен әдістерін қажет болған жағдайда толықтыруға болады. Осылайша, ғылыми іздеу, түсіндіру және коммуникация әдістері шектеулі емес, бірақ өзгеруге және байытуға бейім.

Негізгі бөлім

Көптеген жылдар бойы «этномузеология» ұғымын тұжырымдамалауға арнаған музей теориясы саласындағы әйгілі теоретиктердің

еңбектерінде, атап айтқанда, М. Симпсон этномузеология музей кураторлығының тәжірибесін этнографиялық материалдарды сақтау проблемасымен байланыстыратын ғылым саласы болып табылатынын және ескерткіштердің әлеуметтік, мәдени, рухани немесе діни атрибуттарын анықтайтын әдістерді қолданатынын атап көрсеткен (Simpson, 2014).

Этномузеологиялық принциптерді концептуалды түрде ұстанатын музейлер жәдігерлер мен коллекцияларды, олардың мәнін мүмкіндігінше сақтай отырып, яғни оларды салттық, ауызша, семантикалық және әлеуметтік шығу тегінен алшақтатпай жинауға тырысады. Бұл тәсілге сәйкес этномузеология музей мен этникалық мәдениеттің тарихы, музей коллекцияларында көрінетін қауымдастықтардың өкілдері мен музей арасындағы көпір ретінде әрекет етеді.

Біздің елімізде этнографиялық музейтану 1990-2000 жылдары, ең алдымен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейінде (Алматы қ.), содан кейін ҚР Ұлттық музейінде (Астана қ.) өзінің практикалық мазмұнын ашты. Қалыптасып келе жатқан отандық этномузеология негізінен этнографиялық коллекцияларды ұсынуға, олардың деректік әлеуетін ашуға назар аударды. Осылайша, қазақстандық этнографиялық музейтанудың алдыңғы қатарында бүгінгі таңда музей қорларындағы мәдени мұраны концептуализациялау және жүйелеу, экспонаттау мәселелерін шешу, сондай-ақ этнографиялық заттар мен коллекцияның ақпараттық өзектілігін арттыру мәселесі түр.

Қазақстан Республикасында қазақ халқының, сондай-ақ елдің этникалық топтарының тарихы мен мәдениетін суреттейтін бай этнографиялық қор

бар. Бұл баға жетпес мәдени мұра тек орталық республикалық музейлерде ғана емес, сонымен қатар облыстардың, қалалардың, аудандардың көптеген өлкетану музейлерінде шоғырланған.

Қазақстан музейлерінде этнографиялық коллекцияларды жинақтау негізінен XX ғасыр ішінде музей желісінің қалыптасуымен бір мезгілде жүргізілді, ал оларды зерттеу 1990 жылдардан басталды және этнографиялық зерттеулердің жандануына және музейтану дамуының жалпы үрдістеріне байланысты болды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан музейлерін этнографиялық зерттеу нәтижелерін жұртшылықтың, мәдениет және музеология саласындағы мамандардың, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қызығушылық танытқандардың кең ауқымды сұранысына ие. Бұл жарияланған жұмыстарды жалпылау және талдау, «ақтаңдақтарды» анықтау және одан әрі зерттеу бағыттарын белгілеу қажеттілігін тудырады. Осылайша, Қазақстанның этнографиялық музейтануының өзектілігі музей коллекцияларын одан әрі жан-жақты этнографиялық зерттеумен және соның нәтижелерін білім беру, мәдени-ағарту және туристік-экскурсиялық практикаға енгізу міндеттерімен айқындалады. Бұл проблеманы өзекті ететін тағы бір фактор – дәстүрлі мәдениетті өзгертетін қазіргі этномәдени үдерістер, заманауи мәдениеттің дамуымен байланысты күрделі тенденциялар.

Қазіргі заманғы музейдің қызметі екі жаһандық мәселені шешуге бағытталғаны белгілі. Біріншіден, бұл белгілі бір халықтың құндылықтары, ережелері, дәстүрлері және т.с.с. білімді тасымалдау (танымдық деңгей). Өзінің қалыптасу кезеңінде музейлердің этнография бөлімдерін ғалымдар немесе

көрнекті өлкетанушылар басқарды, олар коллекцияларды толықтыруға және қорларда жинақталған материалдарды жүйелеуге, сондай-ақ оны зерттеу үшін дәстүрлі мәдениеттің іргелі тұжырымдамалық базасын құруға ұмтылды.

Екіншіден, қазіргі заманғы музейдің міндеті – жеке тұлға мен толеранттылықтың өзіне деген бағалау және эмоционалды қатынасты, өзінің және басқа біреудің этникалық мәдениетіне құрметпен қарауды қалыптастыру. Бұл міндет музейдің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелеріне жатады, ал оны жүзеге асырудың негізгі әдісі келушімен диалог құру болып табылады.

Этномузеологияның тағы бір маңызды міндеті – этнографиялық музейлік затты зерттеу. Этнографиялық музей заты – бұл белгілі бір кезеңдегі мәдениет тасымалдаушыларының белгілі бір тәжірибесін жинақтайтын, осы ортадан алынған және ондағы мақсатын жоғалтқан өте күрделі объект; музей заты мәртебесін алған кезде пайда болған жаңа әлеуметтік контекст жағдайында атрибутивтік белгілер негізінде түсіндіріледі; дәстүрлі мәдениет нысандары туралы ақпаратты музей түрінде беру мүмкіндігі әрқашанда бар (Кимеева, 2017: 147).

Музей коллекцияларының заттарын зерттеуде қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етуге қатысты және рухани мәдениетінің дәстүрлі жүйесін құрайтын келесі бағыттар ескерілуі тиіс: материалдық мәдениет, шаруашылық, қолданбалы өнер, қару-жарақ, халықтық білім, дін және дүниетаным. Музей қызметкерлері қазақ этнографиясы бойынша дереккөздерді зерттеумен, сондай-ақ оларды ғылыми мақалалар жазуда пайдалану, аннотацияланған

каталогтарды жасау және көрмелерді ұйымдастыру ісімен айналысқаны жөн болар. Сонда, жоғарыда аталған қорларда сақталған материалдар мен музей заттарын зерттеу негізінде ғылыми паспорттау, атрибуттау және олардың жан-жақты ғылыми сипаттамасы іс жүзінде жүзеге асырылады.

Этнографиялық музей заттарын ішкі және сыртқы өрістері бар белгілер ретінде зерттеу олардың атрибуттық сипаттамаларын ғана емес, сонымен қатар мұраның материалдық емес құрамдас бөлігін – өндіріс технологиясын, декор семантикасын және т.б. ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайда, дәстүрлі мәдениеттің элементтері тіршілік ортасында жоғалса, негізінен музей коллекцияларында жәдігерлер ретінде сақталады.

Өзіміз қызмет жасап отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорлары еліміздің мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны қорғау – музейдің әлеуметтік-мәдени жадыны сақтау институты ретіндегі маңызды міндеті. Ұлттық музейде сақтаулы заттардың жалпы саны 217 286 бірлігін құрайды: оның ішінде 169 774 бірлігі тұрақты сақтауда (негізгі қорда – 118 671, ғылыми-көмекші қорда – 51 103), ал уақытша қордың музей заттарының саны – 47 512 сақтау бірлігі (ҚР Ұлттық музей сайты, 2023: URL).

Этнографиялық бағыттағы музей коллекциялары келесідей:

- металл қоры;
- шыны, фарфор және фаянс қоры;
- ағаш қоры;
- қару-жарақ, ат жабдықтары және былғарыдан жасалған бұйымдар қоры;
- киім және кесте қоры;
- кілем-киізден жасалған бұйымдар қоры.

ҚР-ның Ұлттық музейі және Алматы қаласында орналасқан ҚР-ның Орталық мемлекеттік музейі өздерінің негізгі ұйымдық-құрылымдық параметрлері мен атрибуттары бойынша ғылыми-зерттеу орталық ретінде қызмет жасайды. Бұл музейлер тарих, этнография, деректану саласындағы ғылыми зерттеулермен белсенді айналысады, сондай-ақ маңызды ғылыми-қор және ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы басты ерекшелігі музей практикасы мен бейінді және ең алдымен деректанулық сипаттағы ғылыми-іздігіру жұмыстарының органикалық үйлесімі болып табылады.

Музейлердің ғылыми атрибуция мен каталогтау нысаны – тарих және этнография коллекциялары. Мысалы, ҚР ОММ-де 24 мыңнан астам сақтау бірлігі бар этнографиялық заттардың коллекциясы бар. Бұлар музей ашылғаннан бері қалыптасты және оның көп бөлігі XIX-XX ғасырларға жатады, дегенмен XVIII ғасырдың екінші жартысының үлгілері де кездеседі (ҚР Орталық мемлекеттік музей сайты, 2023: URL).

Еліміздің музейлерінде сақтаулы этнографиялық материалдың келешекте қазақстандық қоғамның мәдени ортасына тартылуы және визуализациялануы іске асырылуы тиіс. Осыдан, біздің ойымызша, музейлердің этнографиялық коллекцияларының ұсынылу сапасы мен деңгейі ақпараттандырудың, тарихи-мәдени мұраны танымал етудің жоғары стандарттарына сәйкес келтіру және музей нысандары мен заттарын зерделеуді, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті бойынша олардың деректану құндылығын айқындауды орындау – заман талабы.

Елімізде жүргізілген зерттеулер мен жарияланған жұмыстарға жасаған талдау Қазақстанның этнографиялық музейтану ғылымында мынадай бағыттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: ғылыми зерттеулерде музей коллекцияларынан этнографиялық дереккөздерді пайдалану; этнографиялық коллекциялардың қалыптасу тарихы мен құрамын зерттеу; этнографиялық заттар мен коллекцияларды каталогтау.

Аңғарғанымыз, республикада бірінші бағыт – ғылыми зерттеулерде музейлердің этнографиялық коллекцияларын пайдалану барынша дамыды. Музей қорларында сақталатын халық мұрасына деген қызығушылықтың артуы, жұртшылық тарапынан этномәдени білімге деген сұраныс музейлерден экспозициялық-көрме және мәдени-ағарту жұмыстарында тиімді пайдалану мақсатында этнографиялық коллекцияларды зерделеу жөніндегі қызметті жандандыруды талап етеді. Зерттеудің осы бағытын дамыту ең алдымен музей қызметкерлері мен ғалымдарының міндеті болып табылады. ҚР ОММ бұрынғы директоры, белгілі ғалым Н. Әлімбаев мен оның серіктерінің, музей қызметкерлерінің арқасында этномузеология бағытында үлкен жұмыс атқарылды. Жұмыстың нәтижелері музейдің ғылыми басылымдарында көрініс тапқан (Труды, 2004; Труды, 2009).

Бұл жұмыс этнографиялық жинақтарды зерттеудегі келесі бағыт – этнографиялық жинақтарды каталогтау шеңберіндегі қызметпен тығыз байланысты. Коллекцияларды каталогтау және жариялау отандық музейлер жұмысының маңызды бағыты болып табылады. ҚР ОММ-де бұл жұмыс 1990-2000 жылдардың аяғынан басталды, этнографиялық коллекцияларды каталогтау этнографиялық зерттеулердің

дамуымен жоспарлы сипат пен кең ауқымды алды. Музей директоры, этнолог ғалым, музеолог Н. Әлімбаидың жетекшілігімен этнографиялық коллекцияларды белсенді түрде зерттеу жүргізілді. Кешенді зерттеу нәтижесінде музей каталогтары (Традиционная, 2009; Қазақ, 2012), сондай-ақ 5 томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» іргелі энциклопедиясы басып шығарылды (Қазақтың, 2017).

Атап өту керек, ҚР Орталық мемлекеттік музейінде отандық этномузеологияның дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдар Б. Қақабаев, Т. Картаева, Д. Қатран, Р. Шойбеков, Н. Уәли, Г. Орынбаева, Т. Болсынбек, Ғ. Файзуллина және т. б. еңбек етті.

Алматы қаласында ҚР ОММ ғылыми орталығын түзеген тұтас этнографиялық музейтану бағыты қалыптасты деп айтуға болады, онда ғалымдар этнографиялық заттарды ғылыми паспорттау және ғылыми каталогтау, оларды зерделеу, сондай-ақ мәдени мұраны көпшілікке танымал ету бойынша бірегей тәжірибе жинақтады.

Сондай-ақ, ҚР ОММ ғалымдары мен қызметкерлері 2014-2015 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің (Астана қ.) жұмысын жолға қою кезінде, атап айтқанда, этнографиялық коллекцияны, қорларды қалыптастыру, қазақ халқының және еліміздің этникалық топтарының дәстүрлі мәдениеті бойынша заттарды көрсету кезінде баға жетпес ғылыми-әдістемелік көмек көрсетті.

Алматы музейтану ғылыми орталығының этнографиялық заттарды ғылыми сипаттау және каталогтау ісінде жинақталған тәжірибесі көптеген каталогтарды дайындауда және бүкіл республика бойынша жекелеген

заттарды сипаттау әдістемесін әзірлеуде пайдаланылды. Жарияланған каталогтар халықтың тарихи-мәдени мұрасының ерекшелігі туралы жалпы түсінік қалыптастырады, ғылыми айналымға маңызды дереккөздерді енгізеді, этнографиялық білімді насихаттауға қызмет етеді. Мысал ретінде ҚР ОММ, ҚР Ұлттық музейінің, сондай-ақ бірқатар облыстық музейлердің этнографиялық коллекциялары бойынша каталогтарды келтіруге болады (Ювелирное, 2016; Коллекция, 2015; Каталог, 2013; Разновидности, 2005; Изделия, 2005).

Қазіргі уақытта музей қызметкерлерінің, ғылыми және ғылыми-ағарту орталықтарының мамандарының, жас зерттеушілердің күшімен этнографиялық заттар мен музейлер коллекцияларын зерттеу және ғылыми айналымға енгізу ісінде ілгері жылжу байқалады. Ішінара жарияланған каталогтар музейлердің тарихи-мәдени мұрасын білім беру және ғылыми-зерттеу қызметінде пайдалануға, ал мақалалар жеке этнографиялық коллекциялардың құрамы мен қалыптасу тарихы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік жасап отыр.

Алайда, Қазақстанның этнографиялық музейтану міндеттері одан әрі дамытуды, еліміздің қорлары мен коллекцияларында зерттеу қызметін жандандыруды талап етеді. Музейлердің этнографиялық коллекцияларын зерттеудің осы үш бағытын дамыту перспективалары этнология ғылымы үшін де, оларды экспозициялық-көрме жұмысында және музейлердің мәдени-білім беру үдерісінде, білім беру және туристік-экскурсиялық қызметте тиімді пайдалану үшін де маңызды болып келеді.

Сондай-ақ, аймақтар ментақырыптар бойынша жеке этнографиялық

каталогтарды, дәстүрлі мәдениет туралы заттар мен музей коллекциялары туралы бірыңғай ақпараттық ресурсын құру өзекті болып табылады. Этнографиялық музейтануды зерттеуге жүйелі көзқарас қана болғандықтан, жәдігерлер туралы, соның ішінде есепке алу және далалық құжаттама туралы барлық дереккөздерді тарту, зерттелетін ескерткіштерді жан-жақты қарастыруға және олардың мәдени құндылықтар жүйесіндегі рөлі мен орнын анықтауға, демек, ғылыми айналымға тиімді енгізуді және ғылыми-практикалық қызметте пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, келешекте орталық және өңірлік музейлердің этнографиялық коллекцияларына кешенді зерттеулер жүргізу бірегей музейлік ғылыми-мәдени кеңістіктің дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Қорытынды

Музейлік этнография саласында келешегі бар зерттеулердің нәтижелері практикалық түрде (мақалалар, жарияланымдар, аннотацияланған каталогтар шығару, көрмелер ұйымдастыру), сондай-ақ еліміздің музейлер қорлары мен экспозицияларында ұсынылған қазақ халқының бай мәдени мұрасын жаңаша түсінуде, оның ішінде ғылыми айналымға неғұрлым құнды, ақпараттық үлгілерді енгізу жолымен ұсынылатын болады. Осылайша, дәстүрлі мәдениет этнографиясының дереккөздік базасы айтарлықтай кеңейіп, отандық музейлердің жинақталған бай материалдарын одан әрі зерттеу жұмыстарында пайдалануға мүмкіндік туады.

Көтерілген мәселелер бойынша нақты істер бағытын айқындап көрсетсек, бұлар:

– этнографиялық музейтану бойынша жазба, архивтік-құжаттық, тарихи дереккөздерді зерттеу;

– тарихи-мәдени мұра нысандары мен музей қорын жүйелеу және жіктеу;

– зерттелетін объектілердің хронологиялық және географиялық көлемін анықтау;

– этнографиялық және өнертанушылық сипаттамаларды, өндіріс материалдарын және басқа да мәліметтерді көрсете отырып, ғылыми аппаратты құру және зерттеу тақырыбы бойынша тарихи-мәдени мұра нысандарының ақпараттық деректер қорын жасау;

– этнографиялық коллекцияларда сақталған қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысының заттарына деректанулық талдау жүргізу;

– этнографиялық жинақтардың экспонаттарын цифрландыру (фотофиксация, сканерлеу және т.б.);

– ғылыми, бұқаралық басылымдарда, әлеуметтік және электрондық желілерде тақырып бойынша материалдарды жариялау.

Көтерілген мәселелерді шешу Қазақстанда музейісімен этнографиялық ғылымның одан әрі дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Күтілетін әлеуметтік және экономикалық тиімділік музейтанудың ғылыми өрісін кеңейтуде, ғылыми айналымға жаңадан енгізілген қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы нысандары мен заттарымен отандық этнологияны байытуда болады. Бұның бәрі зерттеушілердің дәстүрлі мәдениет бойынша бірегей дереккөз базасы ретінде ел музейлерінің этнографиялық жинақтары мен коллекцияларына деген қызығушылығын күшейтеді, музей мекемелеріне, оның ішінде туристердің келу санын арттырады, музейлердің ғылыми-зерттеу қызметін одан әрі

дамытуға, жастардың халықтың тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге деген ынтасын арттырады.

Ұсынылған проблемалар мен міндеттердің спектрін көріп отырғанымыздай, музейтану ақпаратының ағынын едәуір дәрежеде ұлғайтады, оның ғылыми мазмұнын ғана емес, мәдени кеңістік деңгейінде де бекітеді.

Біздің ойымызша, елімізде музейлік этнографияны дамыту идеясы оның қолданыстағы зерттеу әдістері негізінде қалыптасқан қолданбалы сипатын тікелей көрсетеді. Маңызды мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде қатысу зерттеушілерге айналымға енгізілген музей нысандарының кешенін практикада қолдануға, қолданбалы этнографиялық материалды талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осыдан этнографиялық заттар мен музейлер

коллекциясының ғылыми құндылығын, олардың дәстүрлі мәдениеттің қайнар көзі ретіндегі маңыздылығын анықтауға және сипаттауға әрекет жасалынады.

Осылайша, қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясында музейлердің ғылыми жұмыс нәтижелерін өзекті ету жүргізіледі. Отандық музейтану өрісінде туындаған өзекті мәселелерді этнографиялық коллекциялар туралы білімді кеңейту, еліміздің музейлерінде жинақталған зерттеу жұмысының тәжірибесін тереңдету, қазіргі заман талаптарын, оның ішінде музейлер ресурстарын жандандыру, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті бойынша этнографиялық материалды ғылыми айналымға енгізудің жаңа әдістерін әзірлеу есебінен орындауға мүмкіндік бар екеніне сеніміміз мол.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев Н. Қазақ этнологиясының қазіргі тарихнамалық және теориялық мәселелері // Гуманитарлық ғылымдар Академиясының хабаршысы. – 1998. №1. – 155-159 б.
2. Баранова В.А. Отражение современных этнических процессов в комплектовании коллекций российского этнографического музея // Материалы XIII Конгресса антропологов и этнологов России. – Казань, 2019. – С. 249-251.
3. Изделия из шерсти для убранства юрты. Из фондов Мангистауского областного историко-краеведческого музея. – Актау: Тассад, 2005. – 56 с.
4. Каталог этнографических предметов традиционной казахской культуры из фондов Актюбинского областного историко-краеведческого музея. / Под общ. ред. М.Н. Дүйсенғали. – Актобе: «Хабар-Сервис» ЖШС, 2013. – 148 с.
5. Кимеева Т.И. Методология исследования этнографического музейного предмета: на примере коллекций по культуре коренных народов Притомья // Известия Уральского федерального университета. Сер. 1, Проблемы образования, науки и культуры. – 2017. – Т.23, № 4 (168). – С. 145-150.
6. Коллекция оружия и ковров в дар Национальному музею Республики Казахстан: книга-альбом. – Астана: Фолиант, 2015. – 224 с.
7. Концепция культурной политики Республики Казахстан на 2023-2027 годы. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mcs/documents/details/335818?lang=ru> (қаралған күні 08.06.2023).
8. Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік музейі коллекциясынан. Ғылыми каталог. / Казахские ковры и ковровые изделия из коллекции

Центрального Государственного музея Республики Казахстан. Научный каталог. /Гыл. ред. және жоба жетекшісі Н. Әлімбай. – Алматы: ICOS, 2012. – 384 б.

9. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейі сайты. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.csmrk.kz/index.php/kz/> (қаралған күні: 09.06.2023).

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі сайты. [Электронды ресурс]. URL: <https://nmrk.kz/> (қаралған күні: 09.06.2023).

11. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 1-5. – Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция» ЖШС, 2017 (толықтырылған, 2-ші басылым).

12. Москвитина А.Ю. Компаративное этномузееведение и этноискусствоведение. / Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН. [Электронды ресурс]. URL: http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_02/978-5-88431-235-7 (қаралған күні: 08.06.2023).

13. Разновидности текемета. Из фондов Мангистауского областного историко-краеведческого музея. – Актау: Тассад, 2005. – 40 с.

14. Традиционная казахская одежда. / Kazakh traditional garments. Scientific catalogue. Из серии: Этнографические коллекции Центрального Государственного музея Республики Казахстан». Иллюстрированный научный каталог. /Науч. рук. Н. Алимбай. – Алматы: Өнер, 2009. – 344 с.

15. Труды Центрального музея: музейное дело, история, этнология, фольклористика, археология, антропология, историография, источниковедение, нумизматика. – Вып. I /Науч. ред. Н. Алимбай. – Алматы: Ғылым, 2004. – 396 с.

16. Труды Центрального музея: музейное дело, история, этнология, фольклористика, археология, антропология, историография, источниковедение. – Вып. II /Науч. ред. Н. Алимбай. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – 576 с.

17. Файзуллина Г.Ш. Этнографизмы в музейной терминологии (к вопросу о стандартизации описаний предметов традиционных культур) //Этнос. Общество. Цивилизация: II Кузеевские чтения. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию Р.Г. Кузеева /Под ред. А.Б. Юнусовой. – Уфа: Уфимский полиграфкомбинат, 2009. – С. 423-425.

18. Ювелирное искусство казахов в коллекции Национального музея. Иллюстрированный каталог /сост. А.А. Мусагажинова, К.А. Нурмаганова. – Астана: РЕГИС-СТ, Полиграф, 2016. – 304 с.

19. Simpson M. Ethnomuseology // Encyclopedia of Global Archaeology. – New York, 2014. –Pp. 2549–2553.

References

1. Álimbai N. Qazaq etnologiasynyń qazirgi tarihnamalyq jáne teoralyq máseleleri // Gýmanitarlyq ғылымдар Akademiasynyń habarshysy. – 1998. №1. – 155-159 b.

2. Baranova V.A. Otrazhenie sovremennyh etnicheskikh prosesov v komplektovanii kollektsii rossijskogo etnograficheskogo múzeia // Materialy XIII Kongresa antropologov i etnologov Rossii. – Kazan, 2019. – S. 249-251.

3. Izdelia iz shersti dlá ýbranstva iýrty. Iz fondov Mangistaýskogo oblastnogo istoriko-kraevedcheskogo múzeia. – Aktaý: Tassad, 2005. – 56 s.

4. Katalog etnograficheskikh predmetov tradisionnoi kazahskoi kúltúry iz fondov Aktúbinskogo oblastnogo istoriko-kraevedcheskogo múzeia. /Pod obsh. red. M.N. Dúsengalı. – Aktobe: «Habar-Servis» JShS, 2013. – 148 s.

5. Kimeeva T.I. Metodologiya issledovaniya etnograficheskogo mýzeinogo predmeta: na primere kollektsii po kúltýre korennykh narodov Pritomá // Izvestia Ýralskogo federalnogo ýniversiteta. Ser. 1, Problemy obrazovaniya, naýki i kúltýry. – 2017. – T.23, № 4 (168). – S. 145-150.
6. Kolektsia orýjia i kovrov v dar Nasionalnomý mýzeiý Respýblikí Kazahstan: knúga-albom. – Astana: Foliant, 2015. – 224 s.
7. Konsepsiya kúltýrnoi politiki Respýblikí Kazahstan na 2023-2027 gody. [Elektrondy resýrs]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mcs/documents/details/335818?lang=ru> (qaralǵan kúni: 08.06.2023).
8. Qazaq kilemderi men toqyma buyymdary. Qazaqstan Respýblikasy Memlekettik mýzei koleksiasynan. Gýlymı katalog. / Kazahskie kovry i kovrovye izdelia iz kollektsii Sentralnogo Gosýdarstvennogo mýzeia Respýblikí Kazahstan. Naýchnyi katalog. /Gyl. red. jáne joba jetekshisi N. Alimbai. – Almaty: ICOS, 2012. – 384 b.
9. Qazaqstan Respýblikasy Ortalyq memlekettik mýzei saıty. [Elektrondy resýrs]. URL: <https://www.csmrk.kz/index.php/kz/> (qaralǵan kúni: 09.06.2023).
10. Qazaqstan Respýblikasy Ulttyq mýzei saıty. [Elektrondy resýrs]. URL: <https://nmrk.kz/> (qaralǵan kúni: 09.06.2023).
11. Qazaqtıń etnografialyq kategorıalar, úgymdar men ataýlarynyń dástúrli júesi. Ensiklopedia. T. 1-5. – Almaty: «Álem. Damý. Integrasiya» JShS, 2017 (tolıqtırylǵan, 2-shi basylım).
12. Moskvitina A.Íy. Komparativnoe etnomýzeevedenie i etnoiskýsstvovedenie. /Elektronnaia biblioteka Mýzeia antropologii i etnografii im. Petra Velikogo (Kýnstkamera) RAN. [Elektrondy resýrs]. URL: http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_02/978-5-88431-235-7 (qaralǵan kúni: 08.06.2023).
13. Raznovidnosti tekemeta. Iz fondov Mangistaýskogo oblastnogo istoriko-kraevedcheskogo mýzeia. – Aktaý: Tassad, 2005. – 40 s.
14. Traditsionnaia kazahskaia odejda. / Kazakh traditional garments. Scientific catalogue. Iz serii: Etnograficheskie kollektsii Sentralnogo Gosýdarstvennogo mýzeia Respýblikí Kazahstan». Illústrirovannyi naýchnyi katalog. /Naých. rýk. N. Alimbai. – Almaty: Óner, 2009. – 344 s.
15. Trýdy Sentralnogo mýzeia: mýzeinoe delo, istoria, etnologia, fólkloristika, arheologia, antropologia, istoriografia, istochnikovedenie, nýmizmatika. – Vyp. I /Naých. red. N. Alimbai. – Almaty: Gylım, 2004. – 396 s.
16. Trýdy Sentralnogo mýzeia: mýzeinoe delo, istoria, etnologia, fólkloristika, arheologia, antropologia, istoriografia, istochnikovedenie. – Vyp. II /Naých. red. N. Alimbai. – Almaty: Balalar ádebieti, 2009. – 576 s.
17. Faızýllina G.Sh. Etnografizmy v mýzeinoi terminologii (k voprosý o standartizatsii opisaniı predmetov traditsionnykh kúltýr) //Etnos. Obshestvo. Sivilizatsia: II Kýzeevskie chteniya. Materialy Mejdýnarodnoi naýchno-prakticheskoi konferentsii, posváshennoi 80-letiy R.G. Kýzeeva /Pod red. A.B. Iýnýsovoi. – Ýfa: Ýfımski poligrafkombinat, 2009. – S. 423-425.
18. Iývelirnoe iskýsstvo kazahov v kollektsii Nasionalnogo mýzeia. Illústrirovannyi katalog / sost. A.A. Mýsagajnova, K.A. Nýrmaganova. – Astana: REGIS-ST, Poligraf, 2016. – 304 s.
19. Simpson M. Ethnomuseology // Encyclopedia of Global Archaeology. – New York, 2014. –Pp. 2549–2553.

***Рахимов Е.К.¹, Исаков К.А.¹**

¹Национальный музей Республики Казахстан,

г. Астана, Казахстан

*e-mail: yernur_rakhimov@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МУЗЕЙНОЙ ЭТНОГРАФИИ

Аннотация. Цель статьи – описать современное состояние отечественной музейной этнографии (этномузеологии) и выявить актуальные проблемы дальнейшего развития. Известно, что материалы, собранные в этнографических коллекциях музеев Казахстана, являются очень важным источником традиционной культуры казахского народа. Насущным вопросом становится научное определение их роли и значения в музейном деле. Для достижения этой цели необходимо решить задачи углубленного изучения этнографического музееведения в стране, создать единую базу данных этнографических коллекций республиканских и областных музеев. Для этого были проанализированы важные проблемы, стоящие перед этнографическим музееведением Казахстана, и определены пути их решения. Полагаем, что статья будет полезна музейным работникам, этнологам и культурологам, занимающимся этномузеологией, а также всем читателям, интересующимся междисциплинарными исследованиями.

Ключевые слова: музееведение, этнография, музейные коллекции, казахстанские музеи.

***Rakhimov Y.¹, Iskakov K.¹**

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan

*e-mail: yernur_rakhimov@mail.ru

CURRENT PROBLEMS OF MUSEUM ETHNOGRAPHY

Abstract. The purpose of the article is to describe the current state of the domestic museum ethnography (ethnomuseology) and to identify topical issues of further development. It is known that the materials collected in the ethnographic collections of the museums of Kazakhstan are a very important source of the traditional culture of the Kazakh people. An urgent issue is the scientific definition of their role and significance in the museum business. To achieve this goal, it is necessary to solve the problems of in-depth study of ethnographic museology in the country, to create a single database of ethnographic collections of republican and regional museums. For this, the important problems facing the ethnographic museology of Kazakhstan were analyzed and ways to solve them were identified. We believe that the article will be useful to museum workers, ethnologists and culturologists involved in ethnomuseology, as well as to all readers interested in interdisciplinary research.

Keywords: museology, ethnography, museum collections, Kazakhstani museums.

Авторлар туралы мәлімет:

1. **Рахимов Ернұр Кендібайұлы** – PhD докторы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің жетекші ғылыми қызметкері.
2. **Искаков Қуаныш Алдабергенұлы** – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, «Мәдени мұра» журналының бас редакторы.

Сведения об авторах:

1. **Рахимов Ернұр Кендибаевич** – доктор PhD, ведущий научный сотрудник Национального музея РК.
2. **Искаков Куаныш Алдабергенович** – Главный редактор журнала «Мәдени мұра».

Information about the author:

1. **Rakhimov Yernur Kendibaevich** – PhD, Leading researcher at the National Museum of the Republic of Kazakhstan.
2. **Iskakov Kuanysh Aldabergenovich** – Editor-in-chief of the journal «Madeni Mura».

FTAMP: 21.15.47

Байбосынова Ұ.М.¹¹Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана қ., Қазақстан

e-mail: ulzhan_mb@mail.ru

СЫР БОЙЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМ ТАҚЫРЫБЫ

Аңдатпа. Мақалада Сыр бойы қазақтарының эпикалық шығармаларындағы ислам дініне қатысты сюжеттер беріледі. Бұл дәстүрлі дүниетаным мен ислам дінінің өзара қарым-қатынасы мен сабақтастығын айғақтайды. Сыр бойы қазақтарының эпикалық шығармаларындағы ислам дінінің көріністерін жан-жақты қарастыру, оны аталмыш өңірден шыққан мәдениет жасаушы тұлғалардың шығармаларының мазмұнымен салыстыра зерттеу. Зерттеу мақсатына сәйкес эпикалық шығармалардың жанрлық ерекшелігіне, хронологиялық және мазмұндық өзектілігіне қарай бөліп қарастыру. Зерттеу мақаланың өзекті мәселелерін талдау барысында, А. Байтұрсыновтың, З. Қабдоловтың, О.А. Ибрагимов, А. Жұбанов, А.Ф. Эйхгорн, Б.Г. Ерзаковичтің зерттеу жұмыстары қаралып, Омар Шораяқұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің, Ерімбет Көлдейбекұлының және басқа да жыршы, өнерпаздардың шығармаларындағы ислам тақырыбының көріністері талданды. Мақаланың зерттеу нысанына қарай, Сыр бойы қазақтарының дәстүрлі эпикалық шығармаларындағы ислам мәселелері қарастырылды. Бұл аталмыш өңір қазақтарының мәдени әлеуетінің тереңдігін көрсете отырып, діни мәселелердің ерте кезден-ақ халық арасында жыраулар арқылы насихатталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Сыр бойы жыраулық мектебінің көрнекті өкілдерінің шығармаларында және жанрлық ерекшеліктерінде ислам діні мәселелері құрамдас бөлігі ретінде қалыптасқаны анықталды.

Кілт сөздер. Сыр бойы, эпос, ислам, мәдениет, фольклор, дін, дәстүр.

Кіріспе

Орта Азия мен Қазақстан тарихында Сырдария өзені жағалауларын мекендеген халықтардың мәдениеті әлемдік өркениеттік дамуда өзіндік орны бар мәдени-тарихи орта болып есептеледі. Бұл тұрғыда Сыр

бойындағы жыршылық өнердің басты тақырыптарының негізгі ұйытқысы ретінде ислам дінінің насихатталуы болды. Бұл ислам мәдениетінің таралуы мен Орта Азия жеріндегі кең қанат жаюындағы ерекшеліктерді қамтыды. Сыр бойындағы дәстүрлі жыршылық

өнердегі ислам тақырыбының көрініс табуы тұтас алғанда қазақ әдебиетінің тарихи даму үдерісі барысында қалыптасқан жанрлардың байырғы классикалық формасы екенін көрсетеді. Қазақтың ақындық, шайырлық поэзиясында А. Байтұрсынов пен З. Қабдолов қисындары жүйесіндегі мысал, хикаят, қисса, дастан үлгілері мол жырланған. Сыр бойының ақындары мен шайырлары мұраларындағы ислам дінінің тарихын, қағидаларын, діни тұлғалар көрсеткен түрлі ғажайып уақиғаларды өзегіне арқау ету арқылы бұқара халықтың санасына ислам мәдениетін сіңіруді мақсат еткен шағын және күрделі жанрлардың аужайы өз алдына сөз етілуге тиіс өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сондай шағын жанрлардың бір түрі – мысал мен хикаят. Сыр бойындағы дамыған поэзия түрлері, әдетте белгілі бір өңірлік ерекшеліктерді қамти отырып, дәстүрге негізделген мақам арқылы жыршылардың орындауына ыңғайластырыла жасалғаны белгілі. Ал бұл үдеріс міндетті түрде тыңдаушы мен орындаушының арасындағы шығармашылық байланысты қамтамасыз етеді. Аталған шағын жанрлар, сондай кезде, шағыннан күрделіге қарай екпіндеп, дамыта жырлау үдерісін қамтамасыз ету кезінде, тыңдаушы топтың ретіне, танымына қарай, өз бетінше айтыла беретінін де атап өту маңызды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланың материалдық базасын қазақ халқының эпикалық шығармалары құрайды. Сонымен қатар, Сыр бойы қазақтарының дәстүрлі жыршылық мектебінің көрнекті тұлғаларының жырлары, мысал, хикаят, дастан сияқты жанрларда жеткізген

шығармаларындағы ислам мәселелері қамтылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қазақ халқының фольклоры мен рухани мұрасына қатысты материалдар мен арнайы зерттеу әдебиеттерін жүйелеу, зерттелу тарихына қарай хронологиясына сараптама жасалды. Тақырыптың зерттелу деңгейінің әртүрлі болуымен, зерттеу нысандары мен пәнаралық байланысты қажет еткендіктен тарихнамалық талдауды қажет етеді. Мұнда тарихи салыстырмалы әдіс, зерттеудің дискурсивті әдістері, этнографиялық зерттеулер мен материалдарды сараптау, эпикалық шығармалардағы сюжеттердің шынайылық тұрғысында сыни талдаудан өткізу әдістері қолданылды.

Талдау

Әдебиеттану ғылымының теориялық анықтамаларында шығарманың қоғамдық, әлеуметтік ортаның немесе жекелеген адамдардың қолайсыз жақтарын, келеңсіздікті, кемшілікті астарлап айтып сынауға құрылатыны айтылады. Тіршіліктің сан түрлі мәселелері мен адам өміріндегі қарама-қайшы құбылыстардың өзара тығыз бірлікте болатыны табиғи нәрсе. Осы тұрғыда қазақ әдебиеттану ғылымындағы мысал жанрында ақындар мен шайырлар көз алдарында өтіп жатқан, бұрын болған немесе адам өмірінде кездесуі мүмкін жағымсыз қылықтарды жаратылыстағы тіршілік иелері (аң, құс, төрт түлік мал), заттар (су, өсімдік, тау) арқылы тұспалдау арқылы бейнелейді. Қазақ сөз өнері жанрларын зерттеудің негізін салушы Ахмет Байтұрсынов мысалдағы бейнелеу тәсіліне қатысты, «Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын

екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту бернелеу болады» (Байтұрсынов, 1989: 161) деп тұжырым жасайды. Демек, адамзат баласының жүріп өткен тарихында қоғамдық, әлеуметтік қарым-қатынастар жан-жақты, сан қырлы қасиеттерімен саралана танылуында астарлап, тұспалдай сөйлеу арқылы өнердің сондай эстетикалық қызметі арқылы адам мінезіне оң баға беруге болатыны ақиқат. Бұл жайында академик З. Қабдолов былай дейді: «Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанаттар, кейде зат туралы жазады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанмен, идеясы астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді» (Қабдолов, 1983: 303).

Демек ақын, шайырлардың шығармаларының адам тәрбиесіне арналған бағдарында мысалдың сонау ежелгі замандардан бері өмір сүруінің қоғамдық, әлеуметтік, эстетикалық мәні айқын екенін аңғару қиын емес. Ал, сөз арқауындағы Сыр бойы ақындары мен шайырлары шығармаларындағы мысал жанрының исламдық тәлім, тәрбие мұраттарын, имандылық, адамгершілік тағылымын нысана ететіні осындай дәстүрлі дамудың заңды жалғасы деуге келеді. Мысал мен хикаяның тақырыптық мазмұнында адамдар да қатысатын үлгі Шығыс елдері әдебиеттерінде қалыптасқан. Сюжеттегі негізгі оқиғаға қосымша композициялық құрылымды құрайтын авторлық кіріспе, түйіндеу болады. Авторлық түйіндеулер нақылдық, дидактикалық, философиялық ойлармен беріледі. Осындай

мәндегі пікірлер А.Ф. Эйхгорнның «Музыкальная фольклористика в Узбекистане», Б.Г. Ерзаковичтің «Музыкальное наследие казахского народа», А. Жұбановтың «Өскен өнер», Б.М. Жүсіповтың «Сүлейлер» сияқты зерттеу жұмыстарында кездеседі.

Нәтижелер

Қазақ әдебиетінің тарихи даму үдерісі барысында қалыптасқан жанрлардың барлығы да байырғы классикалық үрдістермен сабақтас дамитын, кейде өзгеріске түсіп әлсірейтін, кейде күшейе түсетін кәдімгі табиғи нәрсе. Әдеби тек пен түрдің қайсысы болсын, әдебиеттану қисындарының аясында қарастырылады. Алаш зиялыларының көсемі А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» әлемдік әдебиет теориясының ізімен әдебиет тектерін әуезе (эпос), толғау (лирика), айтыс-тартыс (драма) деп жіктейді. Академик З. Қабдолов «Эпостық шығарманың арқауы автор үшін «ішкі» субъективтік шындық емес, «сыртқы» объективтік шындық, жекелеген адамдардың көңіл-күйі ғана емес, бүкіл халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихи тағдырлары мен ұлттық даму заңдылықтары. Осыдан келеді де дәуірлік құбылыстар мен қоғамдық қатынастарды көркем жинақтаудағы жұртқа мәлім эпикалық құлаш деген ұғым шығады. Бұл эпосқа тән айрықша сипаттардың бірі» (Қабдолов, 1982: 301) дейді.

Сыр бойының шайырлары мен ақындары мұраларында мысал үлгісін қолдануда ислам мәдениетін уағыздауға ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, оқиғаға қатысатын мысал кейіпкерлерін өзара әңгімелестіру (диалог) әдісі тұрақты қолданылады. Сөз арқауындағы Шығыстың классикалық өнері дәстүрін тұтынған Базар, Ерімбет,

Омар, Тұрмағамбет, Жүсіп, Шегебай, Сейітжан секілді шайырлардың мысал жанрындағы шығармалары көбінесе ислам тарихындағы жеке тұлғаларды, оқиғаларды арқау ету табиғатына орай олардың осы жанрдағы шығармаларын мысал және хикаят жанрлары түрлерінде атауға болатыны байқалады.

Мысалы, Омар Шораяқұлының «Ақымақтың досы – дұшпан, жақыны – жат», «Шишадан тән айлаған шишты құдірет», «Жәрдемші Жаппар атты жалғыз еге», «Бір пияла май», «Қойшы мен ұры» деген шығармалары мысал мен хикаят түрінде жазылған. Бұл орайда профессор Т. Қожакеевтің «Сатиралық жанрлар» атты еңбегіндегі осындай тектес шығармалар туралы айтқан пікірінің Сыр бойы ақын, шайырларының мысал, хикаяттарын түсінуге бағдары дәйекті: «Кейде мысал бір адамның басында болған хикая деп те жазыла береді. Бірақ мұндай адам туралы жазғанымыз мысал болу үшін оның екінші мағынасы, астарлы пікірі болу керек. Яғни, адам туралы жазылған мысалдарда пікір дәл сол адамның өзі туралы емес, басқа біреулер, басқа бір типтер туралы болады. Осылайша пікірді астарлап, мысалдап, айшықтап айтса, олар да мысал деп саналады» (Қожекеев, 1983: 13).

Сыр бойы шайырларының ішіндегі Иассауи поэзиясының исламдық көзқарастары жүйесінде қалыптасқан сөз иесінің бірі Шораяқтың Омары. Ол ислам тарихындағы көрнекті тұлғалардың Алла жолындағы іс-әрекеттерін баяндай келе, олардың өнегелі жолындағы тағылымның маңыздылығына, мәнділігіне ерекше баға береді. Адамзаттың материалдық және рухани мәдениет айдыны дамуындағы шешуші, ықпалды, бағдарлы түрдегі ислам

қазынасын Омар шығармашылығынан мол ұшырататынымыз сондықтан. Өйткені, хикаят арқылы пайғамбарлар тарихын баяндау адамзат тағдырының белестерін өнеге ете мысалдаудың жарқын үлгісі:

Искендір қос мүйізді Зұлқарнайын,
Дүниені екі айналды Гоһикаптан,
Төрт өліп, төрт тірілді әзірет Ыдырыс,
Иә ерте шықпайды жан, кем сағаттан.
Кинхаға Якуб нәби патша болып,
Кәпірді дұғасымен отқа жаққан.
Нуһының наласымен жердің жүзін,
Қаптап от, топан суы дұға айбаттан.
Қарнында бір балықтың қырық күн
дауам,

Сақталып, Жүніс нәби аман шыққан.
Арамен кесті кәпір Зікірияны,
Түбінде қорғалаған бір дарақтан.
Атасыз Иса туып Мәриямнан,
Тірілген неше өлікті қарамадан.
Дүниеге дүйсенбі күн пайда болып,
Нақ достың алсаң хабар назараттан.
Бір күні таң алдында, мініп пырақ,
Құдайға, Жәбірейілмен

барып қайтқан.

Солардай Хақтың досты әрдайымда,
Айтпақ жөн хикаяны етіп дастан.

(Шораяқтың Омары, 1995: 55).

Аңдатпа. Қазақстан кескіндеме өнеріндегі тарихи тақырыптағы туындылар ұлттық мәдениет пен бірегейлік үшін зор маңызға ие. Олар өткенді жеткізіп қана қоймай, халықтың рухын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бейнелейді. Тарихты жете тануға арналған мұндай шығармалар өткенді тереңірек түсінуге және ежелгі уақытта халқымыз бағалаған құндылықтарды көрсетуге бағытталған. Тарихи туындылар эстетикалық қанағаттануды ғана емес, сонымен бірге өткенге деген рухани қызығушылықты нығайта алады, өз елінің тарихын жете зерттеп, одан әрі тани түсуге шабыттандырады. Олар жаңа ұрпақты тәрбиелеу үшін аса маңызды.

Қазақ хандығы кезеңінің тарихи көріністері көбінесе суретшілер үшін негізгі шабыт нысанына айналды. Тарихи жанрда орындалған көркем туындылар тек шайқастар мен саяси оқиғаларды ғана емес, сонымен қатар тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі қазақ халқының өмірінің әлеуметтік және мәдени аспектілерін де кенеп бетіне түсіріп отырды.

Кілт сөздер: кескіндеме, тарихи жанр, портрет, композиция, қазақ хандығы, ұлттық бірегейлік, рухани жаңғыру.

Кіріспе

Қазіргі заманғы қазақ кескіндемесінің негізгі үрдістерінің бірі – дәстүрлі тақырыптар мен мотивтерде даралық пен бірегейлікті іздеу болып табылады. Суретшілер ұлттық тақырыптардың жаңа, заманауи интерпретацияларын жасауға және дәстүрлі рәміздер мен бейнелерді кенепке көшіруге тырысады. Осылайша, олар өз елінің тарихы мен мәдениетімен өзара байланысын сақтай отырып, өздерінің шығармашылық еркіндігін шектемейді.

Тағы бір маңызды тенденция – кескіндемедегі әртүрлі стильдер мен бағыттарды араластыру. Суретшілер өз шығармашылықтарында классикалық, заманауи және дәстүрлі кескіндеме элементтерін сенімді түрде пайдалана отырып, бірегей және ерекше стиль жасайды. Олар сондай-ақ, әртүрлі техникалар мен материалдармен белсенді тәжірибе жасай отырып, оларға экспрессивтілік пен әсемдік қосады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы қазақ кескіндеме өнері әлемдік өнер

мен мәдениеттердің ықпалына ашық. Суретшілер әлемдік трендтер мен технологияларға қарап, оларды өз мәдениетіне бейімдейді және әлемді жаулап алуға дайын жаңа, ерекше туындылар жасауда. Осылайша, қазіргі заманғы кескіндеме дәстүр мен қазіргі заманды, ұлттық және әлемдік өнерді, даралықты және ұжымдық мұраны біріктіру арқылы оны көрермендер үшін қызықты етіп отыр.

Белгілі өнертанушы Р.Ә. Ергалиева осы кезеңде түрлі бағыттар мен ағымдардың пайда болғанын атап өте келе, суретшілер өз еңбектерінде дәстүрлі мотивтерді, рәміздер мен бейнелерді жеткізуге тырысқандығын да айтады (Ергалиева, 2011: 432).

Қазіргі заманғы қазақ кескіндемесі де халқымыздың мәдениеті мен тарихын заманауи тәсілдермен жеткізуге ұмтыла отырып, осы үрдісті жалғастыруда. Олар сондай-ақ, әртүрлі идеялар мен тұжырымдамалармен белсенді түрде тәжірибе жасап, өз жұмыстарында заманауи шындықты және қазіргі қоғам алдында тұрған қиындықтарды көрсетуге тырысады. Осылайша, қазіргі заманғы қазақстандық кескіндеме керемет шығармашылық көрініс қана емес, сонымен қатар ұлттың мәдени дамуы мен санасының көрсеткіші болып табылады.

Бүгінде аса өзекті болып отырған, ұлттық бірегейлік, тарихи негіз мәселелері бейнелеу өнеріндегі ұлттық мұраларды кескіндеме өнерінде қайта жаңғырту үшін тарихи болмыста қарқынды даму үстінде. Бейнелеу өнері жайлы тың деректерді жинақтау, жүйелеу кезінде тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ тарихи кескіндемесі екі түрлі сипатта көрініс бергендігін айқындадық. Біріншісі портрет жанрында, яғни қылқаламшеберлеріөзшығармаларында

тарихта есімі қалған тұлғалардың келбеттерін жиі бейнелей бастады. Келесі екінші сипаттағы шығармалар қатарына ірі-ірі тарихи оқиғалар бейнеленді. Мұндай монументті композицияларды жасаушыларға қазақ басынан кешірген түрлі қақтығыстарды жандандырып, рухани тұрғыдан қайта жаңғыртуға тырысқан, жаңашыл үрдістерді игерген шығармашылық топ жатады.

Бұлардан бөлек бейнелеу өнерінде этнографизм мен декоративизм әдістері бойынша жұмыс жасаған кескіндемешілер де болды. Мұндай суретшілер өз туындыларында қазақи нақышта бейнеленген кейіпкерлер мен дәстүрлі-тұрмыс салт көріністері негізінде көрермендерге лирикалық және поэтикалық көңіл күйге толы атмосфераны береді. Негізі композицияны құрастыруда олар қарқынды динамика мен әрекеттен гөрі статикалық баяу формаларға бой алдырады. Осының негізінде туындыларда өткенге деген ностальгиялық сипат басымдық танытуда. «Национальная тематика в художественных поисках художников 2000-х гг. приобретает ностальгические интонации. Работы А. Жакыпбекова, К. Ажибекова, Ж. Омирбекова, Б. Тургынбая, М. Каспака – это лирика, поэзия, исторические экскурсы...», – деп өнертану кандидаты А.К. Юсупова осы кезеңдегі бірнеше суретшінің шығармашылығына сипаттама беріп өткен болатын (Ергалиева, 2002: 183).

Қазіргі таңда М. Муллашев, А. Дүзелханов, Д. Әлиев, Ө. Жұбаниязов, Д. Қасымов, Ж. Қайрамбаев, Е. Айтуаров, М. Қаспақ, Қ. Әжібеков, Е. Төлепбай, Қ. Асқаров, Т. Дайрбаев, Н. Қарымсақов, Т. Тілеужанов, Е. Құсайынов, Ә. Бақтыгереев, С. Әлжанов сынды шеберлер тарихи тақырыпта зор

еңбек етіп жүрген суретшілер. Бұл кескіндемешілер жанрларды өзара байланыстырып, тарихи баяндауларға негізделген сюжеттермен қатар, мифологиялық тақырыптарға да қалам сермеген кездері болды. Бұл ерекшелік кескіндемеде жанрдың өзіндік стереотиптерін жойған және де жаңаша түр-сипат әкелген мәселелердің біріне айналды.

Талқылау

Тарихи жанр, оның ішінде тарихи-портреттік жанр қазақ кескіндеме мен мүсін өнерінде ерекше орын алады. Бұл ұлттық мәдениеттің маңызды элементі және тарихи кейіпкерлерді есте сақтауға өз септігін тигізетіні анық. Қазақ билері, әсіресе шешендер, батырлар, хандар Қазақстан тарихында маңызды рөл атқарды және бүгінгі күнге дейін ұлттық құндылығымыздың бір бөлшегі болып табылады. Қазақ өнерінде де, әдебиетінде де шешендер батырлар мен халықтың қорғаушылары ретінде бейнеленіп суреттеледі, бұл келешек ұрпаққа үлгі және ұлттың тарихын мақтаныш көзі ретінде сақтауға көмектеседі. Тарихи қаһармандардың бейнесін дәріптеу жөніндегі 2000 жылдардан бастау алған мемлекеттік бағдарламалар ұлттық мәдениет пен тарихқа деген қызығушылықты арттыруға және көркем шығармашылықты одан әрі дамытуға ықпал етті.

2000 жылдардан бастап қазақ кескіндемесінде билердің бейнесі негізінен портреттік және тарихи оқиғаларға құрылған ірі композициялық шығармаларда көптеп көрініс таба бастады. Алғашқылардың бірі болып, суретші Т. Тоғысбаев пен А. Дүзелханов билер келбетін кенеп бетіне түсірген болатын. Сонымен қатар Н. Қарымсақов, Қ. Әжібеков, Б. Тюлькиев пен

З. Қожамқұлов, Е. Төлепбайдың Тәуке ханның жеті жарғысына байланысты тарихи оқиғаларға құрылған тарихи кенептері де би-шешен, хан, батырлар тақырыбына мысал бола алады.

Қ. Әжібеков пен Е. Төлепбаевтың бірігуімен орындалған «Мәңгілік ел» атты триптихтың «Тәуке хан» деп аталатын бөлігі 17-ғасырда қазақ хандығының ыдырап кету қаупіне байланысты, Тәуке ханның елдегі бірлікті сақтау үшін ойластырған заңы жайлы көрініске негізделген. Бұл туындының негізгі ерекшелігі өскелең ұрпаққа ата-баба тарихын дәріптеу. Тарихи жады арқылы өткен өмірімізде елеулі орын алған тарихи оқиғаны көз алдымызда қайта жандандырады. Мұндағы кейіпкерлердің бейнесінде портреттік нақтылықтан гөрі, кейіпкерлер жүзін шартты түрде бейнелеу әдісі басымдық танытқан. Басты мақсат тұлғалардың жүзін шынайы жеткізу емес, олардың қоғамның дамуына қосқан рөлдерін айшықтап, дәріптеу болып табылады.

Билер бейнесімен қатар кенеп бетінде қазақ елінің басты хандары мен негізгі батырларының келбеті де егемендік алғаннан кейінгі жылдары көптеп көріне бастады. Кенесары, Жәнібек, Абылай, Әбілхайыр хандар, сонымен қатар Махамбет, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Райымбек сынды көптеген ержүрек батырлар, Абай, Шәкәрім, Жамбыл, Дина және Мұқағали сынды ұлы тұлғалар бейнесі кенеп беттерінен орын алды.

Қазақ хандығы тақырыбындағы басты тұлғалардың бірі Абылай хан бейнесін үздік сомдаған қылқалам шебері – Ж. Қайрамбаев. Бұл тарихи портрет жанрында орындалған ең үздік туындылардың бірі. Қазақтың ірі ханы Абылай бейнесі: «Плакаттық негізде шешім тапқан Абылайханның

портреті образдық ерекшелігімен ішкі үндестікке толы. Абылайханның мұндай образдық портреті алғаш Жұмақын Қайрамбаев шығармашылығынан көрініс тапты. Абылайханның дәл осы суретші сомдаған образы өскелең ұрпақтың жадында монументалды, сом әрі асқақ бейнесімен сақталған еді. Бұл туынды халқымыздың тәуелсіздікке қол жеткізген уақытының алғашқы жылдары салынып, елдің рухы мен жанын көтеруде маңызды роль атқарды» (Байтұрсынов, Ыдырыс,.. 2018).

Ия, шынымен де Қайрамбаевтың қылқаламынан туған Абылайдың бейнесі кәсіби деңгейде өте сәтті шыққан. Кенеп бетінен қазақ елінің азаттығы үшін аянбай күресіп, үш жүздің басын бірлік пен ынтымақтастықта біріктірген нағыз хан бейнесін көре аламыз. Қатулы қабағы мен сұрланған жүзі түстер үйлесімі арқылы өте әсерлі шешілген.

Ж. Қайрамбаев Абылай ханның портреттік келбетін жасауда, Ресей жеріндегі Абылай ханның реконструкцияланған бас сүйегі негізінде портретін шынайы салған. Сол себепті де Қайрамбаевтың Абылайының портреттік келбеті шынайы шыққан.

«Суретші тарапынан қазақтың зиялы тұлғаларының портреттік образдарын бейнелеуін, тоқыраудан кейін есеңгіреп қалған халықтың еңсесін көтеруге тікелей бағытталуымен түсіндіруге болады. Осындай сипатта қазақ зиялыларының портреттік бейнесін жасау 1990 жылдары көптеген суретшілер мен мүсіншілердің шығармашылығынан белең алды», (Байтұрсынов, Ыдырыс,.. 2018) дейді өнертанушы мамандар. Иә, өте орынды айтылған пікір. Себебі, шынында да техникалық тұрғыдан жақсы орындалып, идеялық жағынан керемет жеткізілген туындылардан батыр бабаларымыздың тұлғасын көргенде бойыңа ерекше күш-

қуат жиналып, бойыңнан патриоттық сезімнің есіп тұрары ақиқат.

2000-шы жылдардан бастап портреттермен қатар күнделікті сипатта шешілген өткеннің тарихи картинасында бірқатар көлемді композициялар өсе бастады. Тарихи кескіндеменің өсуіне «Қазақстан – 2030», «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» стратегиялары сияқты мемлекеттік бағдарламалар негіз болды. Тарихи тақырыптағы кескіндемелік туындылар Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын насихаттауға және сақтауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бағыттарының біріне айналды. «Қазақстан – 2030», «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел» стратегиялары және басқа да көптеген бағдарламалар тарихи кескіндеме мен ұлттық өнердің басқа да бағыттарын дамыту үшін қуатты серпін болды. Олар суретшілер мен мүсіншілердің алдына Қазақстан тарихы мен ұлттық мәдениетінің рухы мен шын мәнін жеткізетін туындылар жасау міндетін қойды. Салт-дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды сақтауға, келешек ұрпаққа жолдауға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етті.

Тарихи тақырыптағы туындылардағы үшөлшемді композициялардағы ерекше атмосфера түрлі эмоциялар тудырып, көрермендерге өткенге бір сәтке шолу жасауға мүмкіндік туғызады. XX ғасырларда орын алған түрлі жағдайлар қоғамымызға көптеген өзгерістер әкелді. Бұл көріністер бейнелеу өнерінде тарихи жанрда көрініс табады. Ал бұл бағыт өз кезегінде өнер аренасына жаңа есімдердің енуіне түрткі болды. Мысалы: Т. Тілеужанов, Н. Қилыбаев, Б. Мырзахметов, А. Назарқұл, Ә. Жақыпбек, Д. Қастеев, М. Нұрғожин, Қ. Омархан, Е. Ким, Д. Макин, Н. Әлібек, Д. Үсенбаев, Е. Болатхан, А. Нұрғожаев

және тағы да басқа қылқалам шеберлерінің туындыларын атап өтуге болады.

2000 жылдардан бастау алған, ұлттың тарихын, құндылығын, мәдениетін қайта жаңғыртуға арналған, түрлі бағдарламалар және де тарихи тақырыптағы туындыларға деген мемлекеттік тапсырыстардың артуы қазақ бейнелеу өнеріндегі тарихи жанрдың мәртебесін көтере түсті. Осы себепті де қазіргі таңда қазақ бейнелеу өнерінде тарихи жанрдың алатын орны жоғары болып тұр. Осындай сұраныстың артуына байланысты жастардың да халық тарихына, ұлттың сана-сезімін танытатын тақырыптарға деген қызығушылықтары арта түскен. Суретшілер ұлттың қайғысын, өткерген ауыртпалықтарын жүректерімен сезініп, азат ел болу жолындағы батыр бабаларымыздың ерлігіне деген сүйіспеншіліктерінен тарихи тақырыптағы құнды еңбектері туындады. Тарихқа қатысты жазылған шығармалары көбінде үлкен форматты, көп фигуралы келіп, композициялық құрылымы жағынан күрделі, ал тақырыптық мәні мен қозғар идеясы және де түстік үйлесімі жағынан әр түрлі келеді.

Шынында да, Қазақстан тарихы көптеген жарқын және маңызды оқиғаларға бай, ал тарихи кейіпкерлердің бейнелері ұлттық мәдени мұраны сақтау мен көрсетуде шешуші рөл атқарады. Тарихи кескіндеме жанрында жұмыс істейтін суретшілер тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге және дұрыс әрі шынайы тарих негізінде қоғамдық сананы қалпына келтіруге көмектесе алады. Олардың шығармашылығы ұлттық бірегейлік пен ұлттық құндылықтарға деген адалдықты қалыптастырудың күшті құралы бола алады. Алайда, идеологиялық жағдайдағы өзгерістерді

ескере отырып, тарихи оқиғалар мен кейіпкерлерге қатысты шындықты көрсете білуі қажет.

Осылайша, тарихи кескіндеме тарихи жады мен ұлттық мәдени мұраны сақтау мен жеткізуде маңызды рөл атқарады. Бірақ сонымен бірге ол өлшеніп, адамдар өмір сүретін уақыттың әлеуметтік өзгерістері мен идеологиялық талаптарына да дайын болуы қажет шығар. «Халықтың тарихын қазіргі суретшілер шайқастарға, соғыстарға, апаттар мен азаптарға толы өмір суреті ретінде көреді. Тіпті заңдардың орнатылуы, хандардың кездесулері, дәстүрлі рәсімдер туралы жағымды тақырыптарға арналған шығармалар әлі күнге дейін бейнеленген жағдайдың ішкі шиеленісіне барлық қол жетімді бейнелеу құралдарымен ауыртпалық түсіреді» (Культурная парадигма..., 2020: 496).

Монументалист кескіндемеші Аманат Назарқұл тарихи жанрда біраз еңбектер жасады. Бала күнінен суретшілікті армандап, өнерді өмірінің мәніне айналдырған қылқалам шебері өз шығармашылығына, нағыз суреткер болу үшін адамның ішкі әлемі өте мықты болуы керек деген ұстанымды алдыға тартады. А. Назарқұлдың «Томирис», «Түнгі жолаушы», «Скифтер – Кентаврлар», «Азия Бибі», «Үш грация», «Астана – жастар мен білім қаласы», «Қорқыттың үш бұлағы», «Аралды аңсау», «Қасиетті билер елі» атты шығармалары бізге танымал.

А. Назарқұлдың шығармалары өткен замандағы қазақ тарихының жинақталған келбетін жасайтын туындылардың қатарына кіреді. «Қасиетті билер елі» атты монументалды кескіндемеде суретшінің айтуынша трилогия, яғни роман-эпопея сынды туынды. Негізгі көріністе монументалды

келген үш бидің ірі тұлғасы арқылы жалпы қазақ халқының тарихына көз жүгіртіп өткендей боламыз. Суретші билер бейнесін ұлттық нақыштағы көріністермен және де қанық әрі ашық бояу үйлесімдерімен жеткізу арқылы көрерменді бір сәтке сол тарихи кезеңнің атмосферасына бойлауына мүмкіндік береді.

Тарих беттерінде есімдері өшпестей із қалдырған бабаларымыздың негізгі бейнесі арқылы қазақ халқының ауызбіршілігін, бір ауыз сөзге тоқтаған, ақсақалдарын құрмет тұтқан қасиетті ел екендігін әспеттей түсуде. Ортаңғы бөлікте – Тәуке ханның «Жеті жарғысына» қолдау көрсеткен Төле би тұлғасы орын алған. Бір қолын жоғары көтеріп, аспанды меңзеген қалыпта, Жаратушы Тәңірге деген құрметін көрсетуде. Екі жағында басты биге қолдау көрсеткен кейіпте Қазбек би мен Әйтеке би орналастырылған. Осы көріністегі үш бидің сыйластығы мен бір-біріне деген құрмет-іліпатынан жалпы халықтың келбетін көре аламыз. Әр бидің композициялық құрылымға байланысты отырысы, болмысы, түр әлпеті барынша негізгі бейнелерін, тарихи болмыстарын аша түсуде.

Жалпы композициялық құрылым этнографиялық жағынан да, фольклорлық тұрғыдан да, көне тарихпен және сәулеттік ескерткіштермен де өзара байланыста шешім тапқан. Суретші А. Назарқұлов кенеп бетіндегі шаңырақ, жеті қазына атрибуттары, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» сынды түрлі символикалық бейне-көріністер арқылы да қазақ халқының ұлттық бейнесін толық көрсетеді. Сонымен қатар осы символикалық бейнелер негізінде қазақ халқының мал шаруашылығымен айналысқан көшпенді және аңшылық келбетінен де, тұрмыстық салт-

дәстүрлерінен де хабардар етеді. Ұлттық нақышты айшықтауда ою-өрнектермен ойнатылған түстік үйлесімдердің рөлі зор. Жалпы бұл туындыны қарап отырып жастардың сүйіспеншілігін, махаббат, жас отбасы, ұрпақты тәрбиелеу, бата беру, көшпенділер өмірі, құрбандық шалу, күнделікті тұрмыс-тіршілік секілді түрлі тақырыпты қозғауға болады. Монументалды туындының да негізгі бір ерекшелігі осы – тақырып аясының кеңдігінде. Осы қасиетінің арқасында бұл шығарма да суретші тарапынан өте ұтымды шешім тауып отыр деп айтуымызға толық негіз бар.

Туындыны қарап отырып адамға бала кезінен тыңдап өскен жыр-толғаулар, тәлімдік әңгімелер мен оқиғалар, тарихи деректер түрлі әсерлер қалдыратындығын, соның негізінде жадымызда түрлі көріністер қалыптасатындығын бағдарлауға болады. Бұл да бір бейнелеу өнерінің ұжымдық жады аспектісіндегі ерекше орны бар екендігін дәлелдей түседі.

Суретші маманы үшін тарихи болмысты жеткізуде композицияның ішкі сүйегі, яғни құрылымы мықты болуы қажет. Шығарманың ішкі құрылысы дұрыс жинақталғанда, ол көруші көзге де жақсы көрінеді. Монументалды кескіндеме өнерінде үлкен масштабты, пропорцияны сақтау өте маңызды. Себебі мұндай туындылар көпшілікке арналғандықтан ғасырлар бойы үнемі адамзатпен тілдесуді көздеді. Уақыт өте келе тарихи құндылыққа сол себепті де тарихи жад ұғымы негізінде монументтік шығармалардың алар орны ерекше.

А. Назарқұловтың осы тарихи тақырыпты одан әрі жетілдіре түсудегі шеберлігін «Астана жастар мен білім қаласы» (2011) атты реалистік академиялық бағытта салынған монументалды туындысынан байқаймыз.

Кенеп бетінде көпұлтты Қазақстан халқының жинақталған келбеті бейнеленген. Композиция үш бөлімнен құралған. Артқы бөлікте қаз-қатар орналасқан ғимараттың колонналары аяғына нық тұрған тәуелсіз мемлекеттің келбеті мен еліміздің берік тұғырының символы. Туындыда сол егемен елдің бейбітшілігін, тәуелсіздігін, ұлттардың өзара достығын бейнелейтін символдық бейнелер мен негізгі мотивтерінен құралған. Артқы фонда орналасқан Ақ үй, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сынды архитектуралық нысандар өткен заман мен қазіргі уақыттың көрсеткіші. Ұлттық нақыштағы ою-өрнектер қазақи негізімізді танытатын басты атрибуттар болып табылады. Ел президентімен қатар Қазақстанның көк туын өзге елдерде көкке көтеріп, мәртебесін асқақтатып жүрген бокс өнерінің майталманы Г. Головкиннің, әнші, әлем таныған Димаш Құдайбергеновтің, басқа да еңбек сіңірген спортшылар Бейбіт Ыстыбаев, Қанат Ислам сынды бірегей тұлғалардың және басқа да актер, биші, әншілердің бейнесін көре аламыз. Оң жақ бөліктің жоғарғы жағында екі қолын көкке көтеріп, келешек қазақ халқы үшін Ұлы Жаратушыдан дұға тілеген Асан қайғы бейнесі.

«Суретшілердің халқымыздың тағдырындағы өткен өмір жолдарын келешекке ұрпаққа қайта бағыттау үшін көне аңыз-әңгімелерге, дастан-жырларға, ата-бабалар мұрасына, адам мен табиғаттың арасындағы өзара үздіксіз байланыстағы дүниетанымдық ұғымдарға терең сүйене отырып бейнеленген, тарихи тақырыптағы кескіндемелері көрушіні эмоционалдық еркіндікті білдіретін шығармашылық ізденістерімен аса қызығушылық тудыруда. Кескіндеме шеберлері тарихи оқиғаларды тұрмыстық

көріністермен өзара байланыстыру арқылы мотивтер мен символдар тіліне назар аударып, оларды стилистикалық жағынан түрлендіре түседі. Рухани және философиялық тереңдікті қазіргі қоғамның адамгершілік-этикалық мәселелерімен суреттейтін туындыларда баршылық. Мұндай көркем туындылардың стилистикасы мен мазмұны заманауи кескіндеме өнерінің айтары әлі де мол екендігін меңзейді» (Шарипова, Аксакалова,.. 2022: 241–248. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-21>).

Шынында да, тарихи кескіндеме тек тарихи қайта құру ғана емес, сонымен қатар дәстүрлерді жаңартатын және жаңа түпнұсқа элементтерді енгізетін заманауи өнер болуы мүмкін. Суретшілер тарихи оқиғалар мен кейіпкерлерді заманауи экспрессивтіліктің құралы ретінде қолдана отырып, бейнелер мен оқиғаларды қазіргі тенденциялар мен интерпретацияларға сәйкес стильдей алады. Осылайша, олар тарихи мәдениет пен мұраны түсінуге және бағалауға үлкен аудиторияны тарта алады. Сонымен қатар, тарихи кескіндеме адамгершіліктің, әділеттіліктің және адамдық қадір-қасиеттің әмбебап мәселелеріне назар аудара отырып, қазіргі қоғамның моральдық және этикалық мәселелерін білдіре алады. Кескіндеме шеберлері қазіргі заманның маңызды мәселелеріне назар аудару үшін тарихи мұраның символикасы мен мотивтерін де қолдана алады. Осылайша, тарихи кескіндеме дәстүрлі элементтерді жаңа идеялар мен интерпретациялармен үйлестіре алады және бірегей заманауи өнерді жасау үшін өткен мен қазіргі арасындағы маңызды көпір бола алады.

Батырлық пен ұлылық культі қазақ тарихи мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және ол қазіргі

заманғы кескіндемеде көрініс табады (Оразқұлова, 2014: 384).

Суретшілер сол кездегі кейіпкерлер мен оқиғалардың күші мен энергиясын жеткізу үшін дәстүрлі элементтерді жаңа идеялар мен әдістермен біріктіреді. Суретшілер тарихтағы ұлы жеңістер мен жетістіктерге баса назар аудара отырып, кейіпкерлердің маңыздылығы мен ұлылығын көрсету үшін ашық түстерді, динамикалық композицияларды және мәнерлі қылқалам жағыстарын пайдаланады. Сонымен қатар, олар белгілі тарихи оқиғалар мен кейіпкерлердің тарихын қайта қарап, жете зерттеп, оларды қазіргі аудиторияға жаңа қырынан таныстырады. Осылайша, тарихи тақырып қазіргі заманғы суретшілер үшін маңызды шабыт көзі болып қала береді, олар оны дәстүрлі және заманауи элементтерді біріктіретін және әлемдік контексте мәдениеттің маңыздылығына назар аударатын бірегей және ерекше өнер туындыларын жасау үшін пайдаланады.

Қазіргі кезде қазақ бейнелеу өнерінде батырлық культқа негізделген тақырыпты ерекше жеткізуші суретшілердің бірі Дәурен Қастеев. Оның «Шайқас алдындағы таң» (1998), «Туған жер үшін опат болған қазақ жауынгерлеріне арнау. Аңырақай шайқасы» (2012), «Ақтабан шұбырынды» триптихы (2016), «Қабанбай батыр» сынды ең үздік туындыларын атап өтуге болады.

Жас суретшінің «Шайқас алдындағы таң» шығармасында шайқас алаңына бағыт алған атты жауынгерлер көрініс тапқан. Алдыңғы бөліктің ортаңғы тұсынан сәл солға қарай түрі сұсты, қабағы қатулы, қаруланған жас сарбаз орын алған. Осы бас сарбаздың артқы бөлігінде бірнеше сарбаздың бейнесі көрінуде. Одан әрі кенептің артқы

бөлігінің оң жақ тұсына қарай ығыса орналасқан қалған көп сарбаздардың найзалары мен сұлбалары ғана байқалады. Бас сарбаздың бейнесі өте ұтымды шешілген. Кіндік қаны тамған елі мен жерін, соңғы демі шыққанша қорғауға даяр нағыз ержүрек, батырдың тұлғасы. Жауынгер мен астындағы атының көз жанарлары тікелей көрерменге бағытталып, қайтпас қайсарлықтың нышанын білдіргендей.

Шығармадағы таңғы тұманның түсіне айналған суық көк түстер мен жылқылар бейнесіндегі қою қоңыр бояу түстері көріністегі басты көңіл күйді барынша айқын жеткізуде. Суретші өзінің осы туындысы жайлы былай деген: «Шайқас алдындағы таң» атты шығарма арқылы жауынгер бейнесін көрсеткім келді. Ол жас, бірақ көзінен жеңілістің де нағыз жеңістің де дәмін татқандығы көрініп тұр. Оған зор үмітпен туған жері мен елі сенім артуда. Суық жаңбыр, тау, жайлау, шайқасқа қайтып келуге үміт етіп кеткен жауынгерлер көріністері арқылы сол уақыттың атмосферасын жеткізгім келді. Шығармадағы көгілдір түс шайқас алдындағы тазаруды білдіреді» (https://tengrinews.kz/picture_art/vnuk-abilhana-kasteeva-predstavil-raboty-vyistavke-550-277684). Оқиғаға сай қауіп-қатер мен алда күтіп тұрған нағыз сұрапыл соғыстың бейнесін де суретші осы бояулар үйлесімі арқылы шебер жеткізуде. Кенептің астыңғы және жоғарғы бөлігіндегі жоғары төмен бағытталған бояулар жағысы арқылы, бойлары қорқыныш сезімінен біржолата ада болған жауынгерлердің, қайнаған соғыс ортасына өздеріне деген нық сеніммен аттанып бара жатқандығының белгісіндей.

Суретші ұлттық мұрамызға, ұлттық негізімізге айналған жауынгерлер киімі мен қару-жарақтарын, ат әбзелдерін

бейнелеуде кішігірім элементтерге дейін аса қатты көңіл аударады. Аса шеберлікпен өрнектелген ою-өрнектер туындыға ұлттық сипат беруде.

Д. Қастеевтың жауынгерлік тақырыптағы келесі бір үздік туындыларының бірі «Қабанбай батыр» атты портреттік жұмысы. Ат үстінде отырған, Қаракерей руынан шыққан Қабанбай батыр бейнесін суретші тік форматта төменнен жоғары бағытталған ракурста береді. Сол арқылы қазақтың атақты бас батырының тұлғасы өте керемет шешілген. Бас кейіпкердің көз жанары бұл туындыда тікелей көрерменге емес, басы кенептің оң жақ бөлігіне бағытталып, көз жанары алыс қиырға назар салуда. Ал тұлпарының басы сол жақ төменгі бөлікке бағытталуда. Кезінде үлкен өгіздей қара қабанды өлтіріп, «Қабанбай» атанған батыр тұлғасында қайсарлық та, батылдық та, күш пен жігер де толып тұр. Астындағы мінген атының өзі батырға сай. Суретші жылқының анатомиялық сипатын өте әсерлі сипаттаған. Қимыл-қозғалысы, бұлшық еттері, желмен желбіреген жалы, бойындағы күш-қайраты бәрі нағыз батырға сай тұлпар екендігін айқын көрсетіп тұр. Суретші Д. Қастеев өз туындыларында ұлттық нақышқа толы заттарға, кішігірім детальдардың, элементтердің өзіне аса көңіл аударады. Шығармаларының басты мақсаты да – ұлттық негізді, ұлттық идеяны, тәуелсіз елдігімізді көрсету болып табылады.

Қылқалам иесінің «Батыр бабалар» атты композициясы қазақ тарихындағы орын алған «Аңырақай шайқасы» оқиғасына арналған. Суретші кенеп бетінде қазақтың ұлы батырларын ұрыс алаңында суреттейді. Жалпы туындыны үш негізгі бөлікке бөліп қарастыруға болады. Бірінші бөлікте, композицияның дәл алдыңғы шебінде

қазақ жауынгерлерінің шабуылына төтеп бере алмай, жерге атымен қоса жығылып құлаған жау жоңғар бейнесі. Өзіне тап берген ақбоз атты қазақ батырының қылышынан қорғанудан басқа шарасы қалмаған. Кенептің екінші бөлігінде кіндік қандары тамған туған жерлері үшін, елі мен халқы үшін жауларымен аянбай күрескен батыр бабаларымыздың бейнесі орын алған. Ал үшінші бөлікте аспан әлемі. Аспан бейнесіндегі күңіренген қою бұлттарда жер бетіндегі сұрапыл шайқас бейнесін қайталап тұрғандай, кеуделері ашу-ызаға толған қазақ батырлармен қоса күңіренуде.

Суретші жауға шапқан батырлар мен аттардың іс-әрекеттерін, күш-қайраттарын ерекше әсерлі етіп жеткізген. Сол себепті де кенеп бетіндегі оқиға аса шынайы әрі әсерлі суреттелген. Алдыңғы шептегі құлап жатқан жау мен оның аты, артқы жақтан шауып келе жатқан қазақтардың күшін тежеп, туындыдан шығып кетпеуіне себепкер болып тұр. Композициядағы ақ ат пен қара аттың түсі шығармадағы әділдік пен қара күштің белгісін көрсетіп, композициядағы өзара теңдіктің де сақталуына әсер етуде. Басты фигуралардың формасы ортаңғы бұрышы төменге бағытталған үшбұрышты композицияға құрылған. Ал төменге бағытталған үшбұрыш символикада от белгісі мен ер азаматтың физикалық және рухани күшін білдіреді екен. Бұл экспрессия мен динамикаға толы композицияның ортаңғы нүктесі ақ боз атты қазақ батыры болып табылады. Себебі, көрушінің басты назары осы фигураға бағытталуда. Жалпы бұл туынды суретшінің айтуынша «Аңырақай шайқасына» қатысқан барша қазақ батырларының ерлігіне арналады. Яғни, бұл суретшінің батыр

бабаларымыздың рухына деген тағзымы мен ерен ерліктеріне деген құрметінен туындаған шығарма. Осы композицияға «Қазақ батырлары» деген туындысы да мағыналық жағынан ұқсас.

Суретші Құмар Омарханның туындылары композициялық құрылымымен, түстік үйлесімімен, бейнелердің портреттік келбетін дәл жеткізумен ерекшеленеді. Осындай ерекше орындалған туындыларының бірі – «Назым батыр» (2019 ж.). Назым батыр – бұл Қабанбай батырдың туған қызы. Анасы да ержүрек батыр болған (Гауһар батыр). 18 ғасырда әкесі Қабанбай батырмен бірге қазақ-жоңғар соғысына бірге қатысып, ержүрек батыл қыз туған жерін қорғаған. «Абылай хан тұсында Жаңақорғанды алу үшін сойыл, шоқпарсыз жау зеңбірегіне жүрексіңбей шапқан ерлігімен ел есінде қалған. Жоңғар тағының мұрагері Цевен Доржы тұрған төбеге қарай басында үкілі кәмшат бөркі бар, ақ боз атты бір қыз бала «Қабанбай! Қабанбай!» деп ұран тастап, суырылып шығады. Қыздың қолында не найза, не сойыл жоқ, бар болғаны қамшы ғана» (<https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/erligimen-elge-tanylgan-qazaq-qyzdary-turaly-bilesiz-be-2889/#gsc.tab>). Міне тарих беттерінде қазақтың батыр қыздары туралы осындай құнды мәліметтер сақталған екен.

«Назым батыр» туындысында суретші қазақтың ержүрек батыр қызын соғыс алаңында, жауға садақ тартқан қалпында бейнелейді. Кенептің оң жақ шетінен шаңға оранған ұрыс даласындағы жауынгерлердің сұлбасы көрінеді. Өзге жауынгерлерді сұлбалап, бұлыңғыр етіп суреттеу арқылы суретші Назым батырдың негізгі кейіпкер екендігін аңғартады. Ал батырлардың астарындағы аттарының қозғалысы

кенептің оң жағынан сол жағына қарай бағытталуынан, сонымен қатар аспан әлеміндегі бұлттардың қозғалысы жоғарыдан төменге бет бұруынан, туындыдағы үлкен динамика мен экспрессия көрсетіледі. Ал көрініске алдыңғы жақтан түскен жарық пен артқы фондағы бұлыңғырлық, Назым батыр мен оның атының қимыл-қозғалысын одан әрі әсерлей түсуде. Жалпы шығармада тереңдік жоқ, себебі композиция ауалық перспективаға құрылған.

Суретші шығармасындағы алдыңғы бөлік қара көк, қанық қызыл, алтын сары түсті өте қанық бояулар үйлесімінде берілсе, артқы фон ашық әрі бұлыңғыр келген сары, қоңыр, ашық көк бояу түстерінде шешім тапқан. Назым батыр бейнесіндегі қанық қызыл түс соғыстың, қан-төгістің, ашу мен ызаның, батырлық пен қайсарлықтың белгісін көрсетуде. Ал желдей есіп, алдыға ұмтылған жылқы бейнесіндегі қара көк түс еркіндіктің, бостандықтың символына айналада. Бұл ойымызды артқы фондағы аспан бейнесі де дәлелдейді. Аспанды қанша бұлт торласа да, артқы жағы ашық екендігін көреміз. Яғни көп ұзамай қазақ халқының бұл жорықта жеңіске жетіп, еркін азат ел болатындығынан хабардар етуде. Жалпы, автор бұл туындысы арқылы қазақ жерінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін тек ер азаматтарының ғана емес, сонымен қатар ержүрек батыр аруларының да тер төккенін паш етеді. Себебі көпшілік Қабанбайдың Назым деген батыр қызы, Гауһар деген батыр жары болғандығын біле бермейді.

Қорытынды

Шынында да, қазіргі қазақ суретшілері өз шығармаларында көркем тілге және оның философиялық контекстіне үлкен мән береді. Олар өз

ойлары мен эмоцияларын жеткізу үшін бейнелеу өнерінің әртүрлі әдістерін, материалдары мен элементтерін пайдаланады. Суретшінің жұмысындағы негізгі аспектілердің бірі – шығарманы жасауға деген белгілі бір философиялық көзқарасының болуы. Бұл қасиет суретшілерге дәстүрлі және заманауи элементтерді шебер үйлестіруге, сондай-ақ қазіргі қоғамдастықтың өмірлік ұстанымы мен міндеттерін білдіретін бірегей өнер туындыларын жасауға мүмкіндік береді.

Егемен Қазақстанның бейнелеу өнерінде еліміздің қоғамдық санасы дамуының іргелі үрдістері көрініс тапты, қазіргі заманғы ұлттық руханияттың мейлінше ауқымды идеялары мен мағыналары сыналды және көркемдік тұрғыдан өзгерді. Оның негізі – ұлттық келбетімізді өзін-өзі тануға деген белсенді ұмтылыс, ұлттық идеяны қалыптастыру және әлемдік көркемдік аренаға шығудың қуатты қажеттілігі болып табылады.

Қазіргі қазақ суретшілері өз туындыларының контекстік мазмұнын композициялар, түстер, пішіндер мен текстуралар арқылы жеткізеді. Олар тарихи оқиғалар мен күнделікті көріністер бар картиналар жасайды, бірақ семантикалық субтекст біздің ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарымен үйлесетін болмыстың өзекті мәселелеріне негізделген. Суретшілер өз ойлары мен эмоцияларын көрерменге жеткізу үшін әртүрлі стильдер мен әдістерді пайдаланады. Олар өз жұмыстарында ата-бабаларымыздың дәстүрлері мен қазіргі заманды біріктіріп, ерекше өнер туындыларын жасайды.

Ежелгі аңыздар мен дастандарға терең сүйене отырып бейнеленген суретшілердің тарихи тақырыптағы картиналары көрерменнің қызығу-

шылығын тудырады және эмоционалды еркіндікті білдіретін шығармашылық ізденістерге назар аударады. Мұндай шығармалардың стилі мен мазмұны қазіргі заманғы кескіндеме өнерінің әлі де айтары бар екенін және бұл біздің ұлтымыздың өткені мен болашағы арасындағы тамаша көпір болуы мүмкін екенін көрсетеді. Олардың шығармалары дәстүрлер мен қазіргі заманды біріктіреді, біздің қоғамның моральдық-этикалық мәселелерінің рухани және философиялық тереңдігін бейнелейді және заманауи кескіндеменің мүмкіндіктерін меңзеп, мотивтер мен рәміздерді стилистикалық түрде өзгертеді.

Қазақ хандығы кезін бейнелеу арқылы суретшілер көрерменге осы ұлы тарихи тұлғалардың өмірі мен билігі туралы көптеген ақпарат береді. Біріншіден, хандардың көркем бейнесі олардың келбеті мен сипатын, сондай-ақ олардың қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайы мен рөлін көрсетуге көмектеседі. Екіншіден, хандардың өмірі мен билігін бейнелеу олардың соғыстар, басқа мәдениеттермен келіссөздер, сондай-ақ сол кездегі қазақ қоғамындағы ішкі саяси және әлеуметтік өзгерістер сияқты маңызды тарихи оқиғаларын жеткізуге өз ықпалын тигізуде. Сондай-ақ, қазақ хандарының бейнесі арқылы суретшілер өздерінің жеке өмірлерін, өз заманының басқа билеушілерімен және көрнекті қайраткерлерімен байланыстарын да көрсетуді көздейді. Мұның бәрі келешек ұрпаққа осы тарихи тұлғаларды және олардың қазақ мәдениеті мен тарихы үшін сіңірген еңбегін тереңірек түсінуге көп мүмкіндік береді деп сенеміз. Суретшілер қазақ хандығы дәуірін бейнелей отырып, олардың қызметінің өзектілігі мен маңыздылығын атап өтіп, ұлттық және мәдени бірегейлікті

қалыптастыруға өз үлестерін қоса алады, сондай-ақ халық арасында қазақ тарихы мен мәдениетіне деген білім мен қызығушылықты одан әрі өрбітеді.

Қазақ суретшілерінің қазақ елінің ұлттық келбетін аңсау, қайта жаңғырту элементтері мыналар: көш символына айналған түйе, жүкүстінебуылған киіз үй, қыран құс, құмай тазы, кейіпкерлердің үстіндегі ұлттық костюмдер, соның ішінде, әсіресе әйелдердің қос етек көйлектері, бастарындағы әшекейленген сәукеле, кимешек; ер кісілердің бөрік, шапаны, хандар мен би-сұлтандардың ұлттық нақыштағы киімдері, бесік, қобыз және еліміздің дамуы мен көркеюіне үлес қосқан ірі тұлғалардың бейнесі. Тарихи жанрда көрініс тапқан осындай жекеленген детальдар ұлттық, еркіндік, тәуелсіздік идеяларын алға шығарып, кенеп бетінде қазақтың жүріп өткен өзіне тән дәстүрлі жолын қайта қалыптастыруға, келер ұрпаққа мәдени-рухани мұра қалдыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері үздіксіз әрі қарқынды қозғалыста дамуда. Үздіксіз шығармашылық тәжірибе процесінде тарихи және тұрмыстық жанр ұлттық дүниетанымның ерекше мәнер мен стилистикасы, пластикалық және көркем тәсілдері өзара қатар көрініс табуда. Сондай-ақ кескіндеменің жанрларының, бағыт-бағдарларының алуан түрлілігі Қазақстандағы заманауи көркемдік процестің үнемі ізденісте екендігін айшықтайды. Осы арқылы қазақ суретшілері ұлтымыздың тарихи мұрасын сақтап, оны жаңа ұрпаққа береді және сол арқылы біздің мәдени жадымызды сақтайды. Сонымен қатар, олар алдыңғы ұрпақ мұрасы мен өмірдің жаңа тенденцияларын қамтитын жаңа өнер жасайды.

Қазіргі суретшілер өз жұмыстарында ата-бабаларының дәстүрлері мен мұраларын сақтауға үндеу арқылы ұлтымыздың мәдени жадын сақтауға және оның болашақта дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Ергалиева Р.А. Этническое и эпическое в искусстве Казахстана. – Алматы, Жибек жолы, 2011 – 432 с. ISBN 978-601-294-064-0.
2. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Алматы, «Гылым», 2002. С.183.
3. Байтұрсынов Ө.Б., Ыдырыс З.А. Қылқалам шеберінің дара жолы. Қазақстан. 19 қыркүйек, 2018.
4. Культурная парадигма «Мәңгілік Ел» и глобализация искусства Казахстана. Алматы: Press CO, 2020. - С. 496.
5. Шарипова Д., Аксакалова Ж. (2022). Заманауи Қазақстан кескіндемесіндегі тарихи тақырыптың жаңғыруы. Keruen, 76(3), 241–248. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-21>
6. Оразқұлова Қ.С. Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау: Монография. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014, 384 б.
7. Внук Абиляхана Кастеева представил работы на выставке к 550-летию Казахского ханства. Tengrinews. 13 июля 2015, 18:46 https://tengrinews.kz/picture_art/vnuk-abilhana-kasteeva-predstavil-raboty-vyistavke-550-277684
8. Ерлігімен елге танылған қазақ қыздары. Islam.kz – ұлттық, рухани-ағарту сайты. <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/erligimen-elge-tanylgan-qazaq-qyzdary-turaly-bilesiz-be-2889/#gsc.tab>

References

1. Ergalieva R.A. Etnicheskoe i epicheskoe v iskýsstve Kazahstana. – Almaty, Jibek joly, 2011 – 432 s. ISBN 978-601-294-064-0.
2. Ergalieva R.A. Etnokýltýrnye traditsii v sovremennom iskýsstve Kazahstana. Almaty, «Gylm», 2002. S.183.
3. Baitursynov Ó.B., Ydyrys Z.A. Qylqalam sheberiniń dara joly. Qazaqstan. 19 Qyrkúiek, 2018.
4. Kýltýrnaia paradigma «Máńgilik El» i globalizatsiia iskýsstva Kazahstana. Almaty: Press CO, 2020. - S. 496.
5. Sharipova D.S., Axakalova Zh.A. Modernization of the historical theme in the painting of modern Kazakhstan. Keruen, 76(3), 241–248. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-21>
6. Orazqulova Q.S. Qazaq sýretshileri shyǵarmashylyǵyndaǵy arhetiptik obraz ben ujymdyq beisana: mádeni-filosofialyq taldaý: Monografiia. – Almaty: «Karataý KB» JShS, «Dástúr», 2014, 384 b.
7. Vnýk Abilhana Kasteeva predstavil raboty na vystavke k 550-letuí Kazahskogo hanstva. Tengrinews. 13 úýlia 2015, 18:46 https://tengrinews.kz/picture_art/vnuk-abilhana-kasteeva-predstavil-raboty-vyistavke-550-277684
8. Kazakh girls recognized in the country for their courage. Islam.kz -national, spiritual and educational website. <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/erligimen-elge-tanylgan-qazaq-qyzdary-turaly-bilesiz-be-2889/#gsc.tab>

Аксакалова Ж.А.¹

¹Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова
г. Алматы, Казахстан
e-mail: nurbinur_86@mail.ru

ОТРАЖЕНИЕ В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Аннотация. Произведения исторической тематики в живописи Казахстана имеют большое значение для национальной культуры и идентичности. Они не только передают прошлое, но и отражают дух народа, его традиции и обычаи. Такие произведения, призванные досконально познать историю, направлены на более глубокое понимание прошлого и отражение ценностей, ценимых нашим народом в древности. Исторические произведения способны укрепить не только эстетическое удовлетворение, но и духовный интерес к прошлому, вдохновить на более глубокое изучение и дальнейшее признание истории своей страны. Они особенно важны для воспитания нового поколения.

Исторические сцены периода Казахского ханства часто становятся основным источником вдохновения для художников. Художественные произведения, выполненные в историческом жанре, отражали не только сражения и политические события, но и социальные и культурные аспекты жизни казахского народа в разные периоды истории.

Ключевые слова: живопись, исторический жанр, портрет, композиция, Казахское ханство, национальная идентичность, духовное обновление.

Aksakalova Zh.A.¹

¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art
Almaty, Kazakhstan
e-mail: nurbinur_86@mail.ru

REFLECTION IN THE VISUAL ARTS OF THE HISTORY OF THE KAZAKH KHANATE

Abstract. The works of historical themes in the painting of Kazakhstan are of great importance for national culture and identity. They not only convey the past, but also reflect the spirit of the people, their traditions and customs. Such works, designed to thoroughly understand history, are aimed at a deeper understanding of the past and reflection of the values valued by our people in ancient times. The historical works can strengthen not only aesthetic satisfaction, but also spiritual interest in the past, inspire a deeper study and further recognition of the history of their country. They are especially important for the education of a new generation.

The historical scenes from the period of the Kazakh Khanate often become the main source of inspiration for artists. The works of art made in the historical genre reflected not only battles and political events, but also social and cultural aspects of the life of the Kazakh people in different periods of history.

Keywords: painting, historical genre, portrait, composition, Kazakh Khanate, national identity, spiritual renewal.

Автор туралы мәлімет:

Ақсақалова Жазира Асылбекқызы, өнертану магистрі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері.

Сведения об авторе:

Аксакалова Жазира Асылбековна, магистр искусствоведения, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова.

Information about the author:

Aksakalova Zhazira Asylbekovna, Master of Art History, Researcher of M.O. Auezov Institute of Literature and Art.

Мұхтар Қожа¹¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан

e-mail: mukhtar_kozha@mail.ru

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ҮШ ХАТЫ

Қайбір отар елді алып қарамасақ та өзінің тәуелсіздігіне, егемендігіне бірден қол жеткізе алмайды. Қызыл империя дәуірінде еңбек етіп, XX ғ. соңғы ширегінде басылып қалған қазақтың ұлттық сана-сезімін, рухын қайта ояту бағытында жұмыс жасаған тұлғалар көп болмады. Осылардың қатарына Өзбекәлі Жәнібековті жатқызуға болады. Ұлт мүддесі үшін атқарған еңбегі ұшан теңіз. Өзаға кез келген қызметте сол атқарған жұмыстарын пайдалана отырып, ұлттық мәдениеттің түрлі салаларын жаңғыртуға, дамытуға атсалысқаны белгілі.

Желтоқсан көтерілісінен кейінгі шовинистер ызғары есіп тұрған кезде Өзағаның қазақ тілінің жанашырларын қолдауға, репрессияға ұшыраған зиялыларды ақтауға берген көмегі көпке аян. Мені сол кезде таңғалдырғаны және есімде сақталғаны – Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы бола тұра жасаған ресми баяндамасында «Шалқайғанға шалқай – ол құдайдың ұлы емес, еңкейгенге еңкей – ол әкеңнің құлы емес», деп оқырмандарға арнаған жолдары еді. Өз басым бұны ағаның қазаққа мойымай, еңсеңді тікте, басқалармен тең ұста деп жігерлендіретін, рух беретін ашық үндеуі деп ұқтым. Менен басқа да оқырман осылай түсінген болар деген ойдамын. Желтоқсан көтерілісіне орай Мәскеу шығарған «Қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулы күшінде тұрған кезде мұндай жанкешті қадамға жүрек жұтқан адам ғана бара алатын деп ойлаймын. Бұл мысал да Өзағаның қазақты қаншалықты қиын кезде де өрге сүйреген қайсар қайраткер екенін көрсетіп тұр.

Өзағамен алғаш жүздескен сәтім Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм (қазір Отырар) ауданының орталығы – Шәуілдірде орналасқан Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне 1988 жылы жұмысқа ауысқан

соң болды. Кіндік қаны тамған жері – Шәуілдірге келген сайын музейге, Арыстанбаба соқпай кетпейтін. Менің ешқандай туыстық байланысым болмаса да аталған нысандарды аралағанда, Шәуілдірдегі ағайын-туысқанның үйіне,



Сур. 1. Ө. Жәнібековтің анасына қойған құлпытасы.

Темір ауылындағы байырғы сыйлас таныстарына кіріп шыққанда, киелі орын Бестораңылға барғанда да мені қасына ертіп алып жүретін.

Осы кездесулер барысында Өзағаны жаңа тұрғыдан таныдым, адами қасиеттеріне тәнті болдым. Шәуілдірге әрбір келгенінде Арыстанбаб кесенесіне кіріп шығатын және сол мазараттағы анасының бейітіне құран білетін адамды ертіп алып дұға оқытуға жеке баратынды. Кейін сол бейітті арнайы іздеп барып көрсем белгі ретінде Маңғыстаудың ұлутасынан ойып жасатқан құлпытас қойдыртқан екен. Тас беттері өсімдік, геометриялық өрнектермен нақышталған және оның бір қырындағы «Қаныша Томашқызы 1869-1936 жж.» деген жазу астына «Сенің жарқын бейнең ұлыңның жүрегінде мәңгі сақталады»

